



BAITEREK

**«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі»
акционерлік қоғамы**

**Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына
сәйкес шоғырландырылған қаржылық есептілік және
Тәуелсіз аудиторлардың аудиторлық есебі**

2017 жылғы 31 желтоқсан

МАЗМҰНЫ

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ЕСЕБІ

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп	1
Пайда немесе залал туралы шоғырландырылған есеп	2
Жиынтық табыс туралы шоғырландырылған есеп	3
Меншікті капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп	4
Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп	6

Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер

1	Кіріспе	8
2	Холдинг өз қызметін жүзеге асыратын экономикалық орта	10
3	Есептік саясат қағидаттарының қысқаша мазмұндамасы	10
4	Есептік саясатты қолданудағы маңызды есеп айырысу бағалаулары және кәсіби пайымдар	24
5	Жаңа есептік ережелер	25
6	Ақша қаражаттары мен оның баламалары	35
7	Өзгерістері кезең ішіндегі пайданың немесе залалдың құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын қаржы құралдары	38
8	Банктердегі қаражат	40
9	Клиенттерге берілген кредиттер	43
10	Сату үшін қолда бар инвестициялық бағалы қағаздар	50
11	Қаржылық жалға алу бойынша дебиторлық берешек	53
12	Қауымдасқан және бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар	58
13	Инвестициялық мүлік	58
14	Негізгі құралдар	59
15	Материалдық емес активтер	60
16	Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер	61
17	Өзге қаржы активтері	62
18	Өзге активтер	64
19	Клиенттердің қаражаты	66
20	Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	66
21	Субординаторлық борыш	69
22	Банктерден және өзге де қаржы институттарынан алынған қарыздар	70
23	Қазақстан Республикасының Үкіметінен алынған қарыздар	71
24	Өзге қаржылық міндеттемелер	73
25	Өзге міндеттемелер	73
26	Акционерлік капитал	74
27	Пайыздық кірістер мен шығыстар	75
28	Комиссиялық табыстар мен шығындар	75
29	Өзгерістері кезең үшін пайда немесе залал құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын қаржы активтерімен жасалатын операциялардан таза залал	76
30	Шетелдік валютамен операциялардан болатын таза пайда	76
31	Өзге операциялық табыстар	76
32	Кредиттік сипаттағы өзге активтер мен міндеттемелердің құнсыздануы үшін резерв	77
33	Әкімшілік шығыстар	77
34	Табыс салығы	77
35	Қаржылық тәуекелдерді басқару	81
36	Шартты міндеттемелер	90
37	Қаржы активтері мен қаржы міндеттемелерін өзара есепке жазу	91
38	Туынды қаржы құралдары	94
39	Әділ құн	95
40	Қаржы құралдарын бағалау санаттары бойынша ұсыну	108
41	Байланысты тараптармен операциялар	111



«КПМГ Аудит» жауапкершілігі
шектеулі серіктестік
050051 Алматы, Достық д-лы 180,
Тел./факс 8 (727) 298-08-98, 298-07-08

Товарищество с ограниченной
ответственностью «КПМГ Аудит»
050051 Алматы, пр. Достык 180,
E-mail: company@kpmg.kz

Тәуелсіз аудиторлардың есебі

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Акционеріне және Директорлар кеңесіне

Пікір

Біз 2017 жылдың 31 желтоқсанындағы қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есебінен, көрсетілген күні аяқталған жыл бойынша пайда немесе залал және басқа жиынтық табыс, меншікті капиталдағы өзгерістер және ақша қаражаттарының қозғалысы туралы шоғырландырылған есептерден, сондай-ақ, есеп саясатының маңызды тұжырымдамалары мен басқа түсіндірмелі ескертпелерден тұратын «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ (әрі қарай, «Холдинг») және оның еншілес компанияларының шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудитін жүргіздік.

Біздің пікірімізше, шоғырландырылған қаржылық есептілік Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына («ҚЕХС») сәйкес барлық елеулі қатынастарда Холдингінің 2017 жылдың 31 желтоқсанындағы шоғырландырылған қаржылық жағдайын және көрсетілген күні аяқталған жыл бойынша шоғырландырылған қаржылық нәтижелерін және шоғырландырылған ақша қаражаттарының қозғалысын әділ көрсетеді.

Пікір білдіруге негіздеме

Біз Аудиттің халықаралық стандарттарына сәйкес аудит жүргіздік. Осы стандарттар бойынша біздің жауапкершілігіміз одан әрі есебіміздің «Шоғырландырылған қаржылық есептілік аудитіне аудиторлардың жауапкершілігі» бөлімінде сипатталған. Біз Бухгалтерлерге арналған халықаралық әдеп стандарттары Кеңесінің кәсіби бухгалтерлерге арналған әдеп кодексіне («БАХӘСК кодексі») және біздің шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудитіне тиісті Қазақстан Республикасында қолданылатын әдептілік талаптарға сәйкес Холдингқа қатысты тәуелсіз болып табыламыз және біз басқа да әдептілік міндеттемелерді аталған талаптар мен БАХӘСК кодексіне сәйкес орындадық. Біз алған аудиторлық дәлелдер біздің пікірімізді білдіруге негіздеме болуға жеткілікті және тиісті деп есептейміз.



Шоғырландырылған қаржылық есептілік үшін Басшылық пен басқару өкілеттілігіне ие тұлғалардың жауапкершілігі

Басшылық ҚЕХС-ға сәйкес шоғырландырылған қаржылық есептіліктің дайындауы мен әділ ұсынылуына және де алаяқтық әрекеттер немесе қателіктер салдарынан елеулі бұрмаланбаған шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау үшін басшылық қажет деп анықтайтын ішкі бақылау жүйесіне жауапты.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындауда басшылық Холдингінің үздіксіз қызметін жалғастыру қабілетін бағалау, сәйкес жағдайларда үздіксіз қызметке қатысты мәселелерді ашып көрсету және басшылық Холдингі жауып тастауға немесе оның операцияларын тоқтатуды ниеттеніп отырған немесе одан басқа нақты балама нұсқасы болмаған жағдайларды қоспағанда бухгалтерлік есептің үздіксіз қызмет негізін қолдану үшін жауапты.

Басқару өкілеттілігіне ие тұлғалар Холдингінің шоғырландырылған қаржылық есептілігін дайындауды қадағалауға жауапты.

Шоғырландырылған қаржылық есептілік аудитіне аудиторлардың жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз шоғырландырылған қаржылық есептіліктің толығымен алаяқтық әрекеттер немесе қателіктер салдарынан елеулі бұрмаланбағандығы туралы ақылға қонымды сенімділік алу және де біздің пікіріміз енетін аудиторлардың есебін шығару. Ақылға қонымды сенімділік жоғары дәрежедегі сенімділікті білдіреді, бірақ Аудиттің халықаралық стандарттарына сәйкес сәйкес жүргізілген аудит бар болған кездегі елеулі бұрмалануларды әрқашан табатындығына кепіл болып табылмайды. Бұрмаланулар алаяқтық әрекеттер немесе қателіктердің нәтижесі болуы мүмкін және де егер олар жеке немесе жиынтық түрінде осы шоғырландырылған қаржылық есептілік негізінде қабылданатын экономикалық шешімдерге ықпал етуі негізді түрде жорамалданса, маңызды болып саналады.

Аудиттің халықаралық стандарттарына сәйкес сәйкес жүргізілген аудит шеңберінде біз кәсіби пайымдауды қолданамыз және аудит бойы кәсіби күмәншілдікті сақтаймыз. Одан бөлек біз келесілерді орындаймыз:

- Алаяқтық әрекеттер немесе қателіктер салдарынан шоғырландырылған қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелін анықтаймыз және бағалаймыз және де осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық рәсімдерді әзірлейміз және өткіземіз және де біздің пікірімізді білдіру үшін негіз болатын жеткілікті және тиісті аудиторлық дәлелдер аламыз. Алаяқтық әрекеттер нәтижесінде елеулі бұрмалануларды анықтамау тәуекелі қателіктер нәтижесінде елеулі бұрмалануларды анықтамау тәуекелінен жоғары, өйткені алаяқтық әрекеттер сөз байласу, жалғандық, қасақана өткізу, ақпаратты немесе әрекетті бұрмалап көрсетулерді немесе ішкі бақылау жүйесін айналып өтуді қамтуы мүмкін.
- Жағдайларға сәйкес келетін аудиторлық рәсімдерді әзірлеу мақсатымен, бірақ Холдингінің ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікірді білдіру мақсатынсыз, аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесінің түсінігін аламыз.
- Қолданылатын есеп саясатының тиісті сипатын және бухгалтерлік бағалаулардың негізділігін және басшылықпен дайындалған ашып көрсетілген ақпаратты бағалаймыз.
- Басшылықтың бухгалтерлік есептің үздіксіз қызмет негізін қолдануының заңдылығы туралы қорытынды жасаймыз және де алынған аудиторлық дәлелдер негізінде Холдингінің үздіксіз қызметін жалғастыру қабілетіне елеулі күмән туғызуы мүмкін оқиғалар немесе шарттарға байланысты елеулі белгісіздіктің бар-жоқтығы туралы қорытынды жасаймыз. Егер біз елеулі белгісіздік бар деген қорытындыға келсек, біздің аудиторлардың есебінде

шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі сәйкес ашып көрсетілген ақпаратқа назар аудартуымыз керек немесе осындай ашып көрсетілген ақпарат орынсыз болса, пікірімізді түрлендіруіміз керек. Біздің қорытындыларымыз біздің аудиторлардың есебінің күніне дейін алынған аудиторлық дәлелдерге негізделген. Алайда болашақ оқиғалар немесе шарттар Холдингінің үздіксіз қызметті жалғастыру қабілетінің жоғалуына әкелуі мүмкін.

- Шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ашып көрсетілген ақпараты енетін бүтіндей ұсынылуын, құрылымы мен мазмұнын, және де шоғырландырылған қаржылық есептіліктің негізінде жатқан операциялар мен оқиғаларды әділ ұсынылуын қамтамасыз етілетіндей көрсетуін бағалаймыз.
- Шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы пікір білдіру үшін мекемелердің қаржылық ақпаратына немесе Холдинг ішіндегі іскерлік әрекеттерге қатысты жеткілікті, тиісті аудиторлық дәлелдер аламыз. Біз Холдинг аудитін бағыттау, бақылау және жүргізу үшін жауап береміз. Біз аудиторлық пікіріміз үшін толығымен жауапты болып қаламыз.

Біз басқару өкілеттілігіне ие тұлғаларға, тым болмағанда, аудиттің жоспарланған көлемі мен уақытын, сондай-ақ, біз аудит барысында анықтайтын ішкі бақылау жүйесінің елеулі кемшіліктері енетін аудиттің елеулі табуларын айтып білдіре отырамыз.

Аудиттің нәтижесі болып табылатын тәуелсіз аудиторлардың есебінің келісім партнері:



Ирматов Р. И.
Қазақстан Республикасының
сертификатталған аудитору
2012 жылдың 6 қаңтарында берілген
№ МФ-0000053 аудитордың біліктілік куәлігі

«КПМГ Аудит» ЖШС

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі аудиторлық қызмет жүргізу үшін
2006 жылдың 6 желтоқсанында берген мемлекеттік лицензияның №0000021



Хаирова А. А.
«КПМГ Аудит» ЖШС Жарғы негізінде әрекет
ететін Бас директоры

2018 жылдың 30 наурызы

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы
Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	Ескертпе	2017 жылғы 31 желтоқсан	2016 жылғы 31 желтоқсан
АКТИВТЕР			
Ақша қаражаты мен оның баламалары	6	672,098,266	451,512,099
Өзгерістері кезең ішіндегі пайданың немесе залалдың құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын қаржы құралдары	7	147,403,945	165,095,571
Банктердегі қаражат	8	480,158,391	743,047,601
Клиенттерге берілген кредиттер	9	2,040,393,563	1,811,956,999
Сату үшін қолда бар инвестициялық бағалы қағаздар	10	561,438,865	532,243,117
Қаржылық жалға алу бойынша дебиторлық берешек	11	230,652,747	119,034,423
Қауымдасқан және бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар	12	1,834,289	1,926,576
Инвестициялық мүлік	13	12,311,523	24,512,412
Ағымдағы табыс салығы бойынша алдын-ала төлем		24,073,618	19,677,752
Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша актив	34	4,347,437	4,813,645
Негізгі құралдар	14	10,072,850	11,687,480
Материалдық емес активтер	15	3,873,654	2,921,743
Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер	16	18,167,366	23,726,281
Өзге қаржы активтері	17	28,711,793	21,516,077
Өзге активтер	18	197,017,038	169,525,296
АКТИВТЕР ЖИЫНЫ		4,432,555,345	4,103,197,072
МІНДЕТТЕМЕЛЕР			
Клиенттердің қаражаты	19	539,309,735	444,992,956
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	20	1,125,979,806	1,026,320,825
Субординарлық борыш	21	5,381,557	15,165,538
Банктерден және өзге де қаржы институттарынан алынған қарыздар	22	1,010,188,639	1,101,456,557
Қазақстан Республикасының Үкіметінен алынған қарыздар	23	180,029,399	103,624,332
Ағымдағы табыс салығы бойынша міндеттеме		877	5,199
Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша міндеттеме	34	28,421,885	26,160,281
Сақтандыру шарттары бойынша міндеттемелер		2,753,547	1,536,207
Сатуға арналған шығатын топтарға тікелей байланысты міндеттемелер		22,445	139,034
Өзге қаржылық міндеттемелер	24	40,245,511	70,483,873
Өзге міндеттемелер	25	448,371,440	369,915,640
МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖИЫНЫ		3,380,704,841	3,159,800,442
МЕНШІКТІ КАПИТАЛ			
Акционерлік капитал	26	846,218,712	802,318,712
Сату үшін қолда бар инвестициялық бағалы қағаздарды қайта бағалау бойынша резерв		(12,562,781)	(31,765,335)
«Сату үшін қолда бар инвестициялық бағалы қағаздар» санатынан «Клиенттерге берілген кредиттер» санатына қайта сыныпталған қаржы активтерін қайта бағалау бойынша резерв		914,412	2,931,319
Жинақталған бағам айырмашылықтарының резерві		3,780,435	4,663,739
Хеджирлеу резерві		-	(6,673)
Бизнесі біріктіру кезіндегі резерв және қосымша төленген капитал		108,407,533	102,742,890
Өзге резервтер		7,169,251	24,869,011
Бөлінбеген пайда		97,231,129	36,820,284
Холдингті иеленушелерге тиесілі таза активтер		1,051,158,691	942,573,947
Бақыламайтын үлес		691,813	822,683
МЕНШІКТІ КАПИТАЛ ЖИЫНЫ		1,051,850,504	943,396,630
МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖӘНЕ МЕНШІКТІ КАПИТАЛ ЖИЫНЫ		4,432,555,345	4,103,197,072

2018 жылғы 30 наурызда шығару үшін бекітілді және Басшылықтың атынан қол қойылды.

Ерсайын Ерболатұлы Хамитов
 Басқарушы директор -
 Басқарма мүшесі



Құралай Дамирқызы Есенғараева
 Бас бухгалтер

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы
Пайда немесе залал туралы шоғырландырылған есеп

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	Ескертпе	2017 ж.	2016 ж.
Пайыздық кірістер	27	287,373,119	264,013,146
Пайыздық шығыстар	27	(139,932,395)	(127,506,549)
Таза пайыздық кірістер		147,440,724	136,506,597
Кредиттік қоржынның құнсыздануы үшін резервті есептеу	9	(38,075,894)	(13,893,595)
Кредиттік қоржынның құнсыздануы үшін резерв құрылғаннан кейінгі таза пайыздық кірістер		109,364,830	122,613,002
Комиссиялық кірістер	28	5,946,272	4,301,532
Комиссиялық шығыстар	28	(2,621,876)	(2,256,662)
Таза комиссиялық кірістер		3,324,396	2,044,870
Өзгерістері кезең ішіндегі пайданың немесе залалдың құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын қаржы активтерімен операциялардан болатын таза залал	29	(14,698,407)	(6,274,831)
Шетелдік валютамен операциялардан болатын таза пайда	30	1,780,198	5,329,462
Сату үшін қолда бар инвестициялық бағалы қағаздармен операциялардан болатын таза пайда		2,185,969	2,957,576
Еңбекпен табылған таза сақтандыру сыйақылары		709,034	601,785
Сақтандыру төлемдері бойынша және резервтердегі өзгерістер бойынша таза шығыстар		(278,980)	(1,215,405)
Өзге операциялық кірістер, нетто	31	10,879,336	4,073,021
Операциялық кірістер		113,266,376	130,129,480
Кредиттік сипаттағы өзге активтер мен міндеттемелердің құнсыздануы үшін резерв	32	(21,098,172)	(36,730,272)
Әкімшілік шығыстар	33	(39,859,472)	(35,653,102)
Қауымдасқан және бірлескен кәсіпорындардың қаржылық нәтижесінің үлесі	12	(558,499)	901,125
Табыс салығы шегерілгенге дейінгі пайда		51,750,233	58,647,231
Табыс салығы бойынша шығыстар	34	(8,162,693)	(10,093,874)
ЖЫЛ ІШІНДЕГІ ПАЙДА		43,587,540	48,553,357
Мыналарға тиесілі пайда:			
- Холдингті иеленушілерге		43,667,837	48,575,302
- бақыламайтын үлеске		(80,297)	(21,945)
Жыл ішіндегі пайда		43,587,540	48,553,357

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы
Жиынтық табыс туралы шоғырландырылған есеп

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	Ескертпе	2017 ж.	2016 ж.
ЖЫЛ ІШІНДЕГІ ПАЙДА		43,587,540	48,553,357
Жиынтық табыс/(залал):			
<i>Кейіннен пайда немесе залалдар құрамына қайта сыныпталуы мүмкін баптар:</i>			
Сату үшін қолда бар инвестициялық бағалы қағаздарды қайта бағалау бойынша резерв:			
- Қайта бағалаудан болатын шығыстар шегеріле отырып, табыстар/(табыстар шегеріле отырып шығыстар)		21,388,523	(13,850,374)
- Кірістер шегеріле отырып, пайдаға немесе залалға ауыстырылған шығыстар		(2,185,969)	(3,151,128)
Шоғырландырылған қаржылық есептілікті ұсыну валютасына қайта есептеген кездегі бағамдық айырмашылықтар		(883,304)	(595,735)
Хеджирлеу құралдарымен операциялардан болатын шығыстар шегеріле отырып, іске асырылмаған кірістер/(кірістер шегеріле отырып, шығыстар)		6,673	(3,410,219)
Клиенттерге берілген кредиттер құрамына қайта сыныпталған, сату үшін қолда бар инвестициялық бағалы қағаздарды қайта бағалау бойынша резервті амортизациялау		(2,016,907)	(1,591,261)
Жыл ішіндегі басқа жиынтық кіріс/(залал)		16,309,016	(22,598,717)
ЖЫЛ ІШІНДЕГІ ЖАЛПЫ ЖИЫНТЫҚ ТАБЫС		59,896,556	25,954,640
Мыналарға тиесілі жалпы жиынтық табыс:			
- Холдингі иеленушілерге		59,976,853	25,976,585
- бақыламайтын үлеске		(80,297)	(21,945)
Жыл ішіндегі жалпы жиынтық табыс		59,896,556	25,954,640

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы
Меншікті капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп

	Холдингті иеленушілерге тиесілі											
	Акционерлік капитал	Сату үшін қолда бар инвестициялық бағалы қағаздарды қайта бағалау бойынша резерв	«Сату үшін қолда бар инвестициялық бағалы қағаздар» санатынан «Клиент-терге берілген кредиттер» санатына қайта сыныпталған қаржы активтерін қайта бағалау бойынша резерв	Жинақталған бағам айырмашылықтарының резерві	Хеджирлеу резерві	Бизнесті біріктіру кезіндегі резерв және қосымша төленген капитал	Өзге резервтер	Бөлінбеген пайда	Жиыны	Бақыламайтын үлестер	Жиынтық капитал жиыны	
<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>												
2017 жылғы 1 қаңтардағы қалдық	802,318,712	(31,765,335)	2,931,319	4,663,739	(6,673)	102,742,890	24,869,011	36,820,284	942,573,947	822,683	943,396,630	
Жыл ішіндегі пайда	-	-	-	-	-	-	-	43,667,837	43,667,837	(80,297)	43,587,540	
Басқа жиынтық кіріс	-	19,202,554	(2,016,907)	(883,304)	6,673	-	-	-	16,309,016	-	16,309,016	
Жыл ішіндегі жалпы жиынтық кіріс	-	19,202,554	(2,016,907)	(883,304)	6,673	-	-	43,667,837	59,976,853	(80,297)	59,896,556	
Акциялардың эмиссиясы – ақшалай жарна (26-ескертпе)	43,900,000	-	-	-	-	-	-	-	43,900,000	-	43,900,000	
Еншілес кәсіпорындардағы бақыламайтын үлесті өзгерту	-	-	-	-	-	-	-	-	-	(50,573)	(50,573)	
1,416,161 мың теңге мөлшеріндегі салықтар шегеріле отырып, Үкіметтен қарыздар бойынша дисконтты тану (23-ескертпе)	-	-	-	-	-	5,664,643	-	-	5,664,643	-	5,664,643	
Салымдар бойынша пайдаланылмаған өтемақыны қайтару (24-ескертпе)	-	-	-	-	-	-	-	3,003,291	3,003,291	-	3,003,291	
Қаржы құралдары бойынша дисконт (8-ескертпе)	-	-	-	-	-	-	-	(3,960,043)	(3,960,043)	-	(3,960,043)	
Резервтік капиталды пайдалану	-	-	-	-	-	-	(17,712,311)	17,712,311	-	-	-	
Аударымдар және өзге де қозғалыстар	-	-	-	-	-	-	12,551	(12,551)	-	-	-	
2017 жылғы 31 желтоқсандағы қалдық	846,218,712	(12,562,781)	914,412	3,780,435	-	108,407,533	7,169,251	97,231,129	1,051,158,691	691,813	1,051,850,504	

8 – 111-беттердегі ескертпелер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігін құрайды.

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы
Меншікті капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп

	Холдингті иеленушілерге тиесілі											
	Акционерлік капитал	Сату үшін қолда бар инвестициялық бағалы қағаздарды қайта бағалау бойынша резерв	«Сату үшін қолда бар инвестициялық бағалы қағаздар» санатынан «Клиенттерге берілген кредиттер» санатына қайта сыныпталған қаржы активтерін қайта бағалау бойынша резерв	Жинақталған бағам айырмашылықтарының резерві	Хеджирлеу резерві	Бизнесті біріктіру кезіндегі резерв және қосымша төленген капитал	Өзге резервтер	Бөлінбеген пайда	Жиыны	Бақыламайтын үлестер	Жиынтық капитал жиыны	
<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>												
2016 жылғы 1 қаңтардағы қалдық	758,318,712	(14,763,833)	4,522,580	5,259,474	3,403,546	89,201,158	25,140,351	(12,472,799)	858,609,189	4,389,084	862,998,273	
Жыл ішіндегі пайда	-	-	-	-	-	-	-	48,575,302	48,575,302	(21,945)	48,553,357	
Басқа жиынтық залал	-	(17,001,502)	(1,591,261)	(595,735)	(3,410,219)	-	-	-	(22,598,717)	-	(22,598,717)	
Жыл ішіндегі жалпы жиынтық кіріс	-	(17,001,502)	(1,591,261)	(595,735)	(3,410,219)	-	-	48,575,302	25,976,585	(21,945)	25,954,640	
Акциялардың эмиссиясы – ақшалай жарна (26-ескертпе)	44,000,000	-	-	-	-	-	-	-	44,000,000	-	44,000,000	
Еншілес кәсіпорындардағы бақыламайтын үлесті өзгерту	-	-	-	-	-	-	-	-	-	(3,544,456)	(3,544,456)	
3,385,433 мың теңге мөлшеріндегі салықтар шегеріле отырып, шығарылған борыштық бағалы қағаздар бойынша дисконтты тану (20-ескертпе)	-	-	-	-	-	13,541,732	-	-	13,541,732	-	13,541,732	
Салымдар бойынша өтемақыны қайтару (24-ескертпе)	-	-	-	-	-	-	-	1,556,078	1,556,078	-	1,556,078	
Аударымдар және өзге де қозғалыстар	-	-	-	-	-	-	(271,340)	(838,297)	(1,109,637)	-	(1,109,637)	
2016 жылғы 31 желтоқсандағы қалдық	802,318,712	(31,765,335)	2,931,319	4,663,739	(6,673)	102,742,890	24,869,011	36,820,284	942,573,947	822,683	943,396,630	

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы
Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	Ескертпе	2017 ж.	2016 ж.
Операциялық қызметтен түскен ақша қаражаты			
Алынған пайыздар		232,704,048	219,683,148
Төленген пайыздар		(104,108,482)	(85,060,011)
Алынған комиссиялар		5,782,626	6,641,651
Төленген комиссиялар		(6,608,598)	(4,742,742)
Туынды қаржы құралдарымен операциялар бойынша алынған таза кірістер/(төленген шығыстар)		1,109,547	(193,209)
Шетелдік валютамен болатын операциялардан түскен таза пайда/(залал)	30	432,839	(468,970)
Бұдан бұрын клиенттерге жалға берілген активтерді іске асырудан түскен түсімдер		-	373,333
Алынған таза сақтандыру сыйақылары		835,730	601,785
Таза сақтандыру төлемдері		(98,450)	(324,364)
Өзге де алынған операциялық кірістер		6,136,945	10,580,226
Төленген әкімшілік және өзге де операциялық шығыстар		(36,842,489)	(33,565,609)
Төленген табыс салығы		(7,917,165)	(8,464,397)
Операциялық активтер мен міндеттемелердегі өзгерістерге дейін операциялық қызметтен алынған ақша қаражаты		91,426,551	105,060,841
<i>Мыналар бойынша таза (өсім)/төмендеу:</i>			
- өзгерістері пайданың немесе залалдың құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын қаржы құралдары		2,424,497	1,160,716
- банктердегі қаражат		225,049,006	(231,265,098)
- клиенттерге берілген кредиттер		(282,971,890)	(57,897,819)
- қаржылық жалға алу бойынша дебиторлық берешек		11,052,401	6,664,378
- өзге қаржы активтері		(2,859,181)	(3,175,107)
- өзге активтер		(80,584,129)	(206,505,313)
<i>Мыналар бойынша таза (төмендеу)/өсім:</i>			
- клиенттердің қаражаты		85,788,164	116,664,801
- өзге қаржы міндеттемелері		(7,585,067)	28,319
- өзге міндеттемелер		14,330,604	(5,304,402)
Операциялық қызметтен алынған (пайдаланылған) таза ақша қаражаты		56,070,956	(274,568,684)
Инвестициялық қызметтен түсетін ақша қаражаты			
Сату үшін қолда бар инвестициялық бағалы қағаздарды сатып алу		(304,992,496)	(474,496,163)
Сату үшін қолда бар инвестициялық бағалы қағаздарды өткізуден және өтеуден түскен түсімдер		286,005,123	293,211,997
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатып алу		(2,920,804)	(2,806,463)
Негізгі құралдарды өткізуден түскен түсім		174,778	557,370
Қауымдасқан және бірлескен кәсіпорындарды өткізуден түскен түсім		72,161	6,499,863
Алынған дивидендтер		1,339,688	914,057
Инвестициялық қызметте пайдаланылған таза ақша қаражаты		(20,321,550)	(176,119,339)

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы
Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	Ескертпе	2017 ж.	2016 ж.
Қаржылық қызметтен түскен ақша қаражаты			
Банктерден және өзге де қаржы институттарынан қарыздар алу		97,928,869	68,376,427
Банктерден және өзге де қаржы институттарынан алынған қарыздарды өтеу		(208,052,749)	(104,734,325)
Қазақстан Республикасының Үкіметінен қарыздар алу	23	164,069,693	126,104,097
Қазақстан Республикасының Үкіметінен алынған қарыздарды өтеу		(1,540,384)	(639,390)
Қарапайым акциялардың эмиссиясының түсімдер	26	43,900,000	44,000,000
Шығарылған борыштық бағалы қағаздардан түскен түсімдер	20	204,982,280	467,000,000
Шығарылған борыштық бағалы қағаздарды өтеу/сатып алу	20	(112,200,154)	(65,998,239)
Субординарлық борыш		(10,000,000)	-
Қаржылық қызметтен алынған таза ақша қаражаты		179,087,555	534,108,570
Айырбас бағамы өзгерістерінің ақша қаражаты мен оның баламаларына тигізетін әсері			
		5,749,206	(8,133,266)
Ақша қаражаты мен оның баламаларының таза өсімі		220,586,167	75,287,281
Жылдың басындағы ақша қаражаты мен оның баламалары	6	451,512,099	376,224,818
Жылдың аяғындағы ақша қаражаты мен оның баламалары	6	672,098,266	451,512,099

1 Кіріспе

Ұсынылып отырған шоғырландырылған қаржылық есептілік «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының («Холдингтік Компания») және оның еншілес кәсіпорындарының («Холдинг») қаржылық есептілігін қамтиды.

Холдинг Қазақстан Республикасы Президентінің «Даму институттарын, қаржы ұйымдарын басқару жүйесін оңтайландыру және ұлттық экономиканы дамыту жөніндегі кейбір шаралар туралы» 2013 жылғы 22 мамырдағы № 571 Жарлығына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 22 мамырдағы № 571 Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» 2013 жылғы 25 мамырдағы № 516 қаулысына сәйкес құрылды. 2017 және 2016 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Холдингті түпкілікті басқарушы тарап Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылады.

Негізгі қызмет

Холдингтің миссиясы мемлекеттік саясатты іске асыру және «2050 Стратегиясында» қойылған мақсаттарға қол жеткізу мақсатында Қазақстан Республикасының орнықты экономикалық дамуына жәрдемдесу болып табылады.

Холдинг Инфрақұрылымды дамытудың 2015 – 2019 жылдарға арналған «Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасын, «Нұрлы жер» тұрғын үй құрылысы бағдарламасын, Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2015 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын, «Бизнестің жол картасы 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасын, Отандық өндірушілерді қолдау бағдарламасын, Шағын және орта бизнесті («ШОБ») қолдау бағдарламасын, «Өнімділік-2020» мемлекеттік бағдарламасын, Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасын, Отандық өндірушілерді қолдау мемлекеттік бағдарламасын, Өңдеу өнеркәсібіндегі шағын және орта бизнесті қолдау мемлекеттік бағдарламасын, «Бәсекеге қабілеттілік көшбасшылары – ұлттық чемпиондар» мемлекеттік бағдарламасын, Қазақстан Республикасы Президентінің «100 нақты қадам» Ұлт жоспары» бағдарламасын іске асыру жолымен даму институттары арқылы мемлекеттің стратегиялық және әлеуметтік міндеттерін шешуге белсенді түрде қатысады.

Холдингтің негізгі мақсаттары мен міндеттері мыналар болып табылады:

- тәуекел менеджментінің тиімді жүйесін енгізу;
- экономиканың ашықтығын және халықтың оған деген сенімін арттыру;
- еншілес кәсіпорындар қызметінің синергетикалық әсерін қамтамасыз ету;
- еншілес кәсіпорындар қызметінің экономикалық тиімділігін арттыру / залалсыздық қағидаты;
- қосымша инвестициялар тарту;
- жеке сектормен өзара іс-қимыл жасау.

Холдингтің құрамына мемлекеттік саясатты және мемлекеттік бағдарламаларды іске асыруға тартылған он бір еншілес кәсіпорын кіреді, олардың Холдингтің стратегиясына сәйкес қызметінің мынадай бағыттары бар:

- Даму институттары, олардың қатарына «Қазақстанның даму банкі» АҚ, «Қазақстанның инвестициялық қоры» АҚ, «KazakhExport» экспорттық сақтандыру корпорациясы» АҚ, «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ, «Технологиялық даму жөніндегі ұлттық агенттік» АҚ және «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ жатады. Аталған институттардың міндеті экономиканы әртараптандыруға және шикізаттық емес секторды, қазақстандық өнімнің экспортын дамытуға, инновацияларды дамытуға, шағын және орта бизнесті дамытуға бағытталған экономиканың басым секторларындағы инвестициялық жобаларға кредиттік, инвестициялық және өзге де қаржылық және қаржылық емес қолдау көрсету болып табылады.
- Қаржы институттары, олардың қатарына «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ, «Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» ипотекалық ұйымы» АҚ, «Тұрғын үй құрылысына кепілдік беру қоры» АҚ жатады. Аталған институттардың міндеті ипотекалық кредиттеу үшін ұзақ мерзімді қаржыландыруды ұсыну, тарту мен оның құнын төмендету және мемлекеттің тұрғын үй-құрылыс саясатын іске асыруға қатысу болып табылады.
- «Бәйтерек Девелопмент» АҚ – өңдеу өнеркәсібі саласындағы кәсіпкерлік субъектілерін қолдау және 2008 – 2010 жылдардағы қаржы дағдарысы салдарынан пайда болған жылжымайтын мүлік нарығындағы проблемаларды шешу институты.
- «Kazakhstan Project Preparation Fund» ЖШС – мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын қоса алғанда, инфрақұрылымдық жобаларды құрылымдау мен қолдау үшін құрылған институт.

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы
Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер – 2017 жылғы 31 желтоқсан

1 Кіріспе (жалғасы)

Төменде Холдингің осы шоғырландырылған қаржылық есептілігіне қосылған негізгі еншілес кәсіпорындар ұсынылған:

Еншілес компанияның атауы	Аббревиатур а-сы	Тіркелген елі	Иелену үлесі, %	
			2016 жылғы 31 желтоқсан	2015 жылғы 31 желтоқсан
«Қазақстанның даму банкі» АҚ	«ҚДБ» АҚ	Қазақстан Республикасы	100.00	100.00
«Қазақстанның инвестициялық қоры» АҚ	«ҚИҚ» АҚ	Қазақстан Республикасы	100.00	100.00
«ҚазЭкспортГарант» экспорттық сақтандыру корпорациясы» АҚ	«ҚЭГ» АҚ	Қазақстан Республикасы	100.00	100.00
«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ	«Даму» ҚДҚ» АҚ	Қазақстан Республикасы	100.00	100.00
«Технологиялық даму жөніндегі ұлттық агенттік» АҚ	«ТДҰА» АҚ	Қазақстан Республикасы	100.00	100.00
«Қазына Капитал Менеджмент» АҚ	«ҚКМ» АҚ	Қазақстан Республикасы	100.00	100.00
«Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ	«ҚТҚЖБ» АҚ	Қазақстан Республикасы	100.00	100.00
«Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» ипотекалық ұйымы» АҚ	«ҚИК» АҚ	Қазақстан Республикасы	100.00	100.00
«Тұрғын үй құрылысына кепілдік беру қоры» АҚ	«ТҚКҚ» АҚ	Қазақстан Республикасы	100.00	100.00
«Бәйтерек Девелопмент» АҚ	«БД» АҚ	Қазақстан Республикасы	100.00	100.00
«Kazakhstan Project Preparation Fund» ЖШС	«КРPF» ЖШС	Қазақстан Республикасы	97.70	97.70

«ҚДБ» АҚ «Қазақстанның Даму Банкі туралы» 2001 жылғы 25 сәуірдегі № 178-II Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес құрылды. «ҚДБ» АҚ ұлттық даму институты болып табылады, оның негізгі қызметі мемлекеттік инвестициялық қызметті жақсарту және оның тиімділігін арттыру, өндірістік инфрақұрылымды, қайта өңдеу өнеркәсібін дамыту, ұлттық экономикаға сыртқы және ішкі инвестициялар тартуға көмек көрсету болып табылады.

«ҚИҚ» АҚ мемлекеттік даму институты және стретік активтерді реструктуризациялау және басқару саласындағы басқарушы компания болып табылады. «ҚИҚ» АҚ Үкіметтің 2003 жылғы 30 мамырдағы № 501 қаулысына сәйкес құрылды. «ҚИҚ» АҚ-ның негізгі қызметі белгілі бір салаларға инвестицияларды жүзеге асыру арқылы Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық даму стратегиясын іске асыруға жәрдемдесу және тәуекелді инвестициялар қоржынын басқару болып табылады.

«ҚЭГ» АҚ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 12 мамырдағы № 442 қаулысына сәйкес құрылды және Қазақстан Республикасының экспорттық-кредиттік агенттігінің функцияларын жүзеге асыратын жалғыз мамандандырылған сақтандыру ұйымы болып табылады.

«Даму» ҚДҚ» АҚ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 26 сәуірдегі № 665 қаулысына сәйкес құрылды. «Даму» ҚДҚ» АҚ-ның негізгі қызметі коммерциялық банктер арқылы шағын және орта бизнес кәсіпорындарын мен микроқаржы ұйымдарын кредиттеу болып табылады, бұл ретте, түпкілікті қарыз алушылардың кредиттері бойынша кредиттік тәуекел коммерциялық банктерге беріледі.

«ТДҰА» АҚ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 21 шілдедегі № 836 қаулысына сәйкес құрылды. «ТДҰА» АҚ-ның негізгі қызметі Қазақстан Республикасында инновациялық даму процестеріне көмек пен қолдау көрсету және мемлекеттік қолдау шараларын ұсыну; инновациялық инфрақұрылымды құруға, технологиялар трансфертіне, басқарудың озық әдістерін енгізуге, өңірлік технологиялық парктерді құру мен дамытуға көмектесу және қатысу болып табылады.

«ҚКМ» АҚ-ны Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес 2007 жылғы 7 наурызда құрды. «ҚКМ» АҚ-ның негізгі қызметі инвестициялық қорларды құру мен оларға қатысу және қаржы құралдарына инвестициялау болып табылады.

«ҚТҚЖБ» АҚ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 16 сәуірдегі № 364 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасында тұрғын үй құрылыс жинақтар жүйесін дамыту мақсатында құрылды. «ҚТҚЖБ» АҚ салымшылардың қаражатын тұрғын үй құрылым жинақтарына тарту жөніндегі, салымшыларға әртүрлі тұрғын үй қарыздарын беру жөніндегі қызметті жүзеге асырады, бағалы қағаздардың саудасы жөніндегі операцияларды және банк салымдарын орналастыру жөніндегі операцияларды жүзеге асырады.

«ҚИК» АҚ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2000 жылғы 20 желтоқсандағы № 469 Қаулысына сәйкес 2000 жылғы 29 желтоқсанда құрылды. «ҚИК» АҚ-ның негізгі қызметі реттеуші органдардың лицензиясына сәйкес ипотекалық кредиттер беру, сондай-ақ сенімгерлік басқару, факторинг, форфейтинг және лизинг операцияларын жүзеге асыру.

1 Кіріспе (жалғасы)

«ТҚКҚ» АҚ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 27 қазандағы № 386 Қаулысына сәйкес 2003 жылғы 10 қарашада құрылды. «ТҚКҚ» АҚ-ның негізгі қызметі кредиттік тәуекелдерді кредиторлармен (екінші деңгейдегі банктермен және ипотекалық ұйымдармен), сақтандыру ұйымдарымен және инвесторлармен бөлу арқылы халықтың ипотекалық кредиттеу бағдарламаларына қолжетімділігін арттыруды қамтамасыз ету болып табылады. «ТҚКҚ» АҚ коммерциялық емес ұйым болып табылады және ипотекалық қарыздарға кепілдік беру жөніндегі қызметті жүзеге асырады.

«БД» АҚ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 1 қарашадағы № 996 қаулысына сәйкес 2008 жылғы 19 қарашада құрылды. «БД» АҚ-ның негізгі қызметі банк секторы активтерінің сапасын жақсарту және инвесторлардың банк секторына деген сенімін арттыру арқылы қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз ету болып табылады.

«КРПФ» ЖШС Қазақстан Республикасының МЖӨ жөніндегі үйлестіру кеңесінің 2013 жылғы 13 қыркүйектегі шешіміне сәйкес 2014 жылғы 19 наурызда құрылды. «КРПФ» ЖШС-ның негізгі қызметі инвестициялық және инфрақұрылымдық жобаларды, оның ішінде мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын құрылымдау және сүйемелдеу, инвестициялық және инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру мүмкіндігін талдау және бағалау жөнінде қызметтер көрсету, жобаларды консультативтік сүйемелдеу болып табылады.

Тіркелген мекенжайы және қызметін жүргізу орны. Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 55а Холдингтің заңды мекенжайы мен қызметін іс жүзінде жүзеге асыру орны болып табылады.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті ұсыну валютасы. Осы шоғырландырылған қаржылық есептілік, егер өзгеше көрсетілмесе, мың қазақстандық теңгемен ұсынылған.

2 Холдинг өз қызметін жүзеге асыратын экономикалық орта

Холдинг өз қызметін, негізінен, Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асырады. Осының салдарынан Холдинг Қазақстан Республикасының нарықтарындағы дамушы нарықтарға тән өзіндік ерекшеліктерді көрсететін экономикалық және қаржылық тәуекелдерге ұшырайды. Нормативтік құқықтық база мен салық заңнамасын жетілдіру жалғасын тауып жатыр, бірақ оларда әртүрлі түсіндіру мүмкіндігіне жол беріледі және оларға құқықтық және фискалдық жүйелердің басқа да кемшіліктерімен жиынтығында өз қызметін Қазақстан Республикасында жүзеге асыратын кәсіпорындар үшін қосымша қиындықтар туғызатын өзгерістер жиі енгізіледі.

Қоса беріліп отырған шоғырландырылған қаржылық есептілік Холдинг басшылығының қаржы-шаруашылық қызметті жүзеге асырудың қолда бар шарттарының Холдинг қызметінің нәтижелері мен шоғырландырылған қаржылық жағдайына ықтимал әсер етуіне жасаған бағалауын көрсетеді. Қаржы-шаруашылық қызметті жүзеге асыру шарттарының кейінгі дамуы басшылықтың бағалауынан ерекшеленуі мүмкін.

Басшылық қаржы секторының дамуына және тұтастай алғанда, экономикаға әсер етуі мүмкін барлық үрдістерді, сондай-ақ болашақта олар Холдингтің шоғырландырылған қаржылық жағдайына қандай әсер (ол болған кезде) ете алатынын болжай алмайды. Басшылық өзі Холдингтің орнықтығын қолдау және қызметін дамыту үшін барлық қажетті шаралар қолданылып жатыр деп пайымдайды.

3 Есептік саясат қағидаттарының қысқаша мазмұнамасы

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті ұсыну негіздері. Осы шоғырландырылған қаржылық есептілік Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына («ҚЕХС») сәйкес қаржы құралдарын әділ құны бойынша бастапқы тануға және сату үшін қолда бар инвестициялық бағалы қағаздарды, өзгерістері кезең ішіндегі пайданың немесе залалдың құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын қаржы құралдарын қайта бағалауға түзету енгізе отырып, бастапқы құны бойынша есепке алу қағидалары негізінде дайындалды. Осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде пайдаланылған есептік саясаттың қағидаттары төменде ұсынылған. Аталған қағидаттар есептілікті ұсынылған барлық кезеңдерге қатысты дәйекті түрде қолданылды.

Қызметтің үздіксіздігі. Холдингтің басшылығы осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті қызметтің үздіксіздігіне жол беру негізінде дайындады.

Шоғырландырылған қаржылық есептілік. Еншілес кәсіпорындар, Холдингтік Компания бақылайтын құрылымдалған кәсіпорындарды қоса алғанда, осындай инвестиция объектілерін білдіреді, себебі, Холдингтік Компания (i) өзіне инвестиция объектісінің кірісіне елеулі ықпал ететін айтарлықтай қызметті басқару мүмкіндігін беретін өкілеттіктерге ие болады, (ii) инвестиция объектісіне қатысудан болатын ауыспалы кіріске байланысты тәуекелдерге ұшырайды немесе оның мұндай кірісті алу құқығы болады және (iii) инвестор кірісінің көлеміне ықпал ету мақсатында инвестиция объектісіне қатысты өз өкілеттіктерін пайдалану мүмкіндігі болады. Холдингтік Компанияның басқа кәсіпорынға қатысты өкілеттіктерінің бар-жоғын бағалау кезінде, әлеуетті дауыс құқықтарын қоса алғанда, қолда бар құқықтардың бар-жоғын және ықпалын қарау қажет.

3 Есептік саясат қағидаттарының қысқаша мазмұнамасы (жалғасы)

Шоғырландырылған қаржылық есептілік (жалғасы). Егер ұстаушының инвестиция объектісінің айтарлықтай қызметін басқаруға қатысты шешім қабылдау кезінде осы құқықты іске асырудың практикалық мүмкіндігі болса, бұл қолда бар құқық болып табылады. Холдингтік Компания, егер тіпті оның инвестиция объектісінде дауыс құқықтарының көпшілігі болмаса да, инвестиция объектісіне қатысты өкілеттіктерді иелене алады.

Мұндай жағдайларда инвестиция объектісіне қатысты нақты өкілеттіктердің бар-жоғын айқындау үшін Холдингтік Компания дауыс құқықтарының басқа ұстаушылары пакеттерінің көлемі мен орналасу деңгейіне қатысты өзінің дауыс құқықтарының көлемін бағалауға тиіс. Инвестиция объектісінің қызметіне түбегейлі өзгерістер енгізуге байланысты немесе айрықша жағдайларда қолданылатын басқа инвесторларды қорғау құқықтары Холдингтік Компанияның инвестиция объектісін бақылау мүмкіндігіне кедергі келтірмейді. Еншілес кәсіпорындар Холдингтік Компанияның олардың операцияларын бақылауды берген күнінен бастап шоғырландырылған қаржылық есептілікке енгізіледі және ортақ бақылаудағы тараптардан сатып алынған еншілес кәсіпорындарды қоспағанда, бақылау тоқтатылған күннен бастап шоғырландырылған қаржылық есептіліктен шығарылады.

Ортақ бақылаудағы тараптардан еншілес кәсіпорындарды сатып алуды қоспағанда, еншілес кәсіпорындар, шоғырландырылған қаржылық есептілікке сатып алу әдісі бойынша енгізіледі. Сатып алу әдісі пайдаланылған кезде сатып алынған сәйкестендірілетін активтер, сондай-ақ бизнесті біріктіру кезінде алынған міндеттемелер мен шартты міндеттемелер бақыламайтын үлестің мөлшеріне қарамастан, сатып алынған күнгі әділ құн бойынша көрсетіледі.

Холдинг меншіктің ағымдағы пропорционалды үлесін білдіретін және ұстаушысына таратылған жағдайда таза активтердің пропорционалды үлесіне құқық беретін бақыламайтын үлесті әр операция бойынша жеке-жеке не а) әділ құны бойынша не б) сатып алынған кәсіпорынның таза активтеріндегі бақыламайтын үлеске пропорционалды бағалайды. Меншіктің ағымдағы үлесі болып табылмайтын бақыламайтын үлес әділ құны бойынша бағаланады.

Гудвилл сатып алынған кәсіпорынның таза активтерінің сомасын мынадай шамалардың жалпы сомасынан: сатып алынған кәсіпорын үшін төленген соманы, сатып алынған кәсіпорындағы бақыламайтын үлестің сомасын және Холдингтік Компанияға тиесілі болған сатып алынған кәсіпорындағы әділ құнды тікелей сатып алу күнінің алдында шегеру арқылы айқындалады. Теріс сома («теріс гудвилл») басшылық барлық сатып алынған активтер, сондай-ақ қабылданған міндеттемелер мен шартты міндеттемелер толық сәйкестендірілгенін-сәйкестендірілмегенін бағалағап, оларды бағалаудың дұрыстығын талдағаннан кейін пайданың немесе залалдың құрамында танылады.

Сатып алынған кәсіпорын үшін берілген өтемақы шартты өтеу туралы келісімдер нәтижесінде туындаған активтер мен міндеттемелердің әділ құнын қоса алғанда, бірақ консультациялық қызметтерге, заң қызметтеріне, бағалауды жүргізу жөніндегі қызметтерге және осыған ұқсас кәсіби қызметтерге ақы төлеу сияқты сатып алуға байланысты шығындарды қоспағанда, берілген активтердің, шығарылған үлестік құралдардың және туындаған немесе қабылданған міндеттемелердің әділ құны бойынша бағаланады. Үлестік құралдарды шығару кезінде келтірілген мәміле бойынша шығындар капиталдың сомасынан шегеріледі; борыштық бағалы қағаздарды шығаруға байланысты келтірілген мәміле бойынша шығындар олардың теңгерімдік құнынан шегеріледі, ал сатып алуға байланысты мәміле бойынша барлық қалған шығындар шығыстарға жатқызылады.

Холдингтің еншілес кәсіпорындары арасындағы операциялар, тиісті шоттар бойынша қалдықтар және Холдингтің еншілес кәсіпорындары арасындағы операциялар бойынша іске асырылмаған кірістер өзара алып тасталады. Шығындарды өтеу мүмкін болмаған жағдайлардан басқа, іске асырылмаған шығыстар да өзара алып тасталады. Холдингтік Компания және оның барлық еншілес кәсіпорындары Холдингтің саясатына сәйкес есептік саясаттың бірыңғай қағидаттарын қолданады.

Бақыламайтын үлес – бұл Холдинг тікелей немесе жанама түрде иеленбейтін үлеске тиесілі, еншілес кәсіпорынның қызметі мен капиталы таза нәтижелерінің бір бөлігі. Бақыламайтын үлес Холдинг капиталының жеке компонентін білдіреді.

Бақыламайтын үлесті сатып алу және сату. Холдинг бақыламайтын үлесті иеленушілермен операцияларды есепке алу үшін экономикалық бірлік моделін қолданады. Егер сатып алынған бақыламайтын үлестің берілген өтемақысы мен теңгерімдік құны арасында қандай да бір айырмашылық болса, ол тікелей капиталда капиталмен операция ретінде көрсетіледі. Холдинг бақыламайтын үлесті сатқаны үшін алған сыйақы мен оның теңгерімдік құны арасындағы айырмашылықты капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есепте капиталмен мәміле ретінде таниды.

3 Есептік саясат қағидаттарының қысқаша мазмұнамасы (жалғасы)

Ортақ бақылаудағы тараптардан еншілес кәсіпорындарды сатып алу. Ортақ бақылаудағы тараптардан еншілес кәсіпорындарды сатып алу шоғырландырылған қаржылық есептілікте алдындағы кәсіпорынды бағалау әдісі бойынша көрсетіледі. Осы әдіске сәйкес біріктірілген кәсіпорынның шоғырландырылған қаржылық есептілігі шоғырландырылған қаржылық есептілікте ұсынылған әлдеқайда ертерек кезеңнің басынан бері біріктірілгендей ұсынылған. Ортақ бақылаудағы тараптар арасында берілетін еншілес кәсіпорынның активтері мен міндеттемелері алдындағы кәсіпорын белгілеген теңгерімдік құн бойынша көрсетілген. Алдындағы кәсіпорын еншілес кәсіпорынның ҚЕХС-ке сәйкес дайындалған қаржылық ақпараты шоғырландырылған анағұрлым жоғары деңгейдегі есеп беретін кәсіпорын болып есептеледі. Алдындағы кәсіпорынның бастапқы сатып алуы кезінде туындаған гудвилл де осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетіледі.

Алдындағы кәсіпорынның гудвилін қоса алғанда, таза активтердің теңгерімдік құны мен сатып алу үшін өтемақының арасындағы айырмашылық осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте меншікті капиталдың құрамындағы қосымша төленген капиталды түзету ретінде көрсетіледі.

Еншілес кәсіпорындардың, қауымдасқан кәсіпорындардың немесе бірлескен кәсіпорындардың істен шығуы. Холдинг бақылаудан немесе айтарлықтай ықпалынан айрылған кезде, кәсіпорында сақталатын үлес әділ құны бойынша қайта бағаланады, ал теңгерімдік құнның өзгерістері пайдада немесе залалда көрсетіледі. Әділ құн қауымдасқан кәсіпорында, бірлескен кәсіпорында немесе қаржы активінде қалған үлесті одан әрі есепке алу мақсаттары үшін бастапқы теңгерімдік құн болып табылады. Сонымен қатар, осы кәсіпорынға қатысты өзге жиынтық кірістің құрамында бұрын танылған барлық сомалар, Холдинг тиісті активтер мен міндеттемелерді істен шығаруды жүзеге асырғандай есепке алынады. Бұл өзге жиынтық кірістің құрамында бұрын көрсетілген сомалар пайдаға немесе залалға ауыстырылады дегенді білдіруі мүмкін.

Егер қауымдасқан кәсіпорындағы қатысу үлесі азайса, бірақ бұл ретте, айтарлықтай ықпал сақталатын болса, онда өзге жиынтық кірістің құрамында бұрын көрсетілген сомалардың пропорционалды үлесі ғана қажет болған жағдайларда пайдаға немесе залалға ауыстырылады.

Қаржы құралдары – бағалауға қатысты негізгі көзқарастар. Қаржы құралдары өздерінің сыныптамасына қарай, әділ құны немесе амортизацияланған құны бойынша көрсетіледі. Төменде осы бағалау әдістерінің сипаттамасы ұсынылған.

Әділ құн – бұл активті сату кезінде алынуы немесе бағалау күні нарыққа қатысушылар арасында нарықтық мәміле жағдайында операцияны жүргізу кезіндегі міндеттемені беру кезінде төленуі мүмкін баға. Әділ құнның ең жақсы расталуы белсенді нарықтағы белгіленетін баға болып табылады. Белсенді нарық – бұл активпен немесе міндеттемені операциялар бағалау туралы ақпаратты тұрақты негізде алуға мүмкіндік беретін жеткілікті жиілікпен және жеткілікті көлемде жүргізілетін нарық.

Белсенді нарықта айналатын қаржы құралдарының әділ құны белгіленетін бағаны жекелеген активке немесе міндеттемеге олардың кәсіпорын ұстап қалатын санына көбейту кезінде алынған сома ретінде бағаланады. Егер нарықтың қарапайым тәуліктік сауда айналымы кәсіпорында бар активтер мен міндеттемелердің санын қосып алу үшін жеткілікті болмаса, ал жекелеген операциядағы позицияларды сатуға тапсырыстарды орналастыру белгіленетін бағаға әсер етуі мүмкін болған жағдайда да, дәл осылай болады.

Әділ құнды бағалау нәтижелері әділ құнның иерархия деңгейлері бойынша мынадай түрде талданады және бөлінеді: (i) 1-деңгейге – бірдей активтер немесе міндеттемелер үшін белсенді нарықтардағы белгіленетін (түзетілмейтін) бағалар бойынша, (ii) 2-деңгейге – ондағы барлық пайдаланылатын елеулі бастапқы деректер не тікелей (мысалы, баға), не жанама (мысалы, бағаның негізінде есептелген) түрде актив немесе міндеттеме үшін бақыланатын болып табылатын (яғни, мысалы, бағалар) бағалау әдістерінің көмегімен алынған бағалаулар және (iii) 3-деңгейдің тек қана бақыланатын нарықтық деректерге негізделмеген бағалаулар болып табылатын бағалаулар жатады (яғни, бағалау үшін бақыланбайтын бастапқы деректердің айтарлықтай көлемі талап етіледі).

Өзіндік құн сатып алу күні активті сатып алу үшін берілген ақша қаражатының немесе оның баламаларының төленген сомасын немесе басқа да ресурстардың әділ құнын білдіреді және мәміле бойынша шығындарды қамтиды. Өзіндік құн бойынша бағалау нарықтық баға белгіленімдері жоқ және әділ құнын сенімді түрде бағалау мүмкін болмайтын үлестік құралдарға жұмсалатын инвестицияларға қатысты және ашық нарықта баға белгіленімдері жоқ мұндай үлестік құралдарға байланған және осындай үлестік құралдармен өтелуге жататын туынды құралдарға қатысты ғана қолданылады.

Мәміле бойынша шығындар қаржы құралын сатып алуға, шығаруға немесе істен шығаруға қатысты қосымша шығындар болып табылады. Қосымша шығындар – бұл мәміле жасалмаған жағдайда, келтірілмейтін шығындар. Мәміле бойынша шығындар агенттерге (сауда агенттері ретінде өкілдік ететін қызметкерлерді қоса алғанда), консультанттарға, брокерлер мен дилерлерге төленген сыйақы мен сомаларды, реттеуші органдар мен қор биржаларына төленетін алымдарды, сондай-ақ меншікті беру кезінде алынатын салықтар мен алымдарды қамтиды.

3 Есептік саясат қағидаттарының қысқаша мазмұнамасы (жалғасы)

Қаржы құралдары – бағалауға қатысты негізгі көзқарастар (жалғасы). Мәміле бойынша шығындар борыштық міндеттемелер бойынша сыйлықақыларды немесе дисконттарды, қаржыландыруға арналған шығындарды, ішкі әкімшілік шығыстарды немесе сақтауға арналған шығындарды қамтымайды.

Амортизацияланған құн өз алдына – негізгі борыштың төлемдері шегеріле отырып, бірақ есептелген пайыздарды қоса алғанда, ал қаржы активтері үшін құнсызданудан келтірілген залалдарды кез-келген есептен шығару шегеріле отырып, активтің бастапқы құнын білдіреді. Есептелген пайыздар бастапқы тану кезінде кейінге қалдырылған мәміле бойынша шығындардың, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі пайдаланыла отырып, өтеу сомасынан кез-келген сыйақылардың немесе дисконттардың амортизациясын қамтиды. Есептелген купондық кіріс пен амортизацияланған дисконтты немесе сыйақыны қоса алғанда (беру кезінде кейінге қалдырылған комиссияны қоса алғанда, ол болған кезде), есептелген пайыздық кірістер және есептелген пайыздық шығыстар жеке көрсетілмейді, қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есептің тиісті баптарының теңгерімдік құнына қосылады.

Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі – бұл әрбір кезеңде құралдың теңгерімдік құнына тұрақты пайыздық мөлшерлемені (тиімді пайыздық мөлшерлемені) қамтамасыз ету мақсатында тиісті кезеңнің ішінде пайыздық кірістерді немесе пайыздық шығыстарды тану әдісі.

Тиімді пайыздық мөлшерлеме – бұл болашақ ақшалай есеп айырысу төлемдерін немесе түсімдерді қаржы құралының күтілетін әрекет ету мерзіміне немесе тиісті жағдайларда, қаржы құралының таза теңгерімдік құнына дейінгі әлдеқайда қысқа мерзімге дисконттаудың нақты мөлшерлемесі (кредиттер бойынша болашақ залалдарды қоспағанда). Тиімді пайыздық мөлшерлеме, осы құрал үшін көрсетілген құбылмалы мөлшерлеме бойынша немесе нарықтық мәнге қарамастан белгіленетін басқа да ауыспалы факторлар бойынша кредиттік спредті көрсететін сыйақыны немесе дисконтты қоспағанда, мөлшерлемесі құбылмалы құралдар бойынша ақша ағындарын пайызды өзгертудің келесі күніне дейін дисконттау үшін пайдаланылады. Мұндай сыйақылар немесе дисконттар құрал айналымының бүкіл күтілетін мерзімі ішінде амортизацияланады. Келтірінді құнды есептеу тараптар шарт бойынша төлеген немесе алған, тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігін құрайтын барлық сыйақылар мен сомаларды қамтиды.

Қаржы құралдарын бастапқы тану. Өзгерістері кезең ішіндегі пайданың немесе залалдың құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын сауда бағалы қағаздары, туынды және басқа да қаржы құралдары бастапқы кезде әділ құны бойынша танылады. Барлық басқа қаржы құралдары бастапқы кезде, мәміле бойынша шығындарды қоса алғанда, әділ құны бойынша көрсетіледі. Бастапқы тану кезіндегі әділ құнның ең жақсы расталуы операцияның бағасы болып табылады. Бастапқы тану кезіндегі пайда немесе залал әділ құн мен операцияның құны арасында айырмашылық болған жағдайда ғана ескеріледі, оның расталуы ретінде дәл сондай құралы бар нарықта бақыланатын ағымдағы мәмілелер немесе базалық деректер ретінде бақыланатын нарықтардың деректерін ғана пайдаланатын бағалау әдісі қызмет етуі мүмкін.

Жеткізілуі заңнамада немесе осы нарық үшін іскерлік айналым әдет-ғұрыптарында белгіленген мерзімдерде жүргізілуіге тиіс қаржы активтерін сатып алу және сату («стандартты шарттармен» сатып алу және сату) мәміле жасалған күні, яғни Холдинг қаржы активін сатып алуға немесе сатуға міндеттенетін күні көрсетіледі. Сатып алу бойынша барлық басқа операциялар кәсіпорын осы қаржы құралына қатысты шарт тарапы болған кезде танылады.

Байланысты тараптарға белсенді нарықтарда айналмайтын валюталық своптардың, валюталық форвардтардың, кредиттердің әділ құнын айқындау үшін Холдинг ақша ағындарының дисконтталған келтірінді құны сияқты әдістерді пайдаланады. Операцияның бағасына тең болып қабылданатын, бастапқы тану кезіндегі әділ құн мен бағалау әдісі арқылы айқындалған сома арасында айырмашылықтардың туындауы ықтимал. Мұндай айырмашылықтар бастапқы кезде басқа активтердің немесе басқа міндеттемелердің құрамында танылады, ал кейіннен валюталық своптардың, валюталық форвардтардың, кредиттердің қолданылу мерзімі ішінде байланысты тараптарға біркелкі амортизацияланады.

Қаржы активтерін тануды тоқтату. Холдинг қаржы активтерін тануды (а) бұл активтер өтелген немесе осы активтерге байланысты ақша ағындарына құқықтар өзге түрде өтіп кеткен немесе (б) Холдинг қаржы активтерінен келетін ақша ағындарына құқықтарды берген немесе беру туралы келісім жасасқан және бұл ретте, (i) сондай-ақ осы активтерді иеленуге байланысты барлық тәуекелдер мен пайданы мәні бойынша берген немесе (ii) осы активтерді иеленуге байланысты барлық тәуекелдер мен пайданы мәні бойынша бермеген және сақтамаған, бірақ осы активтерге қатысты бақылау құқығынан айырылған кезде тоқтатады. Егер контрагенттің сатуға шектеулер енгізбей, байланысты емес үшінші тарапқа активті толық сатуға іс жүзінде мүмкіндігі болмаса, бақылау сақталады.

3 Есептік саясат қағидаттарының қысқаша мазмұнамасы (жалғасы)

Ақша қаражаты мен оның баламалары. Ақша қаражаты мен оның баламалары қолма-қол ақшаның белгілі бір сомасына жеңіл айырбасталатын баптар болып табылады және құнның болмашы өзгеруіне ұшырайды. Ақша қаражаты мен оның баламалары Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі («ҚРҰБ») шоттардағы міндетті резервтерді, бастапқы өтеу мерзімі үш айдан кем барлық банкаралық депозиттер мен басқа банктермен кері репо шарттарын қамтиды. Беру кезінде үш айдан астам кезеңге пайдалану бойынша өздеріне қатысты шектеулер бар қаражат ақша қаражаты мен оның баламаларының құрамынан алып тасталады. Ақша қаражаты мен оның баламалары амортизацияланған құн бойынша көрсетіледі.

Ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есепте ұсынылған төлемдер немесе ақша қаражатының түсімдері, Холдинг контрагенттерінің Холдингте орналастырылған ағымдағы шоттарына есептелген немесе есепке жазылған, клиенттің ағымдағы шотынан қаражатты есептен шығару арқылы өндіріп алынған кредит бойынша пайыздық кірістер немесе борыштың негізгі сомасы сияқты сомаларды, пайыздық төлемдерді немесе клиенттің көзқарасы тұрғысынан ақша қаражаты мен оның баламаларын білдіретін клиенттің ағымдағы шотына есепке жазылған берілген кредиттерді қоса алғанда, Холдингтің ақша қаражаты мен оның баламаларын беруі болып табылады.

ҚРҰБ шоттарындағы міндетті резервтер. ҚРҰБ шоттарындағы міндетті резервтер амортизацияланған құны бойынша көрсетіледі және ҚРҰБ-да депозиттелген қаражат болып табылады, олар бойынша пайыздар есептелмейді және Холдингтің күнделікті операцияларын қаржыландыруға арналмаған. Демек, олар ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есепті құрастыру мақсаттары үшін ақша қаражаты мен оның баламаларының құрамынан алып тасталады.

Сауда бағалы қағаздары. Сауда бағалы қағаздары – бұл бағаның қысқа мерзімді ауытқулары немесе сауда маржасы есебінен пайда алу мақсатында сатып алынатын қаржы активтері немесе қысқа мерзімді пайда алу үшін іс жүзінде пайдаланылатын қоржынның бір бөлігі болып табылатын бағалы қағаздар. Егер оның бағалы қағаздарды сатып алған кезінен бастап қысқа кезең ішінде сату ниеті болса, Холдинг оларды сауда бағалы қағаздары ретінде сыныптайды.

Холдинг туынды емес сауда қаржы активін, егер осы актив жуық арада сату мақсаттары үшін бұдан былай ұсталмайтын болса, өзгерістері кезең ішіндегі пайданың немесе залалдың құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын санатынан ауыстыра алады. Кредиттер мен дебиторлық берешек санатына жатпайтын қаржы активтері, жақындағы болашақта қайталану ықтималдығы екіталай өзгеше сипаттағы оқиғаға байланысты туындайтын сирек жағдайларда ғана өзгерістері кезең ішіндегі пайданың немесе залалдың құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын санатынан қайта сыныпталуы мүмкін. Кредиттер мен дебиторлық берешек анықтамасына сай келетін қаржы активтері, егер Холдингтің осы қаржы активтерін таяудағы болашақта немесе өтелгенге дейін ұстап отыру ниеті мен қабілеті болса, қайта сыныпталуы мүмкін.

Сауда бағалы қағаздары әділ құны бойынша көрсетіледі. Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі пайдаланыла отырып есептелген, сауда бағалы қағаздары бойынша пайыздық кірістер жыл ішіндегі пайда немесе залал туралы шоғырландырылған есепте пайыздық кіріс ретінде көрсетіледі. Дивидендтер Холдингтің тиісті төлемдер алу құқығы белгіленген кезде және дивидендтерді алу ықтималдығы бар деген шартпен өзге операциялық кірістер құрамында дивидендтер бойынша кіріс ретінде көрсетіледі.

Әділ құнды өзгертудің барлық өзге компоненттері, сондай-ақ тануды тоқтату бойынша кірістер немесе шығыстар жыл ішіндегі пайда немесе залал туралы шоғырландырылған есепте өздері туындаған кезеңде сауда бағалы қағаздарымен операциялар бойынша шығыстар шегеріле отырып, кірістер ретінде көрсетіледі.

Өзгерістері кезең ішіндегі пайданың немесе залалдың құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын өзге де бағалы қағаздар. Өзгерістері кезең ішіндегі пайданың немесе залалдың құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын өзге де бағалы қағаздар бастапқы тану кезінде осы санатқа жатқызылған қаржы активтерін қамтиды. Басшылық бағалы қағаздарды осы санатқа, егер (а) мұндай сыныптама олай болмаған жағдайда активтер мен міндеттемелерді бағалау немесе әртүрлі әдістер пайдаланыла отырып, тиісті кірістер мен шығыстарды тану нәтижесінде туындайтын есепке алудағы сәйкессіздіктерді жойған немесе айтарлықтай азайтқан; немесе (б) қаржы активтерінің, қаржы міндеттемелерінің тобы немесе екеуін де басқару, сондай-ақ олардың тиімділігін бағалау тәуекелдерді басқарудың құжатпен бекітілген стратегиясына немесе инвестициялық стратегияға сәйкес жүзеге асырылған және бұл негіз туралы ақпаратты Холдингтің Директорлар кеңесі ашып көрсеткен және қайта қараған жағдайда ғана жатқызады. Осы санаттағы қаржы активтерін тану және бағалау сауда бағалы қағаздарына қатысты жоғарыда келтірілген есептік саясатқа сәйкес келеді.

Басқа банктердегі қаражат. Холдинг контрагент банктерге ақша қаражатын белгіленген немесе айқындалатын күні өтелуге жататын аванстық төлемдер түрінде берген кезде, басқа банктердегі қаражат есепке алынады, бұл ретте, Холдингтің туынды қаржы құралдарына байланысты емес және ашық нарықта баға белгіленімдері жоқ туындаған дебиторлық берешекпен сауда операцияларын жүзеге асыру ниеті болмайды. Басқа банктердегі қаражат амортизацияланған құны бойынша көрсетіледі.

3 Есептік саясат қағидаттарының қысқаша мазмұнамасы (жалғасы)

Клиенттерге берілген кредиттер. Холдинг клиенттерге туынды қаржы құралдарына байланысты емес және ашық нарықта баға белгіленімдері жоқ, белгіленген немесе айқындалатын күні өтелуге жататын дебиторлық берешекті сатып алу немесе жасау мақсатында ақша қаражатын аванстық төлемдер түрінде берген кезде, клиенттерге берілген кредиттер есепке алынады және бұл ретте, Холдингтің осы дебиторлық берешекпен сауда операцияларын жүзеге асыру ниеті болмайды. Клиенттерге берілген кредиттер амортизацияланған құны бойынша есепке алынады.

Амортизацияланған құны бойынша көрсетілетін қаржы активтерінің құнсыздануы. Қаржы активі бастапқы танылғаннан кейін орын алған және сомасы сенімді түрде бағалануы мүмкін қаржы активі немесе қаржы активтерінің тобы бойынша күтілетін болашақ ақша ағындарының көлеміне немесе уақыт мерзімдеріне ықпал ететін бір немесе бірнеше оқиғаның нәтижесінде («залалға алып келетін оқиға») келтірілуіне қарай жыл ішіндегі пайда мен залалда танылады. Егер Холдингтің жеке бағаланған қаржы активі үшін құнсызданудың объективті дәлелдемелері болмаған жағдайда (оның маңыздылығына қарамастан), бұл актив кредиттік тәуекелдің ұқсас сипаттары бар қаржы активтерінің тобына қосылады және олармен жиынтықта құнсыздану тұрғысынан бағаланады.

Холдинг қаржы активінің құнсыздануы туралы мәселені қараған кезде назарға алатын негізгі факторлар оның мерзімі өткен мәртебесі және кепілзаттық қамтамасыз етуді, ол болған кезде, өткізу мүмкіндігі болып табылады. Төменде солардың негізінде құнсызданудан болатын залалдың объективті белгілерінің бар-жоғы айқындалатын негізгі өлшемшарттар санамаланған:

- кез-келген кезекті төлемнің мерзімін өткізіп алу және бұл ретте уақытылы төлемеу есеп айырысу жүйелерінің жұмысындағы кідіріспен түсіндірілмейді ;
- қарыз алушы елеулі қаржы қиындықтарын көреді, бұл қарыз алушы туралы Холдингтің иелігіндегі қаржылық ақпаратпен расталады ;
- қарыз алушының банкроттық немесе қаржылық қайта ұйымдастыру қаупі бар ;
- қарыз алушыға ықпал ететін ұлттық немесе жергілікті экономикалық шарттардың өзгерістеріне негізделетін қарыз алушының төлем мәртебесінің теріс өзгерісі бар; немесе
- нарықтағы жағдайдың нашарлауы салдарынан қамтамасыз ету құнының айтарлықтай төмендейді .

Құнсыздануды жиынтық бағалау мақсатында қаржы активтері кредиттік тәуекелдің ұқсас сипаттамалары бойынша топтастырылады. Бұл сипаттамалар осындай активтердің топтары үшін ақша қаражатының болашақ ағындарын бағалауға жатады және дебиторлардың келісімшарттық талаптарға сәйкес бағаланатын активтерге қатысты барлық тиесілі сомаларды өтеу қабілетін дәлелдейді.

Құнсыздану тұрғысынан жиынтықта бағаланатын қаржы активтерінің тобындағы ақша қаражатының болашақ ағындары осы активтерге байланысты келісімшарттық ақша ағындары негізінде және залалдың орын алған оқиғалары салдарынан туындайтын мерзімі өткен берешектің көлемдері туралы, сондай-ақ мерзімі өткен берешекті өтеудің сәттілігі туралы басшылықтың қолында бар статистика негізінде айқындалады. Өткен жылдардың статистикасы алдыңғы кезеңдерге ықпал етпеген ағымдағы шарттардың ықпалын көрсету үшін, сондай-ақ ағымдағы кезеңде жоқ өткендегі оқиғалардың әсерін жою үшін ағымдағы бақыланатын деректер негізінде түзетіледі.

Егер амортизацияланған құны бойынша көрсетілетін құнсызданған қаржы активінің шарттары қарыз алушының немесе эмитенттің қаржылық қиындықтарына байланысты қайта қаралса немесе өзге түрде өзгертілсе, құнсыздану шарттар өзгергенге дейінгі бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлеме пайдаланыла отырып айқындалады. Осыдан кейін шарттары қайта қаралған қаржы активін тану тоқтатылады және бірақ егер осы активке байланысты тәуекелдер мен пайда айтарлықтай өзгерсе ғана, жаңа актив әділ құны бойынша танылады. Бұл, әдетте, ақша қаражатының бастапқы және жаңа күтілетін ағындарының келтірінді құнының елеулі айырмашылығымен расталады.

Құнсызданудан болатын залалдар үнемі активтің теңгерімдік құнын осы актив бойынша бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлеме пайдаланыла отырып дисконтталған күтілетін ақша ағындарының келтірінді құнына дейін төмендету үшін қажетті мөлшердегі резервті құру арқылы танылады (ол қазіргі уақытта әлі келтірілмеген кредит бойынша болашақ залалдарды қамтымайды). Құнсызданған қаржы активінің күтілетін ақша ағындарының келтірінді құнын есептеу қамтамасыз етуді сатып алуға және сатуға шығындар шегеріле отырып, кредитордың борышкердің мүлкін иелену ықтималдығы дәрежесіне қарамастан, кредитордың борышкердің мүлкін иеленуі нәтижесінде туындауы мүмкін ақша ағындарын қамтиды.

Егер құнсызданудан болатын залалдың сомасы кейінгі кезеңде азайса және бұл азаю құнсыздануды танудан кейін орын алған оқиғаға объективті түрде жатқызылуы мүмкі болса (мысалы, дебитордың кредиттік рейтингінің өсуі сияқты), құнсызданудан болған бұрын көрсетілген залал жыл ішіндегі пайда мен залал арқылы құрылған резервті түзету арқылы қалпына келтіріледі.

Өтелуі мүмкін болмайтын және толық немесе ішінара өтеу мақсатында өздеріне қатысты барлық қажетті рәсімдер аяқталған және залалдың түпкілікті сомасы айқындалған активтер құнсыздану үшін қалыптастырылған резерв есебінен есептен шығарылады. Бұрын есептен шығарылған сомаларды кейіннен қалпына келтіру жыл ішіндегі пайда мен залалға құнсызданудан болған шығындар есебіне жатқызылады.

3 Есептік саясат қағидаттарының қысқаша мазмұнамасы (жалғасы)

Өтелмеген төлемдер үшін меншікке алынған қамтамасыз ету. Өтелмеген төлемдер үшін меншікке алынған қамтамасыз ету Холдинг мерзімі өткен кредиттерді реттеу кезінде алған қаржы және қаржы емес активтерді білдіреді. Бұл активтер алу кезіндегі әділ құны бойынша танылады және олардың сипатына, сондай-ақ Холдингтің осы активтерді өндіріп алуға қатысты ниеттеріне қарай, негізгі құралдар, өзге қаржы активтері, инвестициялық мүлік немесе өзге активтер құрамындағы қорларға қосылады, ал кейіннен активтердің осы санаты үшін есептік саясатқа сәйкес қайта бағаланады және есепке алынады.

Егер есепті кезеңнің аяғында қолданылатын шарттар орындалса, Холдинг сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер және өтелмеген төлемдер үшін меншікке алынған қамтамасыз етуге істен шығару топтары үшін есептік саясатты қолданады.

Егер өтелмеген төлемдер үшін кепілзаттық қамтамасыз етуді меншікке алу бизнесті бақылаудың туындауына алып келсе, бизнесті біріктіру сатып алу әдісі бойынша есепке алынады, бұл ретте, реттелген кредиттің әділ құны сатып алу құнын білдіреді (шоғырлану үшін есептік саясаттың қағидаттарын қараңыз). Өтелмеген төлемдер үшін меншікке алынған акцияларға Холдинг айтарлықтай ықпалды сатып алған, бірақ бақылауды сатып алмаған жағдайларда қауымдасқан кәсіпорынды үшін есептік саясат қолданылады. Қауымдасқан кәсіпорынның құны кепілге салынған акцияларды меншікке алу арқылы реттелген кредиттің әділ құнына тең болады.

Кредиттік сипаттағы міндеттемелер. Холдинг кредиттерді беру жөніндегі қаржы кепілдіктері мен міндеттемелерін шығарады. Қаржы кепілдіктері клиент үшінші тараптар алдындағы міндеттемелерін орындамаған жағдайда төлемдерді жүзеге асырудың қайтарып алынбайтын міндеттемелерін білдіреді және кредиттер сияқты дәл сондай кредиттік тәуекелге ұшырайды. Кредиттерді беру жөніндегі қаржы кепілдіктері мен міндеттемелері бастапқы кезде, әдетте, алынған комиссиялардың сомасымен расталған әділ құны бойынша көрсетіледі. Бұл сома, егер Холдинг нақты кредиттік келісім жасасады және кредитті бергеннен кейін қысқа мерзім ішінде оны өткізуді жоспарламайды деген ықтималдық болған жағдайда, кредитті беру жөніндегі міндеттемелері қоспағанда, міндеттеменің қолданылу мерзімі ішінде желілік әдіспен амортизацияланады; кредиттерді беру жөніндегі міндеттемеге байланысты мұндай комиссиялық шығыстар болашақ кезеңдердің кірістері ретінде есепке алынады және бастапқы тану кезінде кредиттің теңгерімдік құнына қосылады. Әрбір есепті кезеңнің аяғында міндеттемелер (i) бастапқы танудың амортизацияланбаған сомасының арасынан ең үлкені; және (ii) есепті кезеңнің аяғындағы жағдай бойынша міндеттемені реттеу үшін қажетті шығындарды ең үздік бағалау бойынша бағаланады.

Комиссиялық кірістер өткізілмеген міндеттемеге қатысты мерзімді түрде есептелген жағдайларда, олар тиісті міндеттеменің мерзімі ішінде біркелкі түсімнің құрамында танылады.

Міндеттемелерді орындау кепілдіктері. Міндеттемелерді орындау кепілдіктері – бұл, егер шарт бойынша екінші тарап шартта көзделген міндеттемесін орындамаса, өтемақы алуды көздейтін шарттар. Мұндай шарттар кредиттік тәуекелді бермейді. Міндеттемелерді орындау кепілдіктері бастапқы кезде, әдетте, алынған сыйақының сомасымен расталған әділ құны бойынша көрсетіледі. Бұл сома шарттың қолданылу мерзімі ішінде желілік әдіспен амортизацияланады. Әрбір есепті кезеңнің аяғында міндеттемелерді орындау кепілдігінің шарттары (i) бастапқы танудың амортизацияланбаған сомасының арасынан ең үлкені; және (ii) есепті кезеңнің аяғындағы жағдай бойынша келтірінді құнға дейін дисконтталған міндеттемені реттеу үшін қажетті шығындарды ең үздік бағалау бойынша бағаланады. Егер Холдингтің міндеттемелерді орындау кепілдіктерінің шарттарын реттеу үшін төленген сомаларды өтеу үшін клиентке өтініш жасауға шарттық құқығы болса, бұл сомалар кепілдік бойынша бенефициарға залал үшін өтемақы берілгеннен кейін кредиттер және дебиторлық берешек ретінде танылуға тиіс.

Сату үшін қолда бар инвестициялық бағалы қағаздар. Бағалы қағаздардың бұл санаты Холдинг белгіленбеген уақыт кезеңі ішінде ұстап тұруға ниеттенетін және өтімділікті қолдау жөніндегі талаптарға қарай немесе пайыздық мөлшерлемелердің, айырбас бағамдарының немесе акциялар бағаларының өзгеруі нәтижесінде сатылуы мүмкін инвестициялық бағалы қағаздарды қамтиды.

Сату үшін қолда бар инвестициялық бағалы қағаздар әділ құны бойынша есепке алынады. Сату үшін қолда бар борыштық бағалы қағаздар бойынша пайыздық кіріс тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісінің негізінде есептеледі және жыл ішіндегі пайдада немесе залалда көрсетіледі.

Сату үшін қолда бар үлестік құралдар бойынша дивидендтер Холдингтің төлемдер алу құқығы белгіленген кезде және дивидендтерді алу ықтималдығы бар деген шартпен жыл ішіндегі пайдада немесе залалда көрсетіледі.

3 Есептік саясат қағидаттарының қысқаша мазмұнамасы (жалғасы)

Сату үшін қолда бар инвестициялық бағалы қағаздар (жалғасы). Әділ құн өзгерісінің барлық қалған компоненттері инвестицияны тану тоқтатылған немесе ол құнсызданған кезге дейін өзге жиынтық кірістің құрамында көрсетіледі, бұл ретте жинақталған пайда немесе залал өзге жиынтық кіріс санатынан жыл ішіндегі пайдаға немесе залалға ауыстырылады. Құнсызданудан болатын залалдар сату үшін қолда бар инвестициялық бағалы қағаздар бастапқы танылғаннан кейін орын алған бір немесе біреуден артық оқиғалар нәтижесінде («залалға алып келетін оқиғалар») олардың келтірілуіне қарай жыл ішіндегі пайдада немесе залалда танылады. Үлестік бағалы қағаздың әділ құнының оны сатып алу құнынан айтарлықтай немесе ұзақ уақыт бойы төмендеуі оның құнсыздануының белгісі болып табылады. Бастапқы кезде пайдада және залалда танылған осы активтің құнсыздануынан болатын залал шегеріле отырып, сатып алу құны мен ағымдағы әділ құны арасындағы айырмашылық ретінде айқындалған құнсызданудан болатын жинақталған залал өзге жиынтық кіріс санатынан жыл ішіндегі пайдаға немесе залалға ауыстырылады. Үлестік құралдардың құнсыздануынан болатын залалдар қалпына келтірілмейді, ал кейінгі кірістер өзге жиынтық кірістің құрамында көрсетіледі. Егер кейінгі есепті кезеңде «сату үшін қолда бар» санатына жатқызылған борыштық құралдың әділ құны ұлғайса және мұндай ұлғаюдың құнсызданудан болған залалды пайдада немесе залалда танудан кейін орын алған оқиғаға объективті түрде жатқызылуы мүмкін болса, онда құнсызданудан болған залал жыл ішіндегі пайда немесе залал арқылы қалпына келтіріледі.

Сату және кері өтеп алу шарттары бойынша мәмілелер. Іс жүзінде контрагентке кредитордың кірістілігін қамтамасыз ететін сату және кері өтеп алу шарттары бойынша мәмілелер («репо шарттары») бағалы қағаздардың қамтамасыз етілуі үшін қаражат тарту операциялары ретінде қаралады. Сату және кері өтеп алу шарттары бойынша шарттары бойынша сатылған бағалы қағаздарды тану тоқтатылмайды. Сатып алатын тұлғаның келісімшарт бойынша немесе қалыптасқан практикаға сәйкес бағалы қағаздарды сату немесе қайтадан кепілге салу құқығы болған жағдайлардан басқа, бағалы қағаздарды қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есептің басқа бабына қайта сыныптау жүргізілмейді. Мұндай жағдайларда олар «Репо мәмілелері бойынша кредиторлық берешек» ретінде сыныпталады. Тиісті міндеттемелер «Басқа банктердің қаражаты» жолында көрсетіледі.

Іс жүзінде Холдингке кредитордың кірістілігін қамтамасыз ететін, кері сату міндеттемесі бар шарттар бойынша мәмілелер («кері репо») бойынша сатып алынған бағалы қағаздар контрагентке қарай, «Кері репо мәмілелері бойынша дебиторлық берешек» ретінде көрсетіледі. Пайыздық және дивидендтік кіріске түзетілген, контрагент алған сату бағасы мен кері өтеп алу бағасы арасындағы айырмашылық пайыздық кіріс ретінде танылады және репо шартының бүкіл қолданылу мерзімі ішінде тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі бойынша есептеледі.

Контрагенттерге тіркелген сыйақы үшін қарыз ретінде берілген бағалы қағаздар, контрагенттің келісімшарт бойынша немесе қалыптасқан практикаға сәйкес осы бағалы қағаздарды сату немесе қайтадан кепілге салу құқығы болған жағдайлардан басқа, шоғырландырылған қаржылық есептілікте қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есептің бастапқы бабында көрсетілуін жалғастырады. Мұндай жағдайларда оларды жеке теңгерімдік бапқа қайта сыныптау жүргізіледі.

Тіркелген сыйақы үшін қарыз ретінде алынған бағалы қағаздар, олар үшінші тараптарға өткізілген жағдайлардан басқа, шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетілмейді. Мұндай жағдайларда осы бағалы қағаздарды сатып алудан және сатудан болатын қаржылық нәтиже «Өзгерістері кезең ішіндегі пайданың немесе залалдың құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын қаржы активтерімен операциялардан болатын пайда/(залал)» не «Сату үшін қолда бар инвестициялық бағалы қағаздармен операциялардан болатын пайда/(залал)» жолында жыл ішіндегі пайдада немесе залалда көрсетіледі. Бағалы қағаздарды қайтару жөніндегі міндеттеме «Өзге қарыз қаражаты» жолының құрамында әділ құны бойынша көрсетіледі.

Өтеуге дейін ұсталатын инвестициялық бағалы қағаздар. Бұл топқа Холдинг өтеуге дейін ұстауды жоспарлайтын және ұстай алатын, тіркелген немесе айқындалатын төлемдері мен тіркелген өтеу мерзімі бар белгіленетін туынды емес қаржы активтері қосылады. Егер Холдингтің эмитенттен осы инвестициялық қағазды өтеу мерзімі басталғанға дейін өтеуді немесе өтеп алуды талап ету құқығы болса, инвестициялық бағалы қағаздар өтеуге дейін ұсталатындар ретінде сыныпталамайды, себебі, мерзімінен бұрын өтеп алу құқығы активті өтеуге дейін ұстап қалу ниетіне қайшы келеді. Басшылық өтеуге дейін ұсталатын инвестициялық бағалы қағаздарды бастапқы тану кезінде сыныптайды және осы сыныптаманы әрбір есепті кезеңнің аяғында қайта қарайды. Өтеуге дейін ұсталатын инвестициялық бағалы қағаздар амортизацияланған құны бойынша көрсетіледі.

Инвестициялық мүлік. Инвестициялық мүлік – бұл Холдинг қарызға алмайтын, Холдинг жалға алу кірісін алу және салынған капиталдың құнын арттыру мақсатында немесе осы екі мақсатқа да қол жеткізу үшін ұстап қалатын мүлік. Инвестициялық мүліктің құрамына болашақта инвестициялық мүлік ретінде пайдалануға арналған құрылысы аяқталмаған объектілер кіреді. Бастапқы мойындаған кезде инвестициялық мүлік, мәміле бойынша шығындарды қоса алғанда, бастапқы құны бойынша есепке алынады. Еңбекпен табылған жалға алу кірісі өзге операциялық кірістер құрамында жыл ішіндегі пайдада немесе залалда көрсетіледі.

3 Есептік саясат қағидаттарының қысқаша мазмұнамасы (жалғасы)

Инвестициялық мүлік (жалғасы). Инвестициялық мүліктің құнсыздану белгілері болған кезде Холдинг оның өтелетін құнын бағалауды жүргізеді, ол сатуға арналған шығындар шегеріле отырып, пайдалану құны мен әділ құнның ең үлкені ретінде айқындалады. Инвестициялық мүліктің теңгерімдік құнын өтелетін құнға дейін төмендету жыл ішіндегі пайдада немесе залалда көрсетіледі. Алдыңғы жылдарда көрсетілген құнсызданудан болған залал, егер кейіннен активтің өтелетін құнын айқындау үшін пайдаланылған бағалауда өзгеріс орын алса қалпына келтіріледі.

Кейінгі шығындар Холдинг соларға байланысты болашақ экономикалық пайда алады және олардың құны сенімді түрде бағалануы мүмкін деген ықтималдық болғанда ғана капиталдандырылады. Жөндеуге және ағымдағы қызмет көрсетуге арналған барлық өзге шығыстар келтірілуге қарай шығыстар ретінде есепке алынады. Егер инвестициялық мүліктің меншік иесі оны қарызға алса, онда бұл мүлік «Негізгі құрал» санатына ауыстырылады.

Негізгі құралдар. Негізгі құралдар негізгі құралдардың жинақталған амортизациясы және құнсызданудан жинақталған залалдар шегеріле отырып, сатып алу құны бойынша есепке алынады (бұл қажет болған жерде).

Болмашы жөндеу және ағымдағы қызмет көрсету бойынша шығыстар олардың туындауына қарай есепке алынады. Негізгі құралдардың ірі компоненттерін ауыстыру бойынша шығыстар кейіннен ауыстырылған компонент есептен шығарыла отырып капиталдандырылады.

Әрбір есепті кезеңнің аяғында басшылық негізгі құралдардың құнсыздану белгілерінің бар-жоғын айқындайды. Құнсыздану белгілері болған кезде басшылық өтелетін құнды бағалауды жүргізеді, ол сатуға арналған шығындар және пайдалану құны шегеріле отырып, активтің әділ құнының ең үлкені ретінде айқындалады. Теңгерімдік құн өтелетін құнға дейін азайтылады, ал құнсызданудан болған залал жыл ішіндегі пайдаға немесе залалға жатқызылады. Алдыңғы кезеңдерде қандай да бір актив үшін көрсетілген құнсызданудан болған залал, егер пайдалану құнын немесе сатуға арналған шығындар шегеріле отырып, оның әділ құнын айқындау үшін пайдаланылған бағалауларда өзгеріс орын алса, қалпына келтіріледі.

Түсімнің сомасын теңгерімдік құнмен салыстыру арқылы айқындалатын, істен шығарудан болатын пайда мен залал жыл ішіндегі пайдада немесе залалда көрсетіледі (өзге операциялық кірістер мен шығыстар құрамында).

Амортизация. Жер және аяқталмаған құрылыс амортизациялауға жатпайды. Басқа негізгі құралдар бойынша амортизация желілік әдіс пайдаланыла отырып, яғни активтерді пайдалы қолданудың мынадай есептік мерзімдері ішінде қалдық құнға дейін құны біркелкі азайтыла отырып есептеледі:

	<u>Пайдалы қолдану мерзімі, жыл</u>
Ғимараттар	8 - 100
Көлік құралдары	5 - 7
Офистік және компьютерлік жабдық	2 - 10
Басқалары	3 - 20

Активтің қалдық құны – бұл, егер актив пайдалы қолдану мерзімінің аяғына және пайдалы қолдану мерзімінің аяғына тән жай-күйге жетіп қойған болса, істен шығаруға болжанып отырған шығындар шегерілгеннен кейін ағымдағы кезде активтің істен шығуынан Холдинг алатын есептік сома. Активтердің қалдық құны және оларды пайдалы қолданудың мерзімі қайта қаралады және егер қажет болса, әрбір есепті кезеңнің аяғында оларға түзету енгізіледі.

Материалдық емес активтер. Гудвилден басқа, Холдингтің материалдық емес активтерінің белгілі бір пайдалы қолдану мерзімі бар және олар, негізінен, капиталдандырылған бағдарламалық қамтылымды және басқа да сатып алынған лицензияларды қамтиды. Бағдарламалық қамтылымға сатып алынған лицензиялар осы бағдарламалық қамтылымды сатып алу және енгізу үшін келтірілген шығындар негізінде капиталдандырылады. Холдинг бақылайтын, сәйкестендірілетін және бірегей бағдарламалық қамтылымға тікелей байланысты әзірлеуге арналған шығындар, егер қосымша экономикалық пайданың сомасы шығындардан асып түседі деп күтілсе, материалдық емес активтер ретінде көрсетіледі. Капиталдандырылған шығындар бағдарламалық қамтылымды әзірлеушілер тобын ұстауға арналған шығыстарды және үстеме шығыстардың тиісті үлесін қамтиды. Бағдарламалық қамтылымға (мысалы, оған қызмет көрсетуге) байланысты барлық басқа шығындар олардың келтірілуіне қарай ескеріледі.

Материалдық емес активтер активтерді пайдалы қолданудың мынадай есептік мерзімдері ішінде желілік әдіспен амортизацияланады :

	<u>Пайдалы қолдану мерзімі, жыл</u>
Компьютерлік бағдарламалық қамтылымға арналған лицензиялар мен патенттер	3 - 20
Дербес әзірленген бағдарламалық қамтылым	1 - 14
Басқалары	2 - 15

3 Есептік саясат қағидаттарының қысқаша мазмұнамасы (жалғасы)

Операциялық жалға алу. Холдинг жалға алушы ретінде болғанда және жалға алу объектілерін иеленуден келетін тәуекелдер мен кірістерді жалға беруші Холдингке бермеген кезде операциялық жалға алу шарттары бойынша төлемдердің жалпы сомасы жалға алу мерзімі ішінде біркелкі есептен шығару әдісі пайдаланыла отырып, жыл ішіндегі пайдада немесе залалда (операциялық жалға алу бойынша шығыстар ретінде) көрсетіледі.

Егер (а) шартты орындау нақты бір активті немесе активтерді пайдалануға байланысты болса және (б) шартта активті пайдалану құқығын беру көзделсе, басқа шарттарға кіріктірілген жалға алу бөліп көрсетіледі.

Активтер операциялық жалға берілген кезде, алуға жататын жалға алу төлемдері жалға алу мерзімі ішінде біркелкі есептен шығару әдісі пайдаланыла отырып, жалға беруден болатын кірістер ретінде көрсетіледі.

Қаржылық жалға алу бойынша дебиторлық берешек. Холдинг жалға беруші ретінде болғанда және жалға алу объектілерін иеленуден келетін тәуекелдер мен кірістер жалға алушыға берілген кезде, жалға берілетін активтер қаржылық жалға алу бойынша дебиторлық берешек ретінде көрсетіледі және болашақ жалға алу төлемдерінің келтірінді құны бойынша есепке алынады. Қаржылық жалға алу бойынша дебиторлық берешек бастапқы кезде жалға алу қатынастары күні айқындалған дисконттау мөлшерлемесі пайдаланыла отырып, жалға алу қатынастары туындаған (жалға алу басталған) күнге көрсетіледі (жалға алу қатынастары басталған күн деп екі күннің: жалға алу шарты жасалған күннің және тараптардың жалға берудің негізгі шарттарына қатысты міндеттемелерді қабылдаған күнінің анағұрлым ертерегі есептеледі).

Дебиторлық берешектің сомасы мен болашақ жалға алу төлемдерінің дисконтталған құны арасындағы айырмашылық алынбаған қаржы кірістерін білдіреді. Бұл кірістер жалға алу шарты қолданылатын бүкіл мерзім ішінде кірістіліктің тұрақты нормасын болжамдайтын таза инвестициялар әдісі пайдаланыла отырып, жалға алу мерзімінің ішінде танылады (салық салуға дейін). Жалға алу қатынастарын ұйымдастыруға тікелей байланысты қосымша шығындар қаржылық жалға алу бойынша дебиторлық берешектің бастапқы сомасына қосылады және жалға алу мерзімі ішінде танылатын кірістің сомасын азайтады. Жалға алу бойынша қаржылық кірістер кезең ішіндегі пайдада немесе залалда пайыздық кірістер құрамында көрсетіледі.

Құнсызданудан болатын залалдар қаржылық жалға алу бойынша дебиторлық берешекті бастапқы танудан кейін орын алған бір немесе одан көп оқиғалардың нәтижесінде («залалға алып келетін оқиғалардың») олардың туындауына қарай жыл ішіндегі пайдада немесе залалда танылады. Құнсызданудан болатын залалдардың объективті белгілерінің бар-жоғын айқындау үшін Холдинг амортизацияланған құн бойынша көрсетілетін кредиттер үшін дәл сондай негізгі өлшемшарттарды пайдаланады. Құнсызданудан болатын залалдар қаржылық жалға алу бойынша дебиторлық берешектің таза теңгерімдік құны мен жалға алу шартына кіріктірілген кірістілік нормасы қолданыла отырып дисконтталған күтілетін болашақ ақша ағындарының келтірінді құны арасындағы айырманың мөлшерінде резервті құру арқылы танылады (әл келтірілмеген болашақ залалдарды алып тастай отырып). Есеп айырысу болашақ ақша ағындары жалға алу шарты бойынша активті алу және сату нәтижесінде туындауы мүмкін ақша ағындарын көрсетеді.

Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер. Ұзақ мерзімді активтер мен ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді активтерді қамтуы мүмкін істен шығару топтары, егер олардың теңгерімдік құны, негізінен, есепті кезең аяқталғаннан кейін 12 ай ішінде сату арқылы (осы активтерді ұстайтын еншілес кәсіпорындарды бақылаудан айырылуды қоса алғанда) өтелетін болса, қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте «Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер» ретінде көрсетіледі. Активтерді қайта сыныптау мынадай барлық өлшемшарттарды сақтауды талап етеді: (а) активтер олардың ағымдағы жағдайында дереу сатуға дайын; (б) Холдингтің басшылығы сатып алушыны іздеу бойынша қолданыстағы бағдарламаны бекітті және оны іске асыруға кірісті; (в) активтерді барабар құны бойынша сату үшін белсенді маркетинг жүргізіліп жатыр; (г) сату бір жыл ішінде жүзеге асырылады деп күтіледі және (д) сату жоспарын айтарлықтай өзгерту немесе оның күшін жою күтілмейді. Ағымдағы есепті кезең ішіндегі қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте сатуға арналған ретінде сыныпталған ұзақ мерзімді активтер немесе істен шығару топтары қайтадан сыныпталмайды және ағымдағы есепті кезеңнің аяғындағы сыныптамаға сәйкес келтіру үшін қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есептің салыстырмалы деректерінде ұсынылу нысанын өзгертпейді.

Істен шығару тобы бір сату операциясы процесінде бірыңғай топпен сату арқылы немесе өзге тәсілмен істен шығарылуға жататын активтер тобын (ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді) және осы операция процесінде біретілетін активтерге тікелей байланысты міндеттемелерді білдіреді. Егер істен шығару тобы ақша ағынын генерациялайтын, сатып алу кезінде соған гудвилл бөлінген бірліктің құрамындағы активті қамтыған жағдайда, гудвилл істен шығару тобының құрамында есепке алынады. Ұзақ мерзімді активтер – бұл күтілетіндей, есепті кезең аяқталғаннан кейін 12 ай ішінде өтелмейтін немесе алынбайтын сомаларды қамтитын активтер. Егер қайта сыныптау қажеттілігі туындаса, ол активтің әрі қысқа мерзімді, әрі ұзақ мерзімді бөлігі үшін жүргізіледі.

Сатуға арналған істен шығару топтары сатуға арналған шығындар шегеріле отырып, ең аз теңгерімдік құн мен әділ құн бойынша бағаланады. Сатуға арналған негізгі құралдар, инвестициялық мүлік және материалдық емес активтер амортизацияланбайды.

Істен шығару топтарына тікелей байланысты және сату кезінде берілетін міндеттемелер қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте жеке жолда көрсетіледі.

3 Есептік саясат қағидаттарының қысқаша мазмұнамасы (жалғасы)

Тоқтатылған қызмет. Тоқтатылған қызмет Холдингінің сатылған немесе сатуға арналған ретінде сыныпталған компоненті болып табылады және (а) жеке елеулі қызмет түрін немесе операцияларды жүргізудің географиялық ауданын білдіреді; (б) жеке елеулі операциялар түрін немесе қызметтің географиялық өңірін істен шығарудың бірыңғай үйлестірілген жоспарының бір бөлігі болып табылады; немесе (в) тек қана кейіннен қайта сату мақсатында сатып алынған еншілес кәсіпорын болып табылады. Тоқтатылған қызметтен түсетін түсім мен ақша ағындары (олар болған жағдайда) салыстырмалы ақпарат тиісінше қайтадан ашып көрсетіле отырып, жалғасатын қызметтен бөлек көрсетіледі.

Банктерден және өзге де қаржы институттарынан алынған қарыздар. Банктерден және өзге де қаржы институттарынан алынған қарыздар контрагент банктер Холдингке ақша қаражатын немесе өзге де активтерді берген кезден бастап көрсетіледі. Туынды емес қаржы міндеттемелері амортизацияланған құны бойынша көрсетіледі.

Клиенттердің қаражаты. Клиенттердің қаражаты жеке тұлғалар, мемлекеттік немесе корпоративтік клиенттер алдындағы туынды емес қаржы міндеттемелерін білдіреді және амортизацияланған құны бойынша көрсетіледі.

Шығарылған борыштық бағалы қағаздар. Шығарылған борыштық бағалы қағаздар АҚШ долларымен көрсетілетін еурооблигацияларды және Холдинг пен оның еншілес кәсіпорындары қазақстандық теңгемен шығарған өзге де облигацияларды қамтиды. Борыштық бағалы қағаздар амортизацияланған құны бойынша көрсетіледі. Егер Холдинг өзінің шығарылған борыштық бағалы қағаздарын сатып алса, олар қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есептен алып тасталады, ал міндеттеменің теңгерімдік құны мен төленген сома арасында айырма берешекті мерзімінен бұрын реттеуден болатын кірістердің құрамына қосылады.

Туынды қаржы құралдары. Валюта айырбастау келісімшарттарын, пайыздық фьючерстерді, болашақ пайыздық мөлшерлеме туралы келісімдерді, валюталық және пайыздық своптарды, сондай-ақ валюталық және пайыздық опциондарды қоса алғанда, туынды қаржы құралдары әділ құны бойынша көрсетіледі.

Барлық туынды қаржы құралдары, егер осы құралдардың әділ құны оң болып табылса, активтер ретінде және егер, олардың әділ құны теріс болса, міндеттемелер ретінде есепке алынады. Туынды қаржы құралдары әділ құнының өзгерістері туынды қаржы құралдарымен операциялар бойынша шығыстар шегеріле отырып, өзгерістері кезең ішіндегі пайданың немесе залалдың құрамында кірістер ретінде көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын қаржы активтерімен операциялардан болатын кірістер не шығыстар құрамында жыл ішіндегі пайдаға немесе залалға қосылады.

Басқа қаржы құралдарына кіріктірілген кейбір туынды құралдар, егер олардың тәуекелдері мен экономикалық сипаттамалары негізгі шарттың тәуекелдерімен және экономикалық сипаттамаларымен тығыз байланыста болмаса, негізгі шарттан бөліп көрсетіледі.

Мемлекеттік субсидиялар. Мемлекеттік субсидиялар Үкімет, мемлекеттік агенттіктер және мемлекеттік ұйымдар өткенде немесе болашақта Холдингінің операциялық қызметіне қатысты белгілі бір шарттарды орындауға айырбастай отырып, Холдингке ресурстарды аудару нысанында беретін көмекті білдіреді. Холдинг оларға байланысты барлық шарттарды орындайтынына және көрсетілген субсидияларды алатынына негізді сенім болғанды қоспағанда, басқа жағдайларда мемлекеттік субсидиялар танылмайды. Өтеуді талап етуі мүмкін шарттар болған кезде субсидиялар қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте өзге міндеттемелердің құрамында танылады.

Нарықтық мөлшерлемеден төмен сыйақы мөлшерлемесі бойынша мемлекеттік қарыз алудан болатын пайда мемлекеттік субсидия ретінде есепке алынады. Нарықтық мөлшерлемеден төмен сыйақы мөлшерлемесінен болатын пайда қарыздың бастапқы теңгерімдік құны мен түсімдер сомасы арасындағы айырма ретінде бағаланады.

Мемлекеттік субсидиялар Холдинг шығыстар ретінде субсидиялардың қаражаты соларды өтеуге арналған тиісті шығындарды танитын кезеңдер ішінде жүйелі негізде пайданың немесе залалдың құрамында танылады.

Мемлекеттік субсидияларды есепке алу тәртібіге қатысты екі негізгі көзқарас бар: капитал позициясы тұрғысынан көзқарас, оған сәйкес субсидия кезең ішіндегі пайда мен залалдың құрамында танылмайды және кірістер тұрғысынан көзқарас, оған сәйкес субсидия бір немесе бірнеше есепті кезең бойы кірістерге/шығыстарға жатқызылады.

Егер мемлекет кредитор ретінде, яғни байланысты тарап болып табылмайтын кредитор сияқты болған жағдайда, мемлекеттік субсидия кезең ішіндегі пайданың немесе залалдың құрамында көрсетіледі. Егер мемлекет акционер ретінде әрекет еткен жағдайда, онда алынған мемлекеттік субсидия капиталдың құрамында есепке алынады.

3 Есептік саясат қағидаттарының қысқаша мазмұндамасы (жалғасы)

Табыс салығы. Шоғырландырылған қаржылық есептілікте, қолданылатын немесе мәні бойынша есепті кезеңнің аяғында күшіне енген салық мөлшерлемелері мен заңнамалық нормалар пайдаланыла отырып, заңнаманың талаптарына сәйкес салық салу бойынша шығыстар көрсетілген. Табыс салығы бойынша шығыстар ағымдағы салықтар бойынша шығысты/кірісті және кейінге қалдырылған салықтар бойынша шығысты/кірісті қамтиды және егер олар осы немесе басқа кезеңде өзге жиынтық кірістің құрамында немесе тікелей капиталда көрсетілген операцияларға жатуына байланысты, өзге жиынтық кірістің құрамында немесе тікелей капиталда көрсетілмеуге тиіс болса, кезең ішіндегі пайдада немесе залалда көрсетіледі.

Ағымдағы салық ағымдағы және алдыңғы кезеңдер үшін салық салынатын пайдаға немесе залалдарға қатысты салық органдарына төлеуге немесе салық органдарына өтеуге күтілетін, пайда салығының сомалары негізінде есептеледі. Егер шоғырландырылған қаржылық есептілік тиісті салық декларациялары берілгенге дейін бекітілсе, салық салынатын пайда немесе залал бағалау көрсеткіштеріне негізделеді. Пайда салығын қоспағанда, салықтар бойынша өзге шығыстар әкімшілік және өзге де операциялық шығыстар құрамында көрсетіледі.

Кейінге қалдырылған табыс салығы кейінге қалдырылған салық залалдарына және активтер мен міндеттемелердің салық салынатын базасы мен қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есептегі олардың теңгерімдік құны арасындағы уақыт айырмашылықтарына қатысты теңгерімдік міндеттемелер әдісі бойынша есептеледі. Бизнесті біріктіру нәтижесінде туындайтын бастапқы тану жағдайларынан басқа, егер бастапқы тану кезінде мәміле әрі бухгалтерлік, әрі салық салынатын пайдаға әсер етпесе, бастапқы тану үшін ерекше жағдайға сәйкес активті немесе міндеттемені бастапқы тану кезінде туындайтын уақыт айырмашылықтарына қатысты кейінге қалдырылған салық есепке алынбайды. Кейінге қалдырылған салық салу бойынша активтер мен міндеттемелер қолданылатын немесе мәні бойынша есепті кезеңнің аяғында қолданылатын және күтіліп отырғандай, уақыт айырмашылықтары немесе кейінге қалдырылған салық залалдары іске асырылған кездегі кезеңде қолданылатын салық салу мөлшерлемелері пайдаланыла отырып айқындалады. Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша активтер мен міндеттемелер Холдингінің әрбір жеке компаниясы шеңберінде ғана өзара есепке жазылады.

Салық салу базасын азайтатын уақыт айырмашылықтары бойынша кейінге қалдырылған салық активтері мен кейінге қалдырылған салық залалдары оған қарсы салық салудың уақыт айырмашылықтары пайдаланылуы мүмкін салық салу пайдасын алу ықтималдығы бар дәрежеде ғана көрсетіледі.

Кейінге қалдырылған табыс салығы сатып алудан кейін алынған бөлінбеген пайдаға және Холдинг дивидендтерге қатысты еншілес кәсіпорынның саясатын бақылаған және уақыт айырмашылықтары жақындағы болашақта дивидендтер арқылы немесе өзге түрде есепке жазылмайды деген ықтималдық болған жағдайларда олар сатып алынғаннан кейін еншілес кәсіпорындардың қорларындағы басқа да өзгерістерге қатысты танылмайды.

Айқындалмаған салық позициялары. Холдингінің айқындалмаған салық позицияларын басшылық әрбір есепті кезеңнің аяғында бағалайды. Салықтарға қатысты көрсетілетін міндеттемелер, егер Холдингінің салық позициясына салық органдары дау айтатын болса, басшылық қосымша салық міндеттемелерінің туындауы ықтимал деп есептеген жағдайларда есепке алынады. Мұндай бағалау есепті кезеңнің аяғында қолданылған немесе мәні бойынша күшіне енген салық заңнамасын түсіндіру және осыған ұқсас мәселелер бойынша соттың кез-келген белгілі қаулысы немесе өзге де шешім негізінде орындалады. Пайда салығын қоспағанда, айыппұлдар, өсімпұлдар және салықтар бойынша міндеттемелер басшылықтың есепті кезеңнің аяғындағы міндеттемелерді реттеу үшін қажетті шығыстарды ең үздік бағалауы негізінде көрсетіледі.

Міндеттемелер мен аударымдар үшін резервтер. Міндеттемелер мен аударымдар үшін резервтер мерзімі немесе сомасы белгіленбеген қаржылық есеп сипаттағы міндеттемелерді білдіреді. Холдингінің қандай да бір өткендегі оқиғаның нәтижесінде туындаған міндеттемелері (заңды немесе қалыптасқан практикаға негізделген (конклюденттік) міндеттеме) болған кезде резервтер шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетіледі. Бұл ретте міндеттемені реттеу үшін Холдингіге экономикалық пайданы қамтитын ресурстарды істен шығару талап етілуі және міндеттеменің шамасын сенімді түрде бағалауды келтіру қажет болуы мүмкін.

Саудалық және өзге де кредиттік берешек. Кредиторлық берешек контрагенттің өз міндеттемелерін орындауы кезінде танылады және амортизацияланған құны бойынша көрсетіледі.

Акционерлік капитал. Міндетті өтеуге жатпайтын қарапайым акциялар мен артықшылықты акциялар және басшылықтың қалауы бойынша олар бойынша жарияланатын дивидендтер капитал ретінде көрсетіледі. Жаңа акциялардың эмиссиясына тікелей қатысты қосымша шығындар (салық есепке алынбай) капиталда түсімді азайту ретінде көрсетіледі. Алынған қаражаттың әділ құны шығарылған акциялардың номиналды құнынан асып түсетін сома капиталда эмиссиялық кіріс ретінде көрсетіледі.

Дивидендтер. Дивидендтер міндеттемелер ретінде танылады және егер олар қоса алғанда есепті кезеңнің аяғына дейін жарияланған және бекітілген жағдайда ғана есепті кезеңнің аяғындағы капиталдың сомасынан шегеріледі. Дивидендтер туралы ақпарат, егер олар есепті кезеңнің аяғына дейін ұсынылса, сондай-ақ есепті кезеңнің аяғына дейін, бірақ шоғырландырылған қаржылық есептілік шығаруға бекітілген күнге дейін ұсынылса, шоғырландырылған қаржылық есептілікте ашып көрсетіледі.

3 Есептік саясат қағидаттарының қысқаша мазмұндамасы (жалғасы)

Қосымша төленген капитал. Холдинг және оның еншілес кәсіпорындары төмен сыйақы мөлшерлемесімен кредиттер мен субординарлық облигациялар түрінде әртүрлі мемлекеттік бағдарламалар үшін жауапты Қазақстан Республикасының Үкіметінен «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-дан («Самұрық-Қазына» ҰОАҚ) АҚ) немесе жауапты мемлекеттік органнан қаржыландыру алады. Бастапқы тану кезінде мұндай қаржыландыру болашақ шарт бойынша ақша ағындарын дисконттау үшін тиісті нарықтық сыйақы мөлшерлемесі пайдаланыла отырып есептелген әділ құн бойынша танылады. Әділ құн мен алынған қаржыландыру арасындағы айырмашылық, игерілмеген бөлігін мақсаты бойынша қайтару шартымен берілген қарыздарды қоспағанда, қосымша төленген капитал ретінде танылады. Кері өтеуді талап ету құқығымен берілген қарыздардың әділ құны мен олар бойынша алынған қаражат арасындағы айырмашылық қарыздың мерзімі ішінде пайданың немесе залалдың құрамына аударылатын болашақ кезеңдердің кірісі ретінде танылады.

Кірістер мен шығыстарды көрсету. Барлық борыштық құралдар бойынша пайыздық кірістер мен шығыстар тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі пайдаланыла отырып есептеу әдісі бойынша көрсетіледі. Мұндай есептеу пайыздық кірістер мен шығыстарға шарттық тараптары төлеген және алған әрі тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігін құрайтын барлық комиссиялар мен алымдарды, мәміле бойынша шығындарды, сондай-ақ өзге сыйлықақыларды немесе жеңілдіктерді қосады.

Тиімді пайыздық мөлшерлемеге жататын комиссиялар қаржы активін қалыптастыруға немесе сатып алуға немесе қаржы міндеттемесін шығаруға байланысты алынған немесе төленген комиссияларды (мысалы, кредит қабілеттілігін бағалау, үшін кепілдіктерді немесе қамтамасыз етуді бағалау немесе есепке алу үшін, құралды беру шарттарын реттеу үшін және мәміле бойынша құжаттарды өңдеу үшін комиссиялық алымдар) қамтиды. Холдинг нарықтық мөлшерлемелер бойынша кредит беру жөніндегі міндеттемені шығарғаны үшін алған комиссиялар, егер Холдинг нақты кредиттік келісім жасасады және кредитті бергеннен кейін қысқа мерзім ішінде оны өткізуді жоспарламайды деген ықтималдық болса, тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігі болып табылады. Холдинг кредит беру жөніндегі міндеттемені өзгерістері кезең ішіндегі пайданың немесе залалдың құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын қаржы міндеттемесі ретінде сыныптамайды.

Егер берілген кредиттердің және өзге де борыштық құралдардың уақытылы өтелуінде күмән туындаған жағдайда, олар құнсыздану сомасын айқындау мақсатында болашақ ақша ағындарын дисконттау үшін пайдаланылған тиімді пайыздық мөлшерлеме негізінде пайыздық кірісті кейіннен көрсете отырып, өтелетін құнына дейін есептен шығарылады.

Барлық өзге комиссиялық кірістер, өзге де кірістер мен өзге де шығыстар, әдетте, көрсетілуге тиіс қызметтердің жалпы көлеміндегі іс жүзінде көрсетілген қызметтің үлесі ретінде айқындалатын нақты мәміленің аяқталу дәрежесіне қарай есептеу әдісі бойынша көрсетіледі. Бірлестірілген кредиттер үшін комиссия бірлестіру операциясы аяқталғанда және Холдинг өзіне кредиттік пакеттің бір бөлігін қалдырмаған кезде немесе Холдинг мәмілеге басқа қатысушылар сияқты дәл сондай тиімді пайыздық мөлшерлеме бойынша өзіне пакеттің бір бөлігін қалдырған кезде кіріс ретінде көрсетіледі.

Үшінші тараптар үшін, мысалы, кредиттерді, акцияларды және басқа да бағалы қағаздарды сатып алу немесе компанияларды сатусияқты мәмілелерді ұйымдастыру бойынша, көрсетілген операцияларды жасау кезінде алынған комиссиялық кірістер мәміле аяқталған соң көрсетіледі. Инвестициялық қоржынды басқару бойынша комиссиялық кірістер және басқа да басқарушылық және консультациялық қызметтер қызметтерді көрсету туралы шарттардың талаптарына сәйкес, әдетте, жұмсалған уақытқа пропорционалды көрсетіледі. Инвестициялық қорлардың активтерін басқару бойынша комиссиялық кірістер осы қызметті көрсету кезеңі ішінде көрсетілген қызметтердің көлеміне пропорционалды көрсетіледі. Дәл осы қағидат мүлікті басқаруға, қаржылық жоспарлауға байланысты қызметтерге қатысты және созылмалы уақыт кезеңінде тұрақты негізде көрсетілетін депозитарлық қызметтерге қатысты қолданылады.

Шетелдік валютаны қайта бағалау. Холдингтің әрбір шоғырландырылатын еншілес кәсіпорындарының функционалдық валютасы осы кәсіпорын өз қызметін сондай жүзеге асыратын негізгі экономикалық ортаның валютасы болып табылады. Холдингтің функционалдық валютасы және Холдингтің шоғырландырылған қаржылық есептілігін ұсыну валютасы Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы, қазақстандық теңге болып табылады.

Монетарлық активтер мен міндеттемелер тиісті есепті кезеңнің аяғында Қазақстан қор биржасының («ҚҚБ») ресми бағасы бойынша әр еншілес кәсіпорынның функционалдық валютасына қайта есептеледі. Шетелдік валютадағы операциялар бойынша есептеуден және қаржы активтері мен міндеттемелерін жалдың аяғындағы ҚҚБ ресми айырбас бағамы бойынша әр еншілес кәсіпорынның функционалдық валютасына қайта есептеуден болатын оң және теріс бағамдық айырмалар кезең ішіндегі пайдада немесе залалда көрсетіледі (шетелдік валютаны қайта бағалаудан болатын шығыстар шегеріле отырып, кірістер ретінде). Жылдың аяғындағы айырбас бағамы бойынша қайта есептеу бастапқы құны бойынша бағаланатын монетарлық емес баптарға қолданылмайды.

3 Есептік саясат қағидаттарының қысқаша мазмұнамасы (жалғасы)

Шетелдік валютаны қайта бағалау (жалғасы). Үлестік құралдарға инвестицияларды қоса алғанда, әділ құны бойынша шетелдік валютада бағаланатын монетарлық емес баптар әділ құнды бағалау күні қолданылған айырбас бағамдары пайдаланыла отырып қайта есептеледі

Әділ құны бойынша шетелдік валютада бағаланатын монетарлық емес баптарға бағамдық айырмалардың ықпалы әділ құны бойынша қайта бағалаудан болатын кірістердің немесе шығыстардың бір бөлігі ретінде көрсетіледі.

Берілуі мен алынуы Холдингінің ішіндегі еншілес кәсіпорындар арасында жүргізілетін кредиттер және соларға байланысты алынған оң және теріс бағамдық айырмалар шоғырландыру кезінде алып тасталады .

Шетелдік валютадағы қалдықтарды қайта есептеу үшін пайдаланылатын ресми айырбас бағамдары төменде ұсынылған :

	2017 жылғы 31 желтоқсан	2016 жылғы 31 желтоқсан
<i>АҚШ доллары</i>		
Жылдың аяғындағы бағам	332.33	333.29
Жылдың ішіндегі орташа бағам	325.98	341.67
<i>Ресей рублі</i>		
Жылдың аяғындағы бағам	5.77	5.43
Жылдың ішіндегі орташа бағам	5.59	5.12
<i>Еуро</i>		
Жылдың аяғындағы бағам	398.23	352.42
Жылдың ішіндегі орташа бағам	368.62	378.04

Холдингінің құрамына функционалдық валютасы Холдингінің валютасынан өзгеше еншілес кәсіпорындар кіреді. Тиісінше, Холдингінің әр еншілес кәсіпорны (функционалдық валютасы теңге валютасы болып табылмайтын) қызметінің нәтижелері мен қаржылық жағдайы ұсыну валютасы мынадай тәртіппен ауыстырылады:

- (i) қаржылық жағдай туралы ұсынылған есептердің әрқайсысында активтер мен міндеттемелер тиісті есепті кезеңнің аяғындағы жабылу бағамы бойынша қайта есептеледі ;
- (ii) кірістер мен шығыстар орташа айырбас бағамы бойынша ауыстырылады (егер бұл бағам операциялардың күніндегі жинақталған тиімді бағамға негізді түрде жақындатылған болып табылмаса, онда кірістер мен шығыстар операциялардың күніндегі бағам бойынша қайта есептеледі);
- (iii) капиталдың компоненттері бастапқы бағам бойынша қайта есептеледі; және
- (iv) ауыстыру нәтижесінде туындайтын барлық бағамдық айырмалар меншікті капиталдың құрамында танылады.

Шетелдік бөлімшені бақылаудан айырылған жағдайда, өзге жиынтық кірістің құрамында көрсетілген бағамдық айырмалар істен шығарудан болған пайданың немесе залалдың бір бөлігі ретінде жыл ішіндегі пайдаға немесе залалға ауыстырылуға тиіс. Бақылаудан айырылмай, еншілес кәсіпорын ішінара шығарылған жағдайда жинақталған бағамдық айырмалардың тиісті бөлігі меншікті капиталдағы басқармайтын үлеске ауыстырылады.

Өзара есепке алу. Қаржы активтері мен міндеттемелері өзара есепке алынады және қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте көрсетілген сомаларды өзара есепке алуды жүргізудің заңнамалық белгіленген құқығы, сондай-ақ не өзара есепке алуды жүргізу, не бір мезгілде активті өткізу және міндеттемені реттеу ниеті болған жағдайларда ғана таза мөлемі көрсетіледі.

Персоналды ұстауға арналған шығыстар және оларға байланысты аударымдар. Жалақыға арналған шығыстар, мемлекеттік зейнетақы қорына және әлеуметтік сақтандыру қорына жарналар, төленген жыл сайынғы демалыстар және ауруы бойынша ақы төленетін демалыс, ақшалай емес нысандағы сыйлықақылар мен жеңілдіктер Холдинг қызметкерлерінің тиісті қызметтерді көрсетуіне қарай есепке жазылады. Холдингінің мемлекеттік жоспарға сәйкес, белгіленген жарналары бар төлемдерден бөлек, зейнетақыларды немесе осыған ұқсас төлемдерді төлеу бойынша қандай да бір құқықтық немесе қалыптасқан іскерлік практикадан туындайтын міндеттемелері жоқ.

3 Есептік саясат қағидаттарының қысқаша мазмұндамасы (жалғасы)

Өтімділік тәртібінде қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есептің баптарын ұсыну. Холдингінің нақты айқындалатын операциялық циклі жоқ және сондықтан, Холдинг қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді активтер мен міндеттемелерді жеке-жеке ұсынбайды. Оның орнына, активтер мен міндеттемелер 35-ескертпеде өтеудің күтілетін мерзімдері бойынша ұсынылған.

Салыстырмалы деректерді ұсыну. Шоғырландырылған қаржылық есептілікті ағымдағы жылда ұсынудағы өзгерістерге сәйкес келу мақсатында салыстырмалы деректер қайта сыныпталды. 2016 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылдағы Холдингінің шоғырландырылған қаржылық есептілігін дайындау барысында, 2017 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылдағы қаржылық есептілікке сәйкес келуі үшін, басшылық салыстырмалы деректерге ықпал еткен қайта сыныптауды жүзеге асырды.

Қайта сыныптау салдарынан туындаған өзгерістердің тиісті көрсеткіштерге ықпалының әсері келесідей түрде ұсыныла алады:

<i>(Мың қазақстандық теңгеде)</i>	Алдыңғы кезеңдегі есептілікке сәйкес	Түзетулер	Қайта есептесуден кейін
2016 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп			
Клиенттерге берілген кредиттер	1,775,388,385	36,568,614	1,811,956,999
Қаржылық жалгерлік бойынша дебиторлық берешек	155,603,037	(36,568,614)	119,034,423

4 Есептік саясатты қолданудағы маңызды есеп айырысу бағалаулары және кәсіби пайымдар

Холдинг шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетілетін сомаларға және келесі қаржы жылындағы активтер мен міндеттемелердің теңгерімдік құнына әсер ететін есеп айырысу бағалауы мен долбарларды жүргізеді. Есеп айырысу бағалауы мен пайымдар, болашақтағы оқиғаларға қатысты болжалдарды қоса алғанда, басшылықтың тәжірибесі мен басқа факторлар негізінде тұрақты түрде талданады, олар, басшылықтың пікірінше, ағымдағы мән-жайлар тұрғысынан негізді болып табылады. Есептік саясатты қолдану процесінде басшылық кәсіби пайымдар мен бағалауды да пайдаланады. Шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетілетін сомаларға және нәтижесі келесі қаржы жылы ішіндегі активтер мен міндеттемелердің теңгерімдік құнына енгізілетін елеулі түзетулер болуы мүмкін бағалауға әсер ететін кәсіби пайымдар мыналарды қамтиды:

Кредиттердің құнсыздануынан болатын залалдар. Холдинг өзінің кредиттік қоржынына құнсыздану тұрғысынан тұрақты негізде талдау жүргізіп отырады. Құнсызданудан болатын залалды жыл ішіндегі пайдада немесе залалда көрсету керек-керек еместігін айқындау кезінде Холдинг осы қоржында жекелеген кредит бойынша төмендеу анықталуы мүмкін болғанға дейін кредиттік қоржын бойынша есеп айырысу болашақ ақша ағындарының өлшемді азаюын дәлелдейтін көзге көрінетін белгілердің бар екендігі туралы кәсіби пайымдарды қолданады. Мұндай көрсеткіш топтағы қарыз алушылардың төлем мәртебесінің немесе топтағы активтер бойынша міндеттемелерді орындамауға байланысты ұлттық немесе жергілікті экономикалық жағдайлардың жағымсыз өзгеруі туралы өлшеуге икемді деректерді қамтуы мүмкін. Басшылық болашақ ақша қаражатының ағындарын болжау үшін пайдаланылған қоржындағы активтерге ұқсас, кредиттік тәуекелдің белгілері бар активтерге және құнсызданудық объективті белгілеріне қатысты өткен жылдардағы залалдар туралы деректер негізінде бағалауды қолданады. Болашақ ақша қаражаты ағындарының сомалары мен мерзімдерін бағалау үшін пайдаланылатын әдістеме мен долбарларға есеп айырысу және іс жүзіндегі залалдар арасында кез-келген алшақтықты төмендету үшін тұрақты түрде талдау жүргізіледі. Жеке-жеке маңызды болып табылатын (жеке маңызы бар) кредиттердің құнсыздануынан болатын залалдар кредиттің өтелуі мен тиісті кредит бойынша қамтамасыз ету болып табылатын активтерді өткізу ескерілі отырып, осы жекелеген кредиттер бойынша дисконтталған болашақ ақша ағындарының бағалау көрсеткіштеріне негізделеді. Кредиттердің құнсыздануына қатысты бағалау бөлігінде елеулі айқындалмаған бағалау мен сыни уәжді пайымдарға қатысты ақпарат 9-ескертпеде ұсынылған.

Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша активті тану. Танылған кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша актив табыс салығының болашақ табыс салықтарына қарсы есепке алынуы мүмкін сомасын білдіреді және қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте көрсетіледі. Кейінге қалдырылған салық бойынша актив тиісті салық жеңілдігін пайдалану мүмкін болатын дәрежеде ғана танылады. Болашақ салық салынатын пайданы және болашақта туындауы мүмкін салық жеңілдіктерінің сомасын айқындау басшылық дайындаған орташа мерзімді болжамға негізделген.

4 Есептік саясатты қолданудағы маңызды есеп айырысу бағалаулары және кәсіби пайымдар (жалғасы)

Өзгерістері пайданың немесе залалдың құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын өзге қаржы активтері. «ҚКМ» АҚ тікелей инвестициялар қорларына инвестициялайды, одан әрі олар алынған қаражатты Қазақстан Республикасының аумағындағы және оның шегінен тыс венчурлік кәсіпорындардың капиталына инвестициялайды. Алдын-ала «ҚКМ» АҚ-мен келісілген инвестициялық стратегияға сәйкес қорларды басқарушылар инвестициялауды дербес жүзеге асырады. «ҚКМ» АҚ инвестициялардың әділ құны туралы есепті тоқсан сайынғы негізде алады және қорлардың инвестициялық және/немесе операциялық шешімдерін қабылдауға қатыспайды. Холдингінің басшылығы осы инвестицияларды өзгерістері кезең ішіндегі пайданың немесе залалдың құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын қаржы құралдарының санатына жатқызады және осы инвестициялардың әділ құнын 39-ескертпеде сипатталғандай, қаржы модельдерінің негізінде әрбір түпкілікті инвестициялық объектінің әділ құнын жеке-жеке айқындау арқылы бағалайды.

Салық заңнамасы. Қазақстан Республикасының салық, валюталық және кеден заңнамасында әртүрлі түсіндіру мүмкіндігіне жол беріледі (36-ескертпе).

Байланысты тараптармен операцияларды бастапқы тану. Өзінің қарапайым қызметі барысында Холдинг байланысты тараптармен операциялар жүргізеді. 39-ҚЕХС-ке сәйкес қаржы құралдары бастапқы кезде әділ құны бойынша көрсетілуге тиіс. Операциялар нарықтық немесе нарықтық емес пайыздық мөлшерлемелер бойынша жүзеге асырылғанын-асырылмағанын айқындау үшін мұндай операциялар үшін белсенді нарық болмаған кезде кәсіби пайымдар пайдаланылады. Байланысты емес тараптармен операциялардың ұқсас түрлеріне баға белгілеу және тиімді пайыздық мөлшерлемені талдау пайым үшін негіз болып табылады. Байланысты тараптармен операцияларға қатысты шарттар 41-ескертпеде көрсетілген.

Қазақстан Республикасының дамып жатқан қор нарығы жағдайында қаржы құралдарының әділ құнын айқындау. Қаржы құралдарының әділ құнын айқындау кезінде Холдингінің басшылығы белсенді нарықтағы ең сенімді ақпарат көзі ретінде ҚҚБ-ның баға белгіленімдеріне бағдарланады.

Холдингінің басшылығы қоржындағы бағалы қағаздарға қатысты ҚҚБ-да жүргізілетін операциялардың жиілігін талдайды және жеткілікті жиілікпен және жеткілікті көлемде сатылатын бағалы қағаздарды 1-деңгейге жатқызады. ҚҚБ-да белгіленетін қалған бағалы қағаздарды 2-деңгейге жатқызылады.

Егер Холдингінің белгіленбейтін активтерге инвестициялары болған жағдайда, мұндай активтердің әділ құны дисконтталған ақша ағындарының моделі сияқты бағалау әдістері, сондай-ақ нарықтық шарттармен жасалатын осыған ұқсас операциялардың деректеріне негізделген модельдер негізінде айқындалады.

Холдингінің басшылығы қаржы құралдарының әділ құнын анық көрсету үшін әділ құнның барлық мүмкін болатын және ең толық әрі мұқият дереккөздерін пайдаланды деп есептейді.

Туынды қаржы құралдары. Холдингінің туынды қаржы құралдарымен мәмілелерге қатысты көзқарасы 38-ескертпеде ашып көрсетілген.

Мемлекеттік даму бағдарламалары бойынша нарықтық мөлшерлемелерден төмен мөлшерлемелер бойынша тартылған және орналастырылған қаражатты бастапқы тану. 2017 жылы экономиканы дамытудың мемлекеттік бағдарламалары шеңберінде тартылған қаражатты және еншілес кәсіпорындарға берілген кредиттерді есепке алу мен бағалауға қатысты көзқарас 9, 20 және 23-ескертпелерде ашып көрсетілген.

Салыстырмалы деректерді ұсыну. Шоғырландырылған қаржылық есептілікті ағымдағы жылда ұсынудағы өзгерістерге сәйкес келу мақсатында салыстырмалы деректер қайта сыныпталды.

5 Жаңа есептік ережелер

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша бірқатар жаңа стандарттар, стандарттарға түзетулер мен түсініктемелер әлі күшіне енген жоқ және осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде пайдаланылмады. Холдинг көрсетілген стандарттарды, түзетулер мен түсініктемелерді олар қолданысқа енгізілген кезден бастап қолдана бастауды жоспарлап отыр. Келесі стандарттар бастапқы қолдану кезеңінде Холдингінің шоғырландырылған қаржылық есептілігіне елеулі ықпал етеді деп күтіледі.

«Қаржы құралдары» атты ҚЕХС (IFRS 9)

2014 жылғы шілдеде ҚХЕС жөніндегі кеңес «Қаржы құралдары» атты 9-ҚЕХС-тің (IFRS) түпкілікті нұсқасын шығарды. 9 ҚХЕС (IFRS) оларды мерзімінен бұрын қолдану мүмкіндігімен 2018 жылғы 1 қаңтарда немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есеп беру кезеңдеріне қатысты күшіне енеді. Ол «Қаржы құралдары тану және бағалау» атты 39-ҚХЕС-ті (IAS) алмастырады.

2017 жылғы қазанда ҚЕХС жөніндегі Кеңес «Теріс өтемақымен мерзімінен бұрын өтеу туралы талап» атты 9-ҚХЕС-ке (IFRS) түзетулерді шығарды. Бұл түзетулер оларды мерзімінен бұрын қолдану мүмкіндігімен 2019 жылғы 1 қаңтарда немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есеп беру кезеңдеріне қатысты күшіне енеді.

5 Жаңа есептік ережелер (жалғасы)

«Қаржы құралдары» атты ҚХЕС (IFRS 9) (жалғасы)

Холдинг 2014 жылғы ілдеде шығарылған 9-ҚХЕС-ті (IFRS) 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап қолдана бастайды және осы күннен бастап 9-ҚХЕС-ке (IFRS) түзетулерді мерзімінен бұрын қолданады. Ағымдағы сәтте аяқталған бағалау нәтижелерінің негізінде 2018 жылғы 1 қаңтардағы жай-күйі бойынша Холдингтің меншікті капиталының кіру сальдосының құрамында көрсетілетін стандартты қолданудан жиынтық әсер (салықта шегергенде) келесіні қоса алғанда, меншікті капитал көлемінің 5.20%-ынан аспауға тиіс:

- құнсыздануға қатысты талаптарды қолдануға байланысты меншікті капитал көлемінен шамамен 5.00%-ға азаюы ((ii) қараңыз);
- құнсыздануға қатысты талаптардан ерекшеленетін сыныптау және бағалау бөлігіндегі талаптарды қолдануға байланысты меншікті капитал көлемінен шамамен 0.20%-ға азаюы ((i) және (iii) қараңыз);

Жаңа стандартқа көшу әзірге толық аяқталмағандықтан, жоғарыда келтірілген бағалау алдын-ала жасалған болып табылады. 2018 жылғы 1 қаңтардағы жай-күйі бойынша 9-ҚХЕС-ті (IFRS) қолданудың іс жүзіндегі ықпалы өзгеруі мүмкін, өйткені:

- Холдинг өзінің күтілетін кредиттік залалдарды есептеуге арналған үлгілерін жетілдіреді және пысықтайды; және
- есептік саясаттың жаңа ережелері, қолданылатын жорамалдар, пікірлер және бағалау әдістері Холдинг бастапқы қолдану күнін қамтитын өзінің бірінші шоғырландырылған қаржылық есептілігін дайындау процесін аяқтағанға дейін өзгеруі мүмкін.

Сыныптау – қаржылық активтер. 9-ҚХЕС (IFRS) осы активтерді басқару үшін пайдаланылатын бизнес-үлгіні және олармен байланысты ақша ағындарының сипаттамаларын көрсететін қаржылық активтерді сыныптаудың және бағалаудың жаңа тәсілін көздейді.

9-ҚХЕС (IFRS) қаржылық активтерді сыныптаудың және бағалаудың: амортизацияланған құн бойынша бағаланатын, өзге де жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын және пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланатын үш негізгі санаттарын қамтиды. Стандарт 39-ҚХЕС-те (IAS) қолданыстағы қаржылық активтердің: өтеу мерзіміне дейін ұсталатын, кредиттер мен дебиторлық берешек және сату үшін қолда бар санаттарын жояды.

Қаржы активі, егер ол төмендегі екі талапқа жауап бермеген және Холдингтің қалауы бойынша пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланатын ретінде сыныпталмаған жағдайда ғана амортизацияланған құн бойынша бағаланады:

- ол мақсаты шартта көзделген ақша ағындарын алу үшін активтерді ұстап қалу болып табылатын бизнес-үлгі шеңберінде ұсталады; және
- оның шарттық талаптары белгіленген мерзімде тек қана негізгі соманы және негізгі соманың өтелмеген бөлігіне пайыздар төлеуді білдіретін ақша ағындарының пайда болуын көздейді.

Қаржы активі, егер ол төмендегі екі талапқа жауап бермеген және Холдингтің қалауы бойынша пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланатын ретінде сыныпталмаған жағдайда ғана өзге де жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша бағаланады:

- ол мақсатына шартта көзделген ақша ағындарын алу жолымен және қаржылық активтерді сату жолымен қол жеткізілетін бизнес-үлгі шеңберінде ұсталады; және
- оның шарттық талаптары белгіленген мерзімде тек қана негізгі соманы және негізгі соманың өтелмеген бөлігіне пайыздар төлеуді білдіретін ақша ағындарының пайда болуын көздейді.

Саудаға арналмаған үлестік құралдарға инвестицияларды бастапқы тану кезінде Холдинг өзінің қалауы бойынша оны кейіннен болдырмау құқығынсыз, өзге де жиынтық кіріс құрамында олардың әділ құнының кейінгі өзгерістерін ұсыну туралы шешім қабылдауы мүмкін. Бұл таңдау әрбір инвестиция үшін жеке-жеке жүргізіледі.

Жоғарыда сипатталғандай, оларды амортизацияланған құн бойынша немесе өзге де жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша бағалауға арналған өлшемшарттарға сәйкес келмейтін барлық қаржылық активтер пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланады. Бұдан өзге, бастапқы тану кезінде Холдинг өзінің қалауы бойынша кейіннен кері сыныптау құқығынсыз, егер бұл кері жағдайда туындауы мүмкін есепке алу сәйкессіздігін жоюға немесе елеулі азайтуға мүмкіндік берсе, амортизацияланған құн бойынша немесе өзге де жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша бағалауға арналған өлшемшарттарға сәйкес келетін қаржылық активті пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланатын ретінде сыныптауы мүмкін.

Бастапқы тану кезінде қаржылық актив үш санаттың біріне жүктеледі. Қаржылық активтерді сыныптауға қатысты өтпелі ережелерге қатысты (vi) қараңыз.

9-ҚХЕС-ке (IFRS) сәйкес оларда негізгі шарт 9-ҚХЕС-ті (IFRS) қолдану саласындағы қаржылық актив болып табылатын шарттарға кіріктірілген туынды құралдар ешқашан негізгі шарттан ажыратылмайды. Оның орнына түгелдей туынды шарт стандартқа сәйкес сыныптау мәніне бағаланады.

5 Жаңа есептік ережелер (жалғасы)

«Қаржы құралдары» атты ҚХЕС (IFRS 9) (жалғасы)

Бизнес-үлгіні бағалау. Холдинг, оның шеңберінде қаржылық актив ұсталатын бизнес-үлгінің мақсатын бағалауды қаржы құралдары портфелінің деңгейінде жүргізеді, өйткені бұл бизнесті басқару және басшылыққа ақпарат ұсыну тәсілін барынша жақсы түрде көрсетеді. Бұл ретте мынадай ақпарат қаралатын болады:

- Осы қаржылық активтер портфелі үшін белгіленген саясаттар мен мақсаттар, сондай-ақ көрсетілген саясаттардың тәжірибедегі қолданысы. Атап айтқанда, басшылықтың стратегиясы шартта көзделген пайыздық табысты алуға, пайыздық мөлшерлемелердің белгілі бір құрылымын сақтауға, қаржылық активтерді өтеу мерзімдерінің осы активтерді қаржыландыру үшін пайдаланылатын қаржылық міндеттемелерді өтеу мерзімдеріне сәйкестігін қамтамасыз етуге немесе активтерді сату арқылы ақша ағындарын өткізуге бағытталған ба.
- Портфельдің нәтижелілігі қалайша бағаланады және бұл ақпарат Холдинг басшылығына қалай хабарланады.
- Бизнес-үлгінің (және осы бизнес-үлгі шеңберінде ұсталатын қаржы активтерінің) нәтижелілігіне әсер ететін тәуекелдер және осы тәуекелдерді басқару қалайша жүзеге асырылады.
- Бизнесті басқарушы менеджерлерге қалайша сыйақы беріледі (мысалы, бұл сыйақы олардың басқаруындағы активтердің әділ құнына немесе олардың шартта көзделген активтерден алған ақша ағындарына байланысты ма).
- Өткен кезеңдердегі сату жиілігі, көлемі және мерзімдері, мұндай сатудың себептері, сондай-ақ сатудың болашақтағы деңгейіне қатысты болжалдар. Алайда сату деңгейлері туралы ақпарат оқшау емес, Холдинг мәлімдеген қаржылық активтерді басқару мақсатына қалай қол жеткізілетіні және ақша ағындарының қалай өткізілетіндігі жөніндегі бірыңғай тұтас талдау шеңберінде қаралады.

Сауда үшін ұсталатын және басқарылуы жүзеге асырылатын және нәтижелілігі әділ құн негізінде бағаланатын қаржылық активтер пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланады, өйткені олар шартта көзделген ақша ағындарын алу мақсатында, шартта көзделген ақша ағындарын алу, сондай-ақ қаржылық активтерді сату мақсатында ұсталмайды.

Осы бағалау мақсаттары үшін «негізгі сома» қаржылық активті бастапқы тану кезіндегі оның әділ құны ретінде анықталады. «Пайыздар» ақшаның уақытша құны үшін, белгілі бір уақыт кезеңі ішінде өтелмей қалған негізгі сомаға қатысты кредиттік тәуекел үшін және кредит беруге байланысты басқа да негізгі тәуекелдер мен шығындар (мысалы, өтімділік тәуекелі және өкімшілік шығындар), сондай-ақ пайда маржасы үшін өтеу ретінде анықталады.

Шартта көзделген ақша ағындарының тек қана негізгі сома және негізгі соманың өтелмеген бөлігіне пайыздардың төлемдері болып табылатындығын («SPPI өлшемшарты») бағалау кезінде Холдинг қаржы құралының шарттық талаптарын талдаудан өткізеді. Бұл қаржылық активтің құрамында шартта көзделген ақша ағындарының мерзімдерін немесе сомасын қаржылық актив талданып отырған талапты қанағаттандыра алмайтындай өзгертуі мүмкін қандай да бір шарттық талаптың бар-жоқтығын бағалауды қамтиды. Бағалауды жүргізу кезінде Холдинг мыналарды талдайды:

- ақша ағындарының мерзімдерін немесе сомасын өзгертуі мүмкін шартты оқиғалар;
- тетік (левередж) әсері бар жағдайлар;
- мерзімінен бұрын өтеу және қолданылу мерзімін ұзарту туралы талаптар;
- ескертілген активтерден ақша ағымдарымен Холдингтің талаптарын шектейтін жағдайлар – мысалы, регресс құқығынсыз қаржы активтері;
- ақшаның уақытша құны үшін өтеуде өзгерістер тудыратын жағдайлар– мысалы, пайыздардың мөлшерлемелерін мерзімді түрде қайта қарау.

Холдингтің жеке тұлғаларға берілген барлық кредиттерінде заңды тұлғаларға берілген тіркелген пайыздық мөлшерлемесі бар белгілі бір кредиттерінде мерзімінен бұрын өтеу туралы шарттар бар.

Егер мерзімінен бұрын өтеу кезінде төленген сома мәні бойынша негізгі соманың өтелмеген бөлігін және өтелмеген бөлікке пайыздарды білдірген және шарт қолданысының мерзімінен бұрын тоқтатылғаны үшін орынды қосымша өтемақыны қамтуы мүмкін болған жағдайда, мерзімінен бұрын өтеу туралы шарт SPPI өлшемшартына сәйкес келеді.

Бұдан өзге, егер қаржылық актив шартта көрсетілген номиналды сомаға қатысты сыйақымен немесе дисконтпен сатып алынған немесе жасақталған, мерзімінен бұрын өтеу кезінде, төлеуге жататын сома мәні бойынша шартта көзделген есептелген (төленген) пайыздарды қоса алғанда, шартта көрсетілген номиналдық соманы білдірген (шарт қолданысының мерзімінен бұрын тоқтатылғаны үшін орынды қосымша өтемақыны қамтуы мүмкін) жағдайда, мерзімінен бұрын өтеу туралы шарт осы өлшемшартқа сәйкес келетін ретінде қарастырылады; және қаржылық активті бастапқы тану кезінде оның мерзімінен бұрын өтеу туралы шартының әділ құны шамалы болып табылады.

5 Жаңа есептік ережелер (жалғасы)

«Қаржы құралдары» атты ҚХЕС (IFRS 9) (жалғасы)

Әсерді бағалау. Бұл стандарт 2018 жылғы 1 қаңтардағы жай-күйі бойынша ұсталатын қаржылық активтерді сыныптауға және бағалауға былайша әсер етеді.

- Саудаға арналған деп сыныпталатын тәуекелдерді басқару мақсатында ұсталатын сауда активтері және туынды активтер 39-ҚХЕС-ке (IAS) сәйкес пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланады, сондай-ақ 9-ҚХЕС-ке (IFRS) сәйкес пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланатын болады.
- Кредиттер және дебиторлық берешек ретінде сыныпталатын және 39-ҚХЕС-ке (IAS) сәйкес амортизацияланған құн бойынша бағаланатын банктерге және клиенттерге берілген кредиттер, негізінен, сондай-ақ 9-ҚХЕС-ке (IFRS) сәйкес амортизацияланған құн бойынша бағаланатын болады.
- 39-ҚХЕС-ке (IAS) сәйкес амортизацияланған құн бойынша бағаланатын өзге қаржылық активтер 9-ҚХЕС-ке (IFRS) сәйкес амортизацияланған құн бойынша бағаланатын болады.
- 39-ҚХЕС-ке (IAS) сәйкес сату үшін қолда бар ретінде сыныпталатын борыштық қаржылық активтер нақты мән-жайларға байланысты амортизацияланатын құн бойынша, өзге де жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша немесе пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланады.
- Холдингің қалауы бойынша 39-ҚХЕС-ке (IAS) сәйкес пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланатын ретінде сыныпталған клиенттерге берілген кредиттер және инвестициялық бағалы қағаздар, жалпы, сондай-ақ 9-ҚХЕС-ке (IFRS) сәйкес пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланатын болады.
- 39-ҚХЕС-ке (IAS) сәйкес сату үшін қолда бар ретінде сыныпталатын үлестік инвестициялық бағалы қағаздардың көпшілігі 9-ҚХЕС-ке (IFRS) сәйкес пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланады.

Холдинг 2018 жылғы 1 қаңтардағы жай-күйі бойынша 9-ҚХЕС-ті (IFRS) қолдану кезінде бұл өзгерістер әсерінің (салықты шегергенге дейін) Холдинг меншікті капиталы шамасының шамамен 0.20%-ға азаюына алып келетінін бағалады.

Құнсыздану – Қаржылық активтер, қарыз беру бойынша міндеттемелер және қаржылық кепілдік шарттары. 9-ҚХЕС (IFRS) 39-ҚХЕС-те (IAS) пайдаланылатын «келтірілген залалдар» үлгісін болашаққа бағдарланған «күтілетін кредиттік залалдар» үлгісіне ауыстырады. Құнсызданудың жаңа үлгісін қолдану Компаниядан экономикалық факторлар өзгерістерінің олардың пайда болу ықтималдығы бойынша өлшеу жолымен анықталатын күтілетін кредиттік залалдарға қалай әсер ететіндігіне қатысты елеулі кәсіби пайымдауларды талап етеді. Құнсызданудың жаңа үлгісі пайда және залал арқылы әділ құн бойынша бағаланбайтын келесі қаржы құралдарына қолданылады.

- борыштық құралдар болып табылатын қаржылық активтер;
- жалдау бойынша дебиторлық берешек; және
- қарыз беру жөніндегі міндеттемелер және қаржылық кепілдік шарттары бойынша міндеттемелер (бұрын құнсыздану «Бағалау міндеттемелері, шартты міндеттемелер және шартты активтер» атты 37-ҚХЕС-ке (IAS) сәйкес бағаланды). 9-ҚХЕС-ке (IFRS) сәйкес үлестік құралдарға инвестициялар бойынша құнсызданудан болатын залал танылмайды.

9-ҚХЕС-ке (IFRS) сәйкес күтілетін кредиттік залалдарға арналған бағалау резервтері не 12 айлық күтілетін кредиттік залалдарға не барлық мерзім ішіндегі күтілетін кредиттік залалдарға тең сомада танылуға тиіс. Бүкіл мерзім ішінде күтілетін кредиттік залалдар – бұл 12 айлық күтілетін кредиттік залалдар есеп беру күнінен кейін 12 ай ішінде болуы мүмкін дефолт оқиғаларының салдарынан туындайтын күтілетін кредиттік залалдардың бөлігін құрайтын кезде қаржы құралының күтілетін қолданылу мерзімі бойынша барлық ықтимал дефолт оқиғаларының салдарынан туындайтын күтілетін кредиттік залалдар.

Холдинг күтілетін кредиттік залалдарға арналған бағалау резервтерін олар бойынша танылатын резерв сомасы 12 айлық күтілетін кредиттік залалдарға тең болатын келесі құралдарды қоспағанда, бүкіл мерзім ішінде күтілетін кредиттік залалдарға тең сомада танытын болады:

- егер есеп беру күніне жай-күйі бойынша кредит тәуекелі төмен деп анықталса, борыштық инвестициялық бағалы қағаздар.
- олар бойынша кредиттік тәуекел бастапқы тану сәтінен бастап айтарлықтай артпаған өзге де қаржы құралдары (жалдау бойынша дебиторлық берешектен басқа).

5 Жаңа есептік ережелер (жалғасы)

«Қаржы құралдары» атты ҚХЕС (IFRS 9) (жалғасы)

Құнсыздану – Қаржылық активтер, қарыз беру бойынша міндеттемелер және қаржылық кепілдік шарттары (жалғасы). Құнсыздану бөлігінде 9-ҚХЕС-тің (IFRS) талаптары күрделі болып табылады және әсіресе, төменде егжей-тегжейлі талқыланатын келесі салаларда пайымдаулар мен жорамалдардың қолданылуын талап етеді:

- қаржы құралы бойынша кредиттік тәуекелдің оны бастапқы тану сәтінен бастап едәуір артуының орын алғанын бағалау; сондай-ақ
- күтілетін кредиттік залалдарды бағалауға болжамдық ақпаратты қосу.

Күтілетін кредиттік залалдарды бағалау. Күтілетін кредиттік залалдар ықтималдықты, кредиттік залалдарды ескере отырып, өлшенген есептік бағалауды білдіреді. Олар былайша бағаланады:

- есеп беру күніне жай-күйі бойынша кредиттік-құнсызданған болып табылмайтын қаржылық активтерге қатысты: барлық күтілетін ақшалай қаражатты толық алмаудың келтірілген құны ретінде (яғни, шартқа сәйкес Холдингке тиесілі ақша ағындары мен Холдинг алуды күтетін ақша ағындары арасындағы айырма);
- есеп беру күніне жай-күйі бойынша кредиттік-құнсызданған болып табылатын қаржылық активтерге қатысты: активтердің жалпы теңгерімдік құны мен болашақ ақша ағындарының келтірілген құны арасындағы айырма ретінде;
- қарыз беру бойынша міндеттемелердің пайдаланылмаған бөлігіне қатысты: егер қарыз беру бойынша міндеттемелерді ұстаушы өзінің қарыз алу құқығын пайдаланса, шарт бойынша, Холдингке тиесілі болатын шартта көзделген ақша ағындары және егер бұл қарыз берілетін болса, Холдинг алуды күтетін ақша ағындары арасындағы айырманың келтірілген құны ретінде; және
- қаржылық кепілдік шарттарына қатысты: Холдингтің өтеуі күтілетін сомаларды шегере отырып, ол келтірген кредиттік залалдың өтемақысы үшін шарт ұстаушының күтілетін төлемдерінің келтірілген құны ретінде.

Кредиттік-құнсызданған болып табылатын қаржылық активтер 9-ҚХЕС-те (IFRS) 39-ҚХЕС-ке сәйкес (IAS) (3-ескертпе) құнсызданған болып табылатын қаржылық активтерге ұқсас анықталады.

Дефолтты анықтау. 9-ҚХЕС-ке (IFRS) сәйкес қаржылық активті Холдинг:

- қарыз алушының Холдинг алдындағы кредиттік міндеттемелерінің Холдингтің қамтамасыз етуді (ол болған кезде) іске асыру сияқты іс-әрекеттерді қолданбай толық көлемде өтелуі екіталай; немесе
- қарыз алушының Холдингтің елеулі кредиттік міндеттемелерінің кез келгені бойынша берешегінің мерзімі 90 күннен астамға өткізілген жағдайларда олар бойынша дефолт оқиғасы басталған қаржылық активтерге жатқызады. Клиент ұсынылған лимиті бұзған не оған болатын ағымдағы өтелмеген берешек сомасынан аз лимит ұсынылған сәттен бастап овердрафттар мерзімі өткен берешек болып саналады.

Холдинг қарыз алушысының міндеттемелері бойынша дефолт оқиғасын бағалау кезінде келесі көрсеткіштер ескеруге тиіс:

- сапалық: мысалы, шарттың (ковенанттардың) шектеу талаптарының бұзылуы;
- сандық: мысалы, мерзімі өткен берешек мәртебесі және Холдингтің бір эмитентінің басқа міндеттемесі бойынша төлемеу; сондай-ақ
- Холдингтің ішінде өз бетінше әзірленген және сыртқы көздерден алынған деректер негізінде.

Қаржы құралы бойынша дефолт оқиғаларының орын алуын бағалау кезіндегі бастапқы деректер және олардың маңыздылығы мән-жайлардағы өзгерістерді көрсету үшін уақыт өте өзгеруі мүмкін.

Кредиттік тәуекелдің едәуір артуы. 9-ҚХЕС-ке (IFRS) сәйкес қаржы құралы бойынша кредиттік тәуекелдің (яғни, дефолт тәуекелі) оны бастапқы тану сәтінен бастап едәуір артуының орын алып-алмағанын анықтау кезінде Холдинг сандық және сапалық ақпаратты, сондай-ақ Холдингтің тарихи тәжірибесіне, кредит сапасын сараптамалық бағалауға және болжамды ақпаратқа негізделген талдауды қоса алғанда, өзекті және жоқ шамадан тыс шығын немесе күш-жігер жұмсамай-ақ қолжетімді негізделген және расталатын ақпаратты қарастырады.

5 Жаңа есеп қағидалары (жалғасы)

ҚЕХС (IFRS 9) «Қаржы құралдары» (жалғасы)

Құнсыздану – қаржы кепілдік шарты мен қарыз беру бойынша міндеттемелер, қаржы активтері (жалғасы)

Кредит тәуекелінің елеулі өсуі (жалғасы). Холдинг ең алдымен кредит тәуекеліне ұшыраған позиция үшін кредит тәуекелінің елеулі өсуінің орын алуы орынды не жоқ екендігін келесілерді салыстыру арқылы анықтайды:

- есепті күнгі жағдайы бойынша барлық мерзімнің қалған бөлігі үшін дефолт мүмкіндіктері; және
- кредит тәуекеліне ұшыраған позицияны бастапқы мойындау барысында анықталған сол уақытқа есептелген барлық мерзімнің қалған бөлігі үшін дефолт мүмкіндіктері.

Қаржы құралын бастапқы мойындау сәтінен кредит тәуекелінің елеулі өсуін бағалау құралды бастапқы мойындау күнін анықтауды талап етеді. Кредит карталары және овердрафттар секілді кредиттеудің кейбір жаңартылатын механизмдері үшін шарт жасасу күні ертеректе болуы мүмкін. Төменде қарастырылған қаржы құралының шарт талаптарын өзгерту осы бағаға әсер етуі мүмкін.

Кредиттік тәуекелге ұшырағыштық. Холдинг дефолт тәуекелін болжау үшін анықталатын түрлі мәліметтердің негізінде, сондай-ақ кредит бойынша сараптық пайымдауларды қолдану арқылы кредит тәуекеліне ұшыраған әрбір позицияны кредит тәуекелдері деңгейінің арасында бөледі. Холдинг 9 ҚЕХС (IFRS) сәйкес кредит тәуекелінің елеулі өсуін анықтау үшін кредит тәуекелі деңгейлерінің мәліметтерін пайдаланады. Кредит тәуекелі деңгейлері дефолт тәуекелін көрсететін сапалық және сандық факторларды қолдану арқылы анықталады. Бұл факторлар кредит тәуекеліне ұшыраған позиция сипатына, қарыз алушы түріне қарай өзгеруі мүмкін.

Кредит тәуекелінің деңгейлері дефолттың пайда болу тәуекелі кредит тәуекелінің төмендеуіне қарай экспоненттік түрде ұлғаятындай анықталады және калибрленеді – мысалы, кредит тәуекелінің 1 және 2 деңгейлерінің арасындағы дефолт тәуекелі кредит тәуекелінің 2 және 3 деңгейлері арасындағы дефолт тәуекелімен салыстырғанда азырақ. Кредит тәуекеліне ұшыраған әр позиция бастапқы мойындау күніне қарыз алушы туралы қолда бар ақпараттың негізінде кредит тәуекелінің белгілі бір деңгейіне жатады. Кредит тәуекеліне ұшыраған позициялар тұрақты түрде бақыланатын болады, бұл позицияның кредит тәуекелінің өзге деңгейіне ауысуына алып келуі мүмкін.

Дефолт ықтималдығының уақытша құрылымын құру. Кредит тәуекеліне ұшыраған позициялар үшін дефолт ықтималдығының уақытша құрылымын құру барысында кредит тәуекелінің деңгейлері бастапқы деректер көзі болып табылады.

Холдинг кредит тәуекеліне ұшыраған позициялар үшін дефолт деңгейі және берешегіне қызмет көрсету жөніндегі мәліметтерді жинайды, олар құзыретке, өнім мен қарыз алушы түріне және кредит тәуекелі деңгейіне байланысты талданатын болады. Кейбір қоржындар үшін сыртқы рейтингілік кредит агенттігінен түскен ақпарат қолданылуы мүмкін.

Холдинг жиналған мәліметтерді талдау, кредит тәуекеліне ұшыраған позициялар үшін қалған кезеңге дефолт ықтималдығы бағасын беру және уақыт өткен сайын өзгерістерді болжалдау үшін статистикалық модельдерді пайдаланады.

Бұл талдау дефолт ықтималдығы және макроэкономикалық факторлар өзгерісі арасындағы қатынасты анықтау және калибрлеуден, сондай-ақ кейбір өзге факторлардың (мысалы, кредит беру келесімінің шарттарын қайта қарау тәжірибелері) дефолт тәуекеліне әсерін толықтай талдаудан тұрады. Кредит тәуекеліне ұшыраған көптеген позициялар үшін макроэкономикалық кілтті көрсеткіш ретінде ЖІӨ өсімі көрініс табуы мүмкін. Холдингтің бұл бағаға болжамды ақпаратты енгізу тәсілі төменде көрсетілген.

Кредит тәуекелінің елеулі өсуін анықтау. Холдинг бастапқы мойындау сәтінен бастап нақты қаржы құралы бойынша кредит тәуекелінің елеулі өсуін анықтау үшін бағалау әдістемесін жасап шығарды, бұл әдістеме сандық және сапалық ақпараттардан тұрады. Бұл әдістеме Холдингтің кредит тәуекелін басқарудың ішкі үдерісімен келіседі. Кредит тәуекелінің елеулі өсуін анықтауға арналған өлшемдер қоржынға сәйкес өзгереді және мерзімді өткізу мезгілі бойынша «шектеуішті» қосады.

Холдингтің сандық модельдеуінің негізінде бастапқы мойындау сәтінен дефолт ықтималдығы қалған мерзімде 2 немесе одан да көп тармақтарға ұлғайғандығы белгіленсе, Холдинг кредит тәуекеліне ұшыраған нақты позиция бойынша кредит тәуекелі оның бастапқы мойындау сәтінен елеулі өсті деп санайды.

5 Жаңа есеп қағидалары (жалғасы)

ҚЕХС(IFRS 9) «Қаржы құралдары» (жалғасы)

Құнсыздану – қаржы кепілдік шарты мен қарыз беру бойынша міндеттемелер, қаржы активтері (жалғасы)

Кредит тәуекелінің елеулі өсуін анықтау (жалғасы). Көп жағдайда кредит сапасының сарапшылық бағалауын немесе қолдануға келіссе сәйкес тарихи тәжірибені пайдалана Холдинг кредит тәуекеліне ұшыраған позиция үшін кредит тәуекелінің елеулі өсуінің себебін анықтай алады, бұл жағдайға нақты сапалық көрсеткіштердің сәйкес келуі шарт және бұл көрсеткіштер сандық талдау шеңберінде уақытылы толықтай ескерілмейді. «Шектеуіш» ретінде және 9 ҚЕХС (IFRS) талаптарын ескере Холдинг кредит тәуекелінің елеулі өсуі актив бойынша мерзімі өткен берешек күнінің саны 30 күннен асқан сәттен кеш емес орын алады деп болжамды санайды. Холдинг толық төлемі алынбаған ең бірінші күннен бастап күндерді санау арқылы мерзімі өткен берешек күндерінің санын анықтайды.

Холдинг тұрақты тексеру арқылы кредит тәуекелінің елеулі өсуін анықтау үшін қолданылатын критерилерінің тиімділігін тексереді, бұл төменде келтірілгенді дәлелдеу үшін қажет:

- критерийлер кредит тәуекеліне ұшыраған позиция дефолтта тұрмай тұрып кредит тәуекелінің елеулі өсуін анықтай алады;
- кредит тәуекелінің елеулі өсуін анықтау мен дефолттың арасындағы орташа уақыт орынды болып саналады;
- тәуекелге ұшыраған позициялар 12-айлық күтілетін кредит залалдарын бағалау құрамынан тікелей құнсыздалған-кредит құрамына ауыстырылмайды;
- 12-айлық күтілетін кредит залалдарын бағалау құрамынан бүкіл мерзім үшін күтілетін кредит залалдарының құрамына ауыстыру барысында залалдар үшін бағалау қорының ақталмаған құбылмалылығы жоқ.

Түрлендірілген қаржы активтері. Кредит бойынша шартта қарастырылған талаптар бірнеше себептер бойынша өзгеруі мүмкін, бұл себептерге нарық жағдайының өзгеруі, клиенттерді ұстап қалу, клиенттің кредит төлеу қабілетінің ағымдағы немесе әлеуетті төмендеуіне байланысты өзге факторлар жатады. Шарты өзгерген кредитті тану тоқтатылуы мүмкін, қайта қаралған кредит әділ құн бойынша жаңа кредит деп танылады.

ҚЕХС-ға (IFRS) сәйкес қаржы активінің шарттары өзгерсе, бұл өзгеріс мойындаудың тоқтатылуына алып келмесе, активтің кредит тәуекелінің елеулі өсуінің орын алуының анықталуы салыстыру арқылы жүзеге асырылады:

- өзгертілген шарт талаптары негізінде есепті күнгі жағдайы бойынша барлық мерзімнің қалған бөлігі үшін дефолт мүмкіндіктері; және
- бастапқы шарт талаптарының негізінде бастапқы мойындау күніне барлық мерзімнің қалған бөлігі үшін дефолт мүмкіндіктері..

Холдинг қаржы қиыншылығына тап болған клиенттердің кредиттері бойынша шарттарды («кредит келісімінің шарттарын қайта қарау» тәжірибесі деп аталады) қайта қарайды, бұл қайтарылатын берешек сомасын барынша көбейту және дефолт тәуекелін азайту үшін қажет. Кредит келісімінің шарттарын қайта қарау жөніндегі Холдинг саясатына сәйкес кредит бойынша шарттарды қайта қарау әрбір бөлек қарастырылған клиент үшін егер борышкер өз борышы бойынша дефолтқа жол берсе немесе дефолттың жоғары тәуекелі орын алса, борышкер бастапқы шарт талаптарына сәйкес төлем жүргізу үшін дұрыс күш салса және борышкердің қайта қаралған шарттарды орындай алуы талап етілсе ғана жүзеге асырылады.

Қайта қаралған шарттардың құрамына әдетте өтеу мерзімін ұзарту, пайыздарды төлеу мерзімін өзгерту және шарттың (ковенанттардың) шектеуіш талаптарын өзгерту жатады. Жеке тұлғаларға берілген кредиттер үшін, сондай-ақ заңды тұлғаларға берілген кредиттер үшін кредит келісімінің шарттарын қайта қарау саясаты қолданылады. Холдингтің кредит комитеті кредит келісімінің шарттарын қайта қарау есептерін тұрақты түрде талдайды.

Кредит келісімінің шарттарын қайта қарау саясаты шеңберінде өзгертілген қаржы активтері үшін дефолт ықтималдығын бағалау бұл өзгерістің пайыз және негізгі соманы қайтаруда Холдинг мүмкіндіктерінің жақсаруына немесе қалпына келуіне алып келу келмеу фактісін қамтиды, кредит келісімінің шарттарын қайта қарау мәселесі жөніндегі Холдингтің өткен тәжірибесі де бағалауда көрініс табады. Бұл үдерістің аясында Холдинг шарттың өзгертілген талаптарына сәйкес қарыз алушының қарызды өтеу уақыттылығын бағалайды және түрлі мінез-құлық көрсеткіштерін қарайды.

5 Жаңа есеп қағидалары (жалғасы)

ҚЕХС(IFRS 9) «Қаржы құралдары» (жалғасы)

Құнсыздану – қаржы кепілдік шарты мен қарыз беру бойынша міндеттемелер, қаржы активтері (жалғасы)

Түрлендірілген қаржы активтері (жалғасы). Өдетте кредит келісімінің шарттарын қайта қарау дефолттың сапалық көрсеткіші мен кредит құнсыздануы болып есептелінеді, кредит келісімінің шарттарын қайта қарау болжалдары кредит тәуекелінің елеулі өсуінің бағалауына байланысы бар. Клиент кредит келісімінің шарттарын қайта қараған соң белгілі бір уақыт кезеңінің ішінде кредит тәуекеліне ұшыраған позиция дефолтта тұр/кредит-құнсыздалған деп танылуына дейін төлемдерді уақытылы жүзеге асыруы қажет, әйтпесе дефолт ықтималдығының төмендеуі соншалық, залалдар үшін бағалау қоры 12 айға күтілетін кредит залалына тең сомада қайда бағаланады.

Күтілетін кредит залалдарын бағалау барысындағы бастапқы деректер. Күтілетін кредит залалдарын бағалау барысындағы бастапқы негізгі деректемелер келесі ауыспалылардың уақытша құрылымы болып табылады:

- дефолт ықтималдығы («PD»);
- дефолт жағдайындағы залал көлемі («LGD»); және
- дефолт жағдайындағы тәуекелде тұрған сома («EAD»).

Бұл көрсеткіштер ішкі статистикалық модельдерден және реттеуші капиталды есептеу үшін модельдерде қолданылатын өзге тарихи деректерден алынады. Олар төменде келтірілген болжамды ақпаратты қамту үшін түзетіледі.

Дефолт ықтималдығын (PD) бағалау белгілі бір күнге баға беруден құралады, баға статистикалық рейтингтік модельдердің негізінде есептелінеді, кредит тәуекеліне ұшыраған контрагент және позициялардың түрлі категорияларына бейімделген бағалау құралдарын пайдалану арқылы бағаланады. Бұл статистикалық модельдер құрамына сандық және сапалық факторлар кіретін ішкі жинақталған мәліметтерге негізделеді. Мүмкін болған жерде нарықтық мәліметтер ірі контрагент-заңды тұлғалар үшін дефолт ықтималдығын орнату үшін пайдаланылады. Кредит тәуекеліне ұшыраған контрагент немесе позиция рейтинг деңгейлері арасында көшіп жүрсе, дефолттың сәйкес ықтималдығын бағалауда өзгерістер орын алады. Дефолт ықтималдығы кредит тәуекеліне ұшыраған позицияларды өтеудің шартты мерзімі мен мерзімінен бұрын өтеудің болжамды мөлшерлемесі есебімен бағаланады.

Дефолт жағдайындағы залал көлемі(LGD) дефолт жағдайында ықтимал залалдың көлемін білдіреді. Холдинг LGD көрсеткіштерін контрагенттерге байланысты талаптар бойынша қаражатты қайтару коэффициенттері туралы ақпаратқа сәйкес бағалайды. LGD бағалау моделінде қаржы активі құрамына енетін құрылым, қамтамасыз етілуі, талаптардың жоғары тұрушылық деңгейі, контрагент саласы және кез келген қаражатты өтеу үшін залалдар қарастырылады. Жеке тұлғаларды жылжымайтын мүлікпен қамтамасыз етуші кредиттер үшін кредит сомасы мен кепіл сомасы (LTV) арасындағы ара салмақ дефолт жағдайында залал көлемін анықтау үшін негізгі параметр болмақ. Залал көлемінің бағалары дефолт жағдайында түрлі экономикалық сценарий есебімен калибрленеді, ал жылжымайтын мүлік операцияларын кредиттеу үшін жылжымайтын мүлік бағаларының мүмкін өзгеруі ескеріледі. Олар коэффициент ретінде пайыздың тиімді мөлшерлемесін пайдалану арқылы дисконтталған ақша ағыны негізінде есептелінеді.

Дефолт жағдайындағы тәуекелде тұрған сома (EAD) дефолттың басталу күні кредит тәуекеліне ұшыраған позициялардың күтілетін көлемдерін білдіреді. Бұл көрсеткішті Холдинг ағымдағы EAD көлеміне және шарт бойынша өтемпұл мен мерзімінен бұрын өтеуді қоса алғандағы мүмкін өзгерістерге сәйкес есептейді. Қаржы активі үшін EAD көлемі дефолт жағдайында жалпы теңгерімдік құн болып табылады. Қарыз беру бойынша міндеттемелер мен қаржы кепілдік шарттары үшін EAD көлемі түскен соманы, тарихи зерттеу мен болжам негізінде бағаланатын, шарт бойынша түсуі немесе өтелуі мүмкін келешектегі мүмкін сомаларды есептейді. Кейбір қаржы активтері үшін Холдинг EAD көлемін сценарийлер және статистикалық тәсілдерді қолдана уақыттың түрлі кезеңінде кредит тәуекеліне ұшыраған позициялардың мүмкін көлемдерінің ауқымын үлгілеу арқылы анықтайды.

Жоғарыда сипатталғандай және кредит тәуекелі едәуір артпаған қаржы активтері үшін дефолт ықтималдығының максималды 12-айлық коэффициентін пайдалану шартымен Холдинг шарт бойынша максималды кезең аралығында дефолт тәуекелі есебімен күтілетін кредит залалдарын бағалайды (ұзарту үшін қарыз алушының кез келген опциондарын қоса алғанда), тәуекелді басқару мақсаттары үшін Холдинг бұдан ұзағырақ кезеңді қарастыратын болса да, бұл кезең аралығында ол кредит тәуекеліне ұшырайды. Шарт бойынша максималды кезең берілген қарызды өтеуге немесе қарыз беру бойынша міндеттемелердің, қаржы кепілдік шартының күшін жоюға құқылы болу күніне дейін жалғасады.

5 Жаңа есеп қағидалары (жалғасы)
ҚЕХС(IFRS 9) «Қаржы құралдары» (жалғасы)

Құнсыздану – қаржы кепілдік шарты мен қарыз беру бойынша міндеттемелер, қаржы активтері (жалғасы)

Күтілетін кредит залалдарын бағалау барысындағы бастапқы деректер (жалғасы). Шартта қарастырылған Холдинг мүмкіндіктері, яғни кредитті өтеу талабы және өзіне міндеттемені қабылдаған талап етілмеген компонентті жою Холдингтің кредит залалдары тәуекеліне ұшырауын шартты мерзіммен шектемесе, кредит пен өзіне міндеттемені қабылдаған талап етілмеген компоненттерден тұратын заңды тұлғалар үшін кредиттеудің кейбір жаңартылған механизмдері жөнінде Холдинг шарт бойынша максималды кезеңнен асатын кезең аралығында күтілетін кредит залалдарын бағалайды.

Кредиттеудің бұл механизмдерінің нақты мерзімі немесе өтеу сызбасы жоқ, оларды топтық негізде басқарады. Холдинг шұғыл күшіне енуін қарастыра оларды жоя алады, алайда шартпен қарастырылған бұл құқық ағымдағы қарапайым басқару кезінде қолданылмайды, тек кредиттеу механизмі деңгейінде кредит тәуекелінің өсуі жөнінде Холдингке белгілі болған жағдайда ғана пайдаланылады. Бұл ұзағырақ кезең Холдинг іске асыратын, күтілетін кредит залалдарының салдарын төмендетуге арналған кредит тәуекелін басқару жөніндегі әрекеттер есебімен бағаланады. Бұларға лимитті төмендету және кредит механизмін жою жатады.

Егер параметрді үлгілеу топтық негізде жүзеге асса, қаржы құралдары тәуекелдің жалпы сипаттамасы негізінде жіктеледі, оған: құрал түрі; кредит тәуекелінің деңгейлері; қаражат түрі; бастапқы мойындау күні; өтеуді аяқтау үшін қалған мерзім; сала; қарыз алушының географиялық орналасқан жері жатады.

Кредит тәуекеліне ұшыраған позициялар белгілі бір топ шегінде бертiкті болуын қамтамасыз ету үшін топтарға тұрақты түрде тексеріс жүреді.

Холдинг шектеулі тарихи деректерге ие қоржындар бойынша сырқы көздерден түскен салыстырмалы ақпаратты қосымша ақпарат ретінде пайдаланады.

Болжамды ақпарат. 9 ҚЕХС (IFRS) сәйкес Холдинг болжамды ақпаратты бастапқы мойындау сәтінен кредит тәуекелінің елеулі өсуінің бағалауына, сондай-ақ күтілетін кредит залалдарының бағалауына қосады. Холдинг Холдингтің активтері мен пассивтерін басқару бойынша Комитеттің сарапшылық бағалауын болжамды ақпаратты бағалау үшін қолданады. Бұл бағалау сыртқы ақпаратқа негізделеді. Сыртқы ақпарат Холдинг қызметін жүзеге асыратын елдердегі Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика Министрлігі секілді мемлекеттік органдар және ақша-кредиттік реттеу органдары жариялайтын экономикалық мәліметтер мен болжамдардан, сондай-ақ бөлек жеке және ғылыми болжамдардан тұруы мүмкін.

Холдинг репрезентативті сценарийлерді анықтау мақсатындағы тәсілді реттеу үшін «қарқынды» сценарийлердің стресс-тестілеуін қайта-қайта өткізеді.

Холдинг қаржы құралдарының әрбір қоржыны бойынша кредит тәуекелі мен кредит залалдарының негізгі факторларын бөліп, құжат түрінде рәсімдеді, тарихи деректердің талдауын пайдалана макроэкономикалық ауыспалы, кредит тәуекелі мен кредит залалдары арасындағы өзара байланысты бағалады. Негізгі фактор ретінде ЖІӨ болжамдары қолданылады. Қаржы активтерінің түрлі қоржындары бойынша кілтті көрсеткіштер, дефолт көлемдері және залал деңгейлерінің болжамдалатын ара салмағы қызметті сырттан жеткізуші ұсынатын деректерге негізделеді.

Ықпалды бағалау. 9 ҚЕХС (IFRS) күшіне енуіне байланысты Холдингтің шоғырландырылған қаржы есеп-қисабына елеулі ықпал құнсыздану бөліміндегі жаңа талаптармен байланысты болады деп күтілуде. 9 ҚЕХС (IFRS) сәйкес құнсызданудың жаңа моделін пайдалану құнсыздану әсерінен залалдың көбеюіне, олардың құбылмалылығына алып келеді.

Холдингтің бағалауына сәйкес 9 ҚЕХС (IFRS) пайдалану барысында залалдар үшін бағалау қорлары (салық шегерісіне дейін) 2018 жылдың 1 қаңтар күні жағдайы бойынша 5.00%-дан аспайды.

Жіктеу – қаржы міндеттемелері. 9 ҚЕХС (IFRS) айтарлықтай дәрежеде қаржы міндеттемелерін жіктеу бөлімінде 39 ҚЕХС (IAS) бар талаптарын сақтайды.

Мойындауды тоқтату және шартты өзгерту. 9 ҚЕХС (IFRS) маңызды түзетусіз қаржы активтері мен қаржы міндеттемелерін мойындауды тоқтату аясында 39 ҚЕХС (IAS) талаптарын қамтиды.

Пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланбайтын қаржы құралының түрленуі мойындауды тоқтатпаса, оның құрамында есеп бойынша жеке нұсқаулық бар. 9 ҚЕХС (IFRS) сәйкес Холдинг пайыздың бастапқы тиімді мөлшерлемесі бойынша түрлендірілген шартты ақша ағындарын есептеу арқылы қаржы активінің жалпы теңгерімдік құнын (немесе қаржы міндеттемесінің амортизацияланған құны) қайта есептеуі тиіс және түзеу нәтижесінде пайда болған соманы пайда немесе залал арқылы түрленуден түскен пайда немесе залал деп тануы керек. 39 ҚЕХС (IAS) сәйкес Холдинг мойындауды тоқтатуға алып келмейтін проблемалық емес қаржы активтері мен қаржы міндеттемелерінің түрленуі нәтижесіндегі пайда немесе залал құрамындағы пайда немесе залалды мойындамайды.

Холдинг бұл жаңа талаптарды қолдану нәтижесінде елеулі ықпалдың орын алуын күтпейді.

5 Жаңа есеп қағидалары (жалғасы)

ҚЕХС (IFRS 9) «Қаржы құралдары» (жалғасы)

Құнсыздану – қаржы кепілдік шарты мен қарыз беру бойынша міндеттемелер, қаржыактивтері (жалғасы)

Хеджерлеуді есептеу. 9 ҚЕХС (IFRS) бастапқы қолдану барысында Холдинг өзінің есеп саясаты ретінде 9 ҚЕХС (IFRS) 6 бөлім талаптарының орнына хеджерлеуді есептеу бөлімінде 39 ҚЕХС (IAS) талаптарын қолдануды жалғастыруды таңдай алады. Холдинг 39 ҚЕХС (IAS) белгілеген талаптарды орындауды жалғастыру шешімін қабылдады. Есеп саясаты жағдайын таңдау ақпаратты ашу бойынша жаңа талаптардың орындалуынан босатуды қарастырмағандықтан, Холдинг 9 ҚЕХС (IFRS) өзгертулеріне сәйкес «Қаржы құралдары: ақпаратты ашу» 7 ҚЕХС (IFRS) енгізілген хеджерлеу есебіне қатысты ақпаратты кең көлемде ашады.

9 ҚЕХС (IFRS) сәйкес кредит тәуекелі және күтілетін кредит залалдары тақырыбындағы ақпараттың жан-жақты, жаңадан ашылуы талап етіледі.

Өтпелі ережелер. 9 ҚЕХС (IFRS) пайдалану нәтижесінде есеп саясатын өзгерту жалпы алғанда өткенді шолу арқылы жүреді, төменде келтірілген жағдайлар жатпайды.

Холдинг қаржы құралдарының жіктемесі мен бағалауындағы (құнсыздануды қоса алғанда) өзгерістерге қатысты алдыңғы кезеңдер үшін салыстырмалы деректерді қайта есептемеуге мүмкіндік беретін босатуды пайдаланады. 9 ҚЕХС (IFRS) сәйкес құралдардың алдыңғы теңгерімдік құны мен қазіргі теңгерімдік құны арасындағы айырмашылық 2018 жылдың 1 қаңтар күні жағдайы бойынша бөлінбеген залал мен қорлар құрамында танылады.

Қаржы активі ұсталынып тұратын бизнес-моделін таңдау бастапқы қолдану күніндегі деректер мен міндеттемелердің негізінде жүргізілуі тиіс.

Егер борыш, инвестициялық, бағалы қағаз 2018 жылдың 1 қаңтар күні жағдайы бойынша төмен кредит тәуекеліне ие болса, Холдинг бастапқы мойындау сәтінен актив бойынша кредит тәуекелінің елеулі өсуі орын алмайды деп анықтайды.

«Жалға алу» атты 16-ҚЕХС (IFRS)

16-ҚЕХС (IFRS), «Жалға алу» атты 17-ҚЕХС-ті (IAS), «Келісімде жалға алу белгілерінің бар-жоғын айқындау» атты 4-ХҚЕТК-ні (IFRIC) түсіндірмесін, ТТК-нің (SIC) «Операциялық жалға алу – ынталандырмалар» атты 15-түсіндірмесін және ТТК-нің (SIC) «Жалға алудың заңды нысаны бар мәмілелердің мәнін айқындау» атты 27-түсіндірмесін қоса алғанда, жалға алуға қатысты қолданыстағы нұсқаулықты алмастырады.

16-ҚЕХС (IFRS) 2019 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдерге қатысты күшіне енеді. 16-ҚЕХС (IFRS) немесе оған дейінгі бастапқы қолдану күніне «Сатып алушылармен шарттар бойынша түсімдер» атты 15-ҚЕХС (IFRS) қолданатын кәсіпорындар үшін стандартты ұзақ мерзімді қолдануға рұқсат беріледі.

16-ҚЕХС (IFRS) жалға алушының теңгерімінде көрсетілуін болжамдайтын жалгерлік шарттарын жалға алушылардың ескеруінің бірыңғай моделін енгізеді. Бұл модельге сәйкес жалға алушы базалық активті пайдалану құқығы болып табылатын пайдалану құқығы нысанындағы активті, және жалгерлік төлемдерді жүзеге асыру міндеті болып табылатын жалдау бойынша міндеттемені тануы тиіс. Қысқа мерзімді жалға алуға және құны төмен объектілердің жалға алынуына қатысты міндетті емес жеңілдетулер қарастырылған. Жалға берушілер үшін есеп ережелері жалпы сақталады – олар жалға алуды қаржылық және операциялық деп сыныптауды жалғастыратын болады.

Холдинг ҚЕХС (IFRS) 16 қолданудың өзінің шоғырландырылған қаржылық есептілікке ықтимал әсерінің бағалауын аяқтаған жоқ. ҚЕХС (IFRS) 16 қолданудың шоғырландырылған қаржылық есептілікке нақты әсері бастапқы қолдану кезеңінде 2019 жылдың 1 қаңтарында қолданыста болған Холдингтің қарыз қаражатын тарту мөлшерлемесін қосқанда, болашақ экономикалық шарттарға, осы күнге Холдингтің жалгерлік шарттары қоржынының құрамына, Холдингтің жалгерлікті ұзарту жөніндегі өзінің құқығын іске асыруға ниетті ма екендігін өзекті бағалауына және стандартта қолжетімді тәжірибелік сипаттағы жеңілдетулерді және танудан босатуларды Холдинг қолдануды шешетіндігіне байланысты болады.

Келісімде жалға алу белгілерінің болуын анықтау. ҚЕХС (IFRS) 16 ауысқан кезде Холдинг өз қалауына мыналарды шеше алады:

- өзінің барлық шарттарына ҚЕХС (IFRS) 16 белгіленген жалға алу анықтамасын қолдану керек пе; немесе
- тәжірибелік сипаттағы жеңілдетуді қолдану және қолданыстағы шарттар жалпы жалға алу шарттары болып табыла ма немесе онда жекелеген жалға алу компоненттері бар ма екендігін қайта талдамау.

Қазіргі уақытта Холдинг тәжірибелік сипаттағы жеңілдетуді қолданған жөн бе дегенді бағалау үстінде.

5 Жаңа есеп қағидалары (жалғасы)

«Жалға алу» атты 16-ҚЕХС (IFRS) (жалғасы)

Жаңа стандартқа көшу. Жалға алушы ретінде Холдинг келесі тәсілдердің бірін пайдалана стандартты қолдана алады:

- өткенді шолу тәсілі; немесе
- практикалық сипаттағы міндетті емес оңайлатуы қарастырылған түрлендірілген өткенді шолу тәсілі.

Жалға алушы жалға алушы болып табылатын барлық жалға алу шарттарына қатысты таңдалынған тәсілді дәйекті түрде қолдану керек.

Холдинг 16 ҚЕХС (IFRS) алғашқы рет қолдануды 2019 жылдың 1 қаңтарында жоспарлап отыр. Холдинг стандартты қолдану барысында қай тәсілді қолдану жөніндегі шешім қабылдау және бағалау үдерісінде тұр.

Холдинг жалға алушы болып табылатын жалға алу шарттары үшін қандай да бір түзетулерді жасауға міндетті емес, қосалқы жалгерлік бойынша аралық жалға алушы болып табылатын жағдайлар кірмейді.

Басқа өзгертулер

Стандарттарға келесі түзетулер мен түсіндірулер Холдингің шоғырландырылған қаржы есебіне айтарлықтай әсер етпейді деп күтілуде:

- Жыл сайынғы ҚЕХС жетілдіруі, 2014-2016 жж. кезең – 1 ҚЕХС (IFRS) мен 28 ҚЕХС (IAS) үшін өзгертулер.
- Акциялар негізінде төлем бойынша операцияларды жіктеу және бағалау (2 ҚЕХС (IFRS) үшін өзгертулер).
- Инвестициялық жылжымайтын мүлікті санаттан санатқа аудару (40 ҚЕХС (IAS) үшін өзгертулер).
- инвестор мен оның қауымдастырылған немесе бірлескен кәсіпорны арасындағы келісімде активтерді сату немесе жарна төлеу (10 ҚЕХС (IFRS) және 28 ҚЕХС (IAS) үшін өзгертулер).
- 22 ХҚЕТК (IFRIC) түсіндіру Шетел валютасындағы операциялар және алдын ала төлеу.
- 23 ХҚЕТК (IFRIC) түсіндіру Салықты пайдаға есептеу ережелеріне қатысты тұрлаусыздық.

6 Ақша қаражаттары мен оның баламалары

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	2017 жылғы 31 желтоқсан	2016 жылғы 31 желтоқсан
Басқа банктердегі корреспонденттік шоттар мен «овернайт» депозиттері	201,921,328	122,000,528
Бастапқы өтеу мерзімі үш айдан кем сатып алу және кері сату («кері репо») шарттары	167,868,187	39,546,142
ҚРҰБ шоттары бойынша қалдықтар	142,727,420	85,140,618
Ағымдағы шоттар	110,380,696	162,314,682
ҚРҰБ-ның өтеу мерзімі үш айдан кем ноталары	45,112,914	40,069,124
Қолма-қол қаражат	3,116,197	2,816,451
ҚРҰБ шоттарындағы міндетті резервтер	3,112,569	2,150,291
Жиыны құнсыздану үшін резервтен шегерілгенге дейін ақша қаражаты мен оның баламалары	674,239,311	454,037,836
Құнсыздану үшін резерв шегеріле отырып	(2,141,045)	(2,525,737)
Ақша қаражаттары мен оның баламаларының жиыны	672,098,266	451,512,099

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы
Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер – 2017 жылғы 31 желтоқсан

6 Ақша қаражаттары мен оның баламалары (жалғасы)

Төмендегі кестеде Standard and Poor's рейтингі немесе Moody's немесе Fitch агенттіктерінің рейтингтері негізінде 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ақша қаражаты мен оның баламаларына кредиттік сапасы бойынша жүргізілген талдау ұсынылған:

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	Міндетті резервтерді қоса алғанда, ҚРҰБ шоттары бойынша қалдықтар	Ағымдағы шоттар	ҚРҰБ ноталары	Басқа банктердегі корреспонденттік шоттар мен «овернайт» депозиттері	Жиыны
<i>Мерзімі өтпеген және құнсызданбаған</i>					
- Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі	145,839,989	-	45,112,914	-	190,952,903
- «AA-»-тен«AA+»-ке дейінгі рейтингпен	-	-	-	40,191,509	40,191,509
- «A-»-тен«A+»-ке дейінгі рейтингпен	-	-	-	83,494,464	83,494,464
- «BB-»-тен«BB+»-ке дейінгі рейтингпен	-	66,174,465	-	78,206,564	144,381,029
- «B-»-тен«B+»-ке дейінгі рейтингпен	-	36,379,171	-	28,791	36,407,962
- «CCC-»-тен«CCC+»-ке дейінгі рейтингпен	-	13,454	-	-	13,454
- «D» рейтингімен	-	2,141,045	-	-	2,141,045
- рейтингі жоқ	-	5,672,561	-	-	5,672,561
Құнсыздану үшін резерв шегерілгенге дейін қолма-қол ақша қаражатын және сатып алу және кері сату шарттарын алып тастағанда, ақша қаражаты мен оның баламаларының жиыны	145,839,989	110,380,696	45,112,914	201,921,328	503,254,927
Құнсыздану үшін резерв шегеріле отырып	-	(2,141,045)	-	-	(2,141,045)
Құнсыздану үшін резерв шегерілгенге дейін қолма-қол ақша қаражатын және сатып алу және кері сату шарттарын алып тастағанда, ақша қаражаты мен оның баламаларының жиыны	145,839,989	108,239,651	45,112,914	201,921,328	501,113,882

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы
Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер – 2017 жылғы 31 желтоқсан

6 Ақша қаражаттары мен оның баламалары (жалғасы)

Төмендегі кестеде Standard and Poor's рейтингі немесе Moody's немесе Fitch агенттіктерінің рейтингтері негізінде 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ақша қаражаты мен оның баламаларына кредиттік сапасы бойынша жүргізілген талдау ұсынылған:

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	Міндетті резервтерді қоса алғанда, ҚРҰБ шоттары бойынша қалдықтар	Ағымдағы шоттар	ҚРҰБ ноталары	Басқа банктердегі корреспонденттік шоттар мен «овернайт» депозиттері	Жиыны
<i>Мерзімі өтпеген және құнсызданбаған</i>					
- Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі	87,290,909	-	40,069,124	-	127,360,033
- «АА-»-тен«АА+»-ке дейінгі рейтингпен	-	-	-	13,651,308	13,651,308
- «А-»-тен«А+»-ке дейінгі рейтингпен	-	19,212	-	45,838,915	45,858,127
- «ВВВ-»-тен«ВВВ+»-ке дейінгі рейтингпен	-	-	-	2,699	2,699
- «ВВ-»-тен«ВВ+»-ке дейінгі рейтингпен	-	40,239,599	-	61,533,865	101,773,464
- «В-»-тен«В+»-ке дейінгі рейтингпен	-	111,887,651	-	968,356	112,856,007
- «ССС-»-тен«ССС+»-ке дейінгі рейтингпен	-	409,284	-	-	409,284
- «D» рейтингімен	-	2,525,737	-	-	2,525,737
- рейтингі жоқ	-	7,233,199	-	5,385	7,238,584
Құнсыздану үшін резерв шегерілгенге дейін қолма-қол ақша қаражатын және кері РЕПО шарттары бойынша дебиторлық берешекті алып тастағанда, ақша қаражаты мен оның баламаларының жиыны	87,290,909	162,314,682	40,069,124	122,000,528	411,675,243
Құнсыздану үшін резерв шегеріле отырып	-	(2,525,737)	-	-	(2,525,737)
Құнсыздану үшін резерв шегерілгенге дейін қолма-қол ақша қаражатын және кері РЕПО шарттары бойынша дебиторлық берешекті алып тастағанда, ақша қаражаты мен оның баламаларының жиыны	87,290,909	159,788,945	40,069,124	122,000,528	409,149,506

2017 жылғы 31 желтоқсандағы және 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Холдинг Қазақстан Қор Биржасында кері РЕПО шарттарын бекітті. Бұл шарттардың мәні Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің қазынашылық вексельдері мен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ноталары болып табылады. Шарттардың теңгерімдік құны мен кепілге алынған бағалы қағаздардың әділ құны 167,868,187 мың теңге және 169,235,334 мың теңгені құрады, сәйкесінше (2016 жылдың 31 желтоқсан: (39,546,142 мың теңге және 39,808,588 мың теңге).

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Холдингтің ақша қаражаты мен оның баламаларының жалпы сомасы капиталының 10%-ынан асып түсетін бір контрагент банкі болды (2016 жылғы 31 желтоқсан: бір контрагент банк). 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша осы қалдықтардың жиынтық сомасы 190,952,903 мың теңгені (2016 жылғы 31 желтоқсан: 127,360,033 мың теңге) немесе ақша қаражаты мен оның баламаларының 28.41%-ын (2016 жылғы 31 желтоқсан: 28.21%) құраған.

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы
Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер – 2017 жылғы 31 желтоқсан

6 Ақша қаражаттары мен оның баламалары (жалғасы)

Ақша қаражатының және оның баламаларының құнсыздану үшін резервінің өзгерістері келесідей түрде ұсынылуы мүмкін.

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	2017 ж.	2016 ж.
1 қаңтардағы жағдай бойынша қалдық	2,525,737	-
Жыл ішінде құнсыздану үшін резервті құру (32-ескертпе)	93,361	2,525,737
Есептен шығару	(478,053)	-
31 желтоқсандағы жағдай бойынша қалдық	2,141,045	2,525,737

Ақша қаражаты мен оның баламаларының пайыздық мөлшерлемелеріне жүргізілген талдау 35-ескертпеде ұсынылған. Байланысты тараптармен операциялар бойынша ақпарат 41-ескертпеде ұсынылған.

7 Өзгерістері кезең ішіндегі пайданың немесе залалдың құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын қаржы құралдары

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	2017 жылғы 31 желтоқсан	2016 жылғы 31 желтоқсан
Туынды қаржы құралдары	73,807,033	92,218,731
Сауда бағалы қағаздары		
- Корпоративтік облигациялар	2,343,360	2,472,332
Өзгерістері кезең ішіндегі пайданың немесе залалдың құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын өзге де қаржы құралдары		
<i>Борыштық құралдар</i>		
- Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің бағалы қағаздары	1,479,517	2,352,106
- Корпоративтік облигациялар	1,179,806	3,717,475
<i>Үлестік құралдар</i>		
- Қорларға инвестициялар	68,594,229	64,334,927
Өзгерістері кезең ішіндегі пайданың немесе залалдың құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын қаржы құралдарының жиыны	147,403,945	165,095,571

Туынды қаржы құралдары. Туынды қаржы құралдары әділ құны бойынша бағаланған, өтеу мерзімі 2018-2020 жылдардағы (2016 жылғы 31 желтоқсан: 2017 – 2020 жылдар) валюталық және валюталық-пайыздық своптарды білдіреді (38-ескертпе).

Үлестік құралдар. Үлестік құралдар инвестициялық қорлардың белгіленбейтін акцияларымен ұсынылған. Акциялардың әділ құнын бағалау туралы әлдеқайда егжей-тегжейлі ақпарат 39-ескертпеде ұсынылған.

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы
Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер – 2017 жылғы 31 желтоқсан

7 Өзгерістері кезең ішіндегі пайданың немесе залалдың құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын қаржы құралдары (жалғасы)

Төмендегі кестеде Standard and Poor's рейтингі немесе Moody's немесе Fitch агенттіктерінің рейтингтері негізінде 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша өзгерістері кезең ішіндегі пайданың немесе залалдың құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздарға кредиттік сапасы бойынша жүргізілген талдау ұсынылған:

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	Корпоратив- тік облига- циялар	ҚР Қаржы министрлігінің бағалы қағаздары	Жиыны
<i>Мерзімі өтпеген</i>			
- «BBB-»-тен«BBB+»-ке дейінгі рейтингпен	2,343,360	1,479,517	3,822,877
- «B-»-тен«B+»-ке дейінгі рейтингпен	1,179,806	-	1,179,806
Өзгерістері кезең ішіндегі пайданың немесе залалдың құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын борыштық қаржы құралдарының жиыны	3,523,166	1,479,517	5,002,683

Төмендегі кестеде Standard and Poor's рейтингі немесе Moody's немесе Fitch агенттіктерінің рейтингтері негізінде 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша өзгерістері кезең ішіндегі пайданың немесе залалдың құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздарға кредиттік сапасы бойынша жүргізілген талдау ұсынылған:

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	Корпоратив- тік облига- циялар	ҚР Қаржы министрлігінің бағалы қағаздары	Жиыны
<i>Мерзімі өтпеген</i>			
- «BBB-»-тен«BBB+»-ке дейінгі рейтингпен	2,468,232	2,352,106	4,820,338
- «BB-»-тен«BB+»-ке дейінгі рейтингпен	2,472,332	-	2,472,332
- «B-»-тен«B+»-ке дейінгі рейтингпен	1,249,243	-	1,249,243
Өзгерістері кезең ішіндегі пайданың немесе залалдың құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын борыштық қаржы құралдарының жиыны	6,189,807	2,352,106	8,541,913

Өзгерістері кезең ішіндегі пайданың немесе залалдың құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын борыштық қаржы құралдарына жүргізілген талдау 35-ескертпеде ұсынылған. Байланысты тараптар шығарған, өзгерістері кезең ішіндегі пайданың немесе залалдың құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын қаржы активтері бойынша ақпарат 41-ескертпеде ұсынылған.

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы
Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер – 2017 жылғы 31 желтоқсан

8 Банктердегі қаражат

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	2017 жылғы 31 желтоқсан	2016 жылғы 31 желтоқсан
Банктерге және қаржы мекемелеріне берілген кредиттер	310,847,786	436,521,481
Депозиттер	211,807,795	340,864,439
Банктердегі қаражат	522,655,581	777,385,920
Құнсыздану үшін резерв шегеріле отырып	(42,497,190)	(34,338,319)
Банктердегі қаражат жиыны	480,158,391	743,047,601

2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдың ішінде екінші деңгейдегі банктерге берілген кредиттер портфелі Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры мен «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ-ның («БЖЗҚ») қаражаты есебінен кәсіпорындарға айналым капиталын толтыруға берілген кредиттерді өтеу салдарынан азайды.

2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдың ішінде Холдинг өңдеу және өнеркәсіптің басқа да салаларында жеке кәсіпкерлік субъектілерін одан әрі қаржыландыру үшін банктерге 148,400,000 мың теңге сомасына кредиттер берді. Осы кредиттер, негізінен, бір жылға дейінгі мерзімге берілді, өтеу мерзімі 2017 басталады.

Бастапқы кезде банктерге және қаржы мекемелеріне берілген кредиттер әділ құны бойынша танылған болатын, ол болашақ келісімшарттық ақша ағындарын дисконттау үшін тиісті нарықтық сыйақы мөлшерлемесін қолдану арқылы айқындалды. 2016 жылы банктерге берілген кредиттерді бастапқы тану кезінде дисконттан болған залал 7,773,749 мың теңгені құрады және пайда мен залал туралы шоғырландырылған есептегі өзге операциялық кірістер/(шығыстар) құрамында «Нарықтық мөлшерлемелерден төмен мөлшерлемелер бойынша қаржы құралдары бастапқы тану кезінде туындайтын шығыстар шегеріле отырып кірістер» бабында танылды. Осы кредиттер 2015 жылы теңгеге деноминацияланған, ҚРҰБ Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражатынан толық сатып алған облигацияларды шығару арқылы жылына 0.10% сыйақы мөлшерлемесімен және 2035 жылы өтеу мерзімімен қаржыландырылғандықтан (23-ескертпе), бұл залал 7,858,351 мың теңге мөлшеріндегі мемлекеттік субсидия нысанындағы кіріспен өтелген болатын (25-ескертпе).

2016 жылдың ішінде кредиттер мынадай шарттармен берілді:

- Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры мен «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ-ның («БЖЗҚ») қаражаты есебінен кәсіпкерлік субъектілерінің айналым қаражатын толықтыру мақсаттарына жылына 8.75% мөлшерлемесі бойынша жалпы номиналды құны 137,400,000 мың теңге болатын кредиттер (теңгерімдік құны 137,400,000 мың теңге). Түпкілікті қарыз алушылар үшін сыйақы мөлшерлемесі жылына 12.75%-бен шектелді
- жалпы номиналды құны 11,000,000 мың теңге болатын кредиттер (теңгерімдік құны 2,301,712 мың теңге) жеке тұлғалардың жергілікті өндірушілердің автомобильдерін сатып алуын одан әрі қаржыландыру үшін коммерциялық банктерге қарыздар түрінде берілді. Коммерциялық банктерге берілетін қарыздар бойынша сыйақы жылына 1.00% мөлшерлемесі бойынша есептеледі, ал түпкілікті қарыз алушылар үшін сыйақы мөлшерлемесі жылына 4.00%-бен шектелді.

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы
Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер – 2017 жылғы 31 желтоқсан

8 Банктердегі қаражат (жалғасы)

Төмендегі кестеде Standard and Poor's рейтингі немесе Moody's немесе Fitch агенттіктерінің рейтингтері негізінде 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша басқа банктердегі қаражатқа кредиттік сапасы бойынша жүргізілген талдау ұсынылған:

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	Банктерге және қаржы мекемелеріне берілген кредиттер	Депозиттер	Жиыны
Мерзімі өтпеген және құнсызданбаған			
- «ВВ-»-тен«ВВ+»-ке дейінгі рейтингпен	100,592,001	71,496,902	172,088,903
- «В-»-тен«В+»-ке дейінгі рейтингпен	173,565,327	124,457,556	298,022,883
- рейтингі жоқ	3,485,494	144,165	3,629,659
Жиыны мерзімі өтпеген және құнсызданбаған	277,642,822	196,098,623	473,741,445
Жеке құнсызданған (жалпы сомасы)			
- төлемді 30 күннен аз мерзімге кешіктіре отырып	14,031,830	-	14,031,830
- төлемді 91 – 180 күн мерзімге кешіктіре отырып	-	66,937	66,937
- төлемді 181 – 360 күн мерзімге кешіктіре отырып	14,155,507	-	14,155,507
- төлемді 360 күннен астам мерзімге кешіктіре отырып	5,017,627	15,642,235	20,659,862
Жиыны жеке құнсызданған (жалпы сомасы)	33,204,964	15,709,172	48,914,136
Құнсыздану үшін резерв шегеріле отырып	(26,788,019)	(15,709,171)	(42,497,190)
Басқа банктердегі қаражат жиыны	284,059,767	196,098,624	480,158,391

Төмендегі кестеде Standard and Poor's рейтингі немесе Moody's немесе Fitch агенттіктерінің рейтингтері негізінде 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша басқа банктердегі қаражатқа кредиттік сапасы бойынша жүргізілген талдау ұсынылған:

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	Банктерге және қаржы мекемелеріне берілген кредиттер	Депозиттер	Жиыны
Мерзімі өтпеген және құнсызданбаған			
- «ВВ-»-тен«ВВ+»-ке дейінгі рейтингпен	66,072,656	26,905,049	92,977,705
- «В-»-тен«В+»-ке дейінгі рейтингпен	325,875,078	277,446,254	603,321,332
-«ССС-»-тен«ССС+»-ке дейінгі рейтингпен	2,367,690	35,641	2,403,331
- рейтингі жоқ	4,708,120	-	4,708,120
Жиыны мерзімі өтпеген және құнсызданбаған	399,023,544	304,386,944	703,410,488
Жеке құнсызданған (жалпы сомасы)			
- төлемді 30 күннен аз мерзімге кешіктіре отырып	36,191,412	36,477,495	72,668,907
- төлемді 181 – 360 күн мерзімге кешіктіре отырып	557,775	-	557,775
- төлемді 360 күннен астам мерзімге кешіктіре отырып	748,750	-	748,750
Жиыны жеке құнсызданған (жалпы сомасы)	37,497,937	36,477,495	73,975,432
Құнсыздану үшін резерв шегеріле отырып	(18,298,813)	(16,039,506)	(34,338,319)
Басқа банктердегі қаражат жиыны	418,222,668	324,824,933	743,047,601

Холдинг кредиттің немесе депозиттің құнсыздануы туралы мәселені қараған кезде назарға алатын негізгі фактор оның мерзімі өткен мәртебесі болып табылады. Осының негізінде жоғарыда жеке тәртіппен құнсызданған ретінде айқындалған кредиттер мен депозиттер берешегінің мерзімдері бойынша талдау ұсынылған.

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы
Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер – 2017 жылғы 31 желтоқсан

8 Банктердегі қаражат (жалғасы)

Төменде банктерге және қаржы мекемелеріне берілген депозиттер мен кредиттердің құнсыздануы үшін резервтің өзгерістеріне жүргізілген талдау ұсынылған:

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	2017 ж.	2016 ж.
1 қаңтардағы жағдай бойынша қалдық	34,338,319	1,293,013
Жылдың ішінде құнсыздану үшін резервті құру (32-ескертпе)	18,264,622	33,045,306
Клиенттерге берілген қарыздардың құрамына аудару (9)	(3,942,222)	-
Валюта бағамының өзгеруінің әсері	(51,571)	-
Депозитті есептен шығару нәтижесінде азаю	(6,111,958)	-
31 желтоқсандағы жағдай бойынша қалдық	42,497,190	34,338,319

2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Холдингінің «Delta Bank» АҚ-да (Delta) 20,086,055 мың теңге сомасына депозиттері және жалпы сомасы 19,839,930 мың теңгеге кредиттері болды. 2017 жылдың ішінде Холдинг Delta-мен және тағы бірнеше қарыз алушылармен жалпы сомасы 35,773,596 мың теңгеге үш жақты келісім жасасты. Бұл келісімдердің шарттарына сәйкес Delta-ға қатысты барлық талап құқықтары (бұдан бұрын орналастырылған шоттар және депозиттер, және кредиттік келісімдер бойынша) қарыз алушыларға берілді (9-ескертпе). 2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдың ішінде Холдинг клиенттерге берілген кредиттердің құнсыздануы үшін залалдың құрамында, 21,998,166 мың теңге мөлшерінде аталған қарыз алушыларға қатысты құнсыздану үшін залалды таныды. 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Delta-ға берілген кредиттердің қалдығы 4,152,389 мың теңгені құрады, және олар толығымен құнсызданған, Delta ағымдағы қаржылық жағдайын өзінің түсінігі негізінде және Холдинг активтерден болатын ықтимал болашақ ақша қаражатының ағындарын күтпейді.

«Bank RBK» АҚ депозиттік шоттағы Холдинг ақшалай қаражатының қалдығы 11,142,217 мың теңгені құрады. 2017 жылдың желтоқсан айында депозиттік шот бойынша талап ету сомасы 2017 жылдың 7 қарашасында Қазақстан Республикасының Үкіметі, «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ, «ҚазАгро» Холдингі» АҚ, «Bank RBK» АҚ және «Қазақмыс» АҚ арасында қол қойылған Шекті келісімнің талаптарына сәйкес қайта құрылымдалды. Қайта құрылымдау шеңберінде Холдингінің «Bank RBK» АҚ-ға талаптары «Bank RBK» АҚ проблемалық активтері берілген «ДСФК арнайы қаржы компаниясы» ЖШС қамтамасыз етілген борыш міндеттемесіне ауыстырылды. Берілген проблемалық активтердің қоржыны «ДСФК арнайы қаржы компаниясы» ЖШС шығарылған борыш міндеттемелерін қамтамасыз ету ретінде көрініс табады. Холдингінің қаржы жағдайы жөніндегі шоғырландырылған есептегі бағалы қағаздардың әділ құны 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 1,723,614 мың теңгені құрады және бағалы қағаздардың иелеріне ұсынылған «Қазақмыс» ЖШС кепілдігінің әділ құнын білдіреді. 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша бұл борышқорлық міндеттемелер сату үшін қолда бар инвестициялық бағалы қағаздар деп жіктелінді. Қайта құрылымдау нәтижесі бойынша Холдинг 5,359,039 мың теңге және 3,960,043 мың теңге көлеміндегі құнсыздану әсерінен орын алған залалды пайда немесе залал жөніндегі шоғырландырылған есепте және жеке капиталдағы өзгерістер жөніндегі шоғырландырылған есепте мойындады. Қайта құрылымдау жоғарыда аталған Шекті келісімді мақұлдау жөніндегі Үкіметтің сәйкес қаулысын қабылдау арқылы Акционердің тапсырмасы бойынша өткізілгендігін ескеріп, құнсыздану әсерінен орын алған залал жеке капиталдың құрамында мойындалды.

2016 жылғы 27 желтоқсанда ҚРҰБ Қазақстан Республикасының Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігі берген «Қазинвестбанк» АҚ-ның («ҚИБ» АҚ) банктік және өзге де операцияларды жүргізу мен бағалы қағаздар нарығындағы қызметке арналған лицензиясын төлем және аударым операциялары бойынша шарттық міндеттемелерін тиісінше орындамағаны үшін кері қайтарып алды. 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Холдинг «ҚИБ» АҚ-ға жалпы сомасы 21,069,383 мың теңгеге берілген кредиттерді «ҚИБ» АҚ-ның ағымдағы қаржылық жағдайын өзінің түсінігі негізінде толық құнсызданды деп есептейді және активтерден ықтимал болашақ ақша ағындарын күтпейді.

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Холдинг қайта құрылымдалмаған, Шекті келісіммен өтелмеген «Bank RBK» АҚ-ға берілген қарыз теңгеріміне ие еді. 2017 жылдың ішінде Холдинг «Bank RBK» АҚ-ға берілген 11,620,429 мың теңгеден 7,012,493 мың теңге сомасына кредит бойынша құнсыздануды мойындады, бұл кредиттің жиынтық құнының 60.62% құрайды. Холдинг бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлемені қолдану арқылы ақшалай қаражаттың келешектегі ағыны есебімен құнсыздану үшін қорды бағалауды өткізіп жүр.

«Жекеше құнсызданған» деп жіктелетін, банк және қаржы институттарына берілген 1,809,010 мың теңге көлеміндегі қарыз қалдықтарына келсек, құнсыздану келешектегі ықтимал ақшалай қаражатқа байланысты басшылық болжалы негізінде мойындалмады. Көрсетілген қарыздар В- тан В+ қа дейінгі кредит рейтингісіне ие екінші деңгейдегі банктерге берілді .

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы
Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер – 2017 жылғы 31 желтоқсан

8 Банктердегі қаражат (жалғасы)

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Холдингінің шоттар мен депозиттер бойынша қалдықтары болмады, жиынтық сомасы капиталдың 10%-нан артығын құрайды (2016 жылдың 31 желтоқсаны: бір банк, шот пен депозит бойынша 154,706,699 мың теңгені құраған жиынтық сомасы немесе банктердегі қаражаттың жалпы сомасынан 20.82% құрады).

Банктердің берешегі қамсыздандырылмаған болып табылады.

Банктердің берешегінің әрбір түрінің есептік әділ құнын бағалауға қатысты толығырақ ақпарат 39-ескертпеде ұсынылған. Банктердегі қаражаттың пайыздық мөлшерлемелеріне жүргізілген талдау 35-ескертпеде ұсынылған. Байланысты тараптармен операциялар бойынша ақпарат 41-ескертпеде ұсынылған.

9 Клиенттерге берілген кредиттер

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	2017 жылғы 31 желтоқсан	2016 жылғы 31 желтоқсан
Корпоративтік кредиттер	1,697,763,792	1,568,177,230
Тікелей берілген ипотекалық кредиттер	470,172,336	337,428,244
Коммерциялық банктерден сатып алынған ипотекалық кредиттер	45,611,655	50,685,959
Шағын және орта бизнестің («ШОБ») кредиттері	12,107,880	2,427,354
Клиенттерге берілген кредиттер	2,225,655,663	1,958,718,787
Кредиттік қоржынның құнсыздануы үшін резерв шегеріле отырып	(185,262,100)	(146,761,788)
Клиенттерге берілген кредиттер жиыны	2,040,393,563	1,811,956,999

2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдың ішінде Холдинг екі коммерциялық банктен және бір ипотекалық ұйымнан ипотекалық кредиттерді сатып алды (2016 жылы: коммерциялық банктерден немесе ипотекалық ұйымдардан ипотекалық кредиттерді сатып алған жоқ). 2017 жылы сатып алынған кредиттер әділ құны бойынша жалпы сомасы 4,129,110 мың теңгеге танылды (2016 жылы: кредиттерді сатып алған жоқ).

2017 жылдың ішінде Холдингінің басшылығы бұдан әрі «Қаржылық жалға алу бойынша дебиторлық берешек» санатына жатқызылған сауда орталығының акцияларын сатып алуға және сатуға байланысты 2016 жылғы 28 желтоқсандағы № 07-279/1 шарт бойынша «Mega Plaza» ЖШС берешегінің сыныптамасын қайта қарады. Кредитті өтеу мерзімі – 2034 жылдың 28 мамыры; шарт бойынша тиімді пайыздық мөлшерлеме - 10.21%, ол сонымен қатар кредитті тану сәтіне нарықтық мөлшерлеме болып табылады. 2017 жылғы және 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, бұл кредиттің мерзімі өтпеген және құнсызданбаған болды; кредит бойынша қамсыздандыру ретінде нарықтық құны кредиттің теңгерімдік құнынан асатын жылжымайтын мүлік (Астана қаласындағы сауда орталығы) болды.

Төменде 2017 жылдың ішінде кредиттік қоржынның құнсыздануы үшін резервтің өзгеруіне жүргізілген талдау ұсынылған:

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	Корпоратив- тік кредиттер	Тікелей берілген ипотекалық кредиттер	Коммерциялы қ банктерден сатып алынған ипотекалық кредиттер	ШОБ кредиттері	Жиыны
2017 жылғы					
1 қаңтардағы кредиттік қоржынның құнсыздануы үшін резерв	139,710,457	1,300,677	3,382,402	2,368,252	146,761,788
Жылдың ішінде құнсыздану үшін резервті таза есептеу	30,866,121	730,599	(1,462)	6,480,636	38,075,894
Үмітсіз ретінде жылдың ішінде есептен шығарылған кредиттер	(3,226,956)	-	-	-	(3,226,956)
Бұрын есептен шығарылған сомаларды қалпына келтіру Банктерде және басқа қаржы институттарында шоттар және депозиттер құрамынан		7,488	-	-	7,488
аударым (8-ескертпе)	3,942,222	-	-	-	3,942,222
Қайта есептеген кездегі бағамдық айырмалар	340,213	-	-	-	340,213
Басқа да өзгерістер	(581,304)		(2,776)	(54,469)	(638,549)
2017 жылғы 31 желтоқсандағы кредиттік қоржынның құнсыздануы үшін резерв	171,050,753	2,038,764	3,378,164	8,794,419	185,262,100

9 Клиенттерге берілген кредиттер (жалғасы)

Төменде 2016 жылдың ішінде кредиттік қоржынның құнсыздануы үшін резервтің өзгеруіне жүргізілген талдау ұсынылған:

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	Корпоратив- тік кредиттер	Тікелей берілген ипотекалық кредиттер	Коммерциялы қ банктерден сатып алынған ипотекалық кредиттер	ШОБ кредиттері	Жиыны
2016 жылғы					
1 қаңтардағы кредиттік қоржынның құнсыздануы үшін резерв	167,096,276	1,708,014	3,346,228	2,587,294	174,737,812
Жылдың ішінде құнсыздану үшін резервті таза есептеу	14,460,299	(432,725)	38,273	(172,252)	13,893,595
Үмітсіз ретінде жылдың ішінде есептен шығарылған кредиттер	-	-	-	(46,790)	(46,790)
Бұрын есептен шығарылған сомаларды қалпына келтіру	-	25,388	-	-	25,388
Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтердің құрамына ауыстыру	(40,610,531)	-	-	-	(40,610,531)
Қайта есептеген кездегі бағамдық айырмалар	(806,456)	-	-	-	(806,456)
Басқа да өзгерістер	(429,131)	-	(2,099)	-	(431,230)
2016 жылғы					
31 желтоқсандағы кредиттік қоржынның құнсыздануы үшін резерв	139,710,457	1,300,677	3,382,402	2,368,252	146,761,788

Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтердің құрамына ауыстыру. 2016 жылдың ішінде Холдинг «Textiles.kz» АҚ-ға берілген қарыз бойынша кепілзаттық қамтамасыз ету ретінде ұсынылған мүлікті ұзақ мерзімді активтердің құрамына ауыстырды.

Төменде кредиттік қоржынның экономиканың салалары бойынша шоғырлануы ұсынылған:

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	2017 жылғы 31 желтоқсан		2016 жылғы 31 желтоқсан	
	Сума	%	Сума	%
Тау-кен өндіру, металлургия өнеркәсібі және минералдық ресурстар	583,635,121	26.22	548,772,452	28.02
Ипотекалық кредиттер	577,130,340	25.93	425,136,863	21.70
Мұнай-газ өнеркәсібі	575,130,782	25.84	539,889,051	27.56
Энергия және электр энергиясын тарату	94,295,316	4.24	84,748,132	4.33
Ауыл шаруашылығы	74,051,407	3.33	68,665,512	3.51
Химия өнеркәсібі	71,582,311	3.22	66,805,553	3.41
Телекоммуникация	59,277,457	2.66	86,297,205	4.41
Тасымалдау және қойма шаруашылығы	41,073,088	1.85	20,353,502	1.04
Машина жасау	37,101,610	1.67	23,541,913	1.20
Құрылыс	32,022,609	1.44	24,984,319	1.28
Тамақ өнеркәсібі	22,011,055	0.99	18,497,367	0.94
Целлюлоза-қағаз өнеркәсібі	10,714,118	0.48	10,714,118	0.55
Көтерме және бөлшек сауда	9,696,346	0.44	69,788	0.00
Тоқыма өндірісі	5,747,173	0.26	5,989,059	0.31
Тұру және тамақтану жөніндегі қызметтер	285,349	0.01	6,679,274	0.34
Басқалары	31,901,581	1.43	27,574,679	1.41
Клиенттерге берілген кредиттер жиыны (кредиттік қоржынның құнсыздануы үшін резерв шегерілгенге дейін)	2,225,655,663	100.00	1,958,718,787	100.00

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы
Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер – 2017 жылғы 31 желтоқсан

9 Клиенттерге берілген кредиттер (жалғасы)

Төменде 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша кредиттердің сапасына жүргізілген талдау келтіріледі:

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	Корпоративтік кредиттер	Тікелей берілген ипотекалық кредиттер	Коммерция-лық банктер-ден сатып алынған ипотекалық кредиттер	ШОБ кредиттері	Жиыны
<i>Мерзімі өтпеген және құнсызданбаған</i>					
- Бұрын құрылымдалмаған	1,215,601,911	455,353,341	30,661,187	812,073	1,702,428,512
- Құрылымдалған	152,081,302	453,023	487,975	-	153,022,300
Жиыны мерзімі өтпеген және құнсызданбаған	1,367,683,213	455,806,364	31,149,162	812,073	1,855,450,812
<i>Мерзімі өткен, бірақ құнсызданбаған</i>					
- төлемді 30 күннен аз мерзімге кешіктіре отырып	-	4,232,545	238,143	1,390	4,472,078
- төлемді 30 – 90 күн мерзімге кешіктіре отырып	-	964,533	54,575	225,744	1,244,852
- төлемді 91 – 180 күн мерзімге кешіктіре отырып	-	-	6,252	-	6,252
- төлемді 181 – 360 күн мерзімге кешіктіре отырып	-	1,757	-	-	1,757
Жиыны мерзімі өткен, бірақ құнсызданбаған	-	5,198,835	298,970	227,134	5,724,939
<i>Құнсызданған (жалпы сомасы)</i>					
- төлемді кешіктірмей	176,441,798	5,877,735	11,272,386	-	193,591,919
- төлемді 30 күннен аз мерзімге кешіктіре отырып	2,225,323	1,069,205	783,034	1,817,697	5,895,259
- төлемді 30 – 90 күн мерзімге кешіктіре отырып	13,538,043	203,988	496,539	414,998	14,653,568
- төлемді 91 – 180 күн мерзімге кешіктіре отырып	-	561,675	57,242	422,660	1,041,577
- төлемді 181 – 360 күн мерзімге кешіктіре отырып	20,249,177	256,650	55,250	5,381,789	25,942,866
- төлемді 360 күннен астам мерзімге кешіктіре отырып	117,626,238	1,197,884	1,499,072	3,031,529	123,354,723
Құнсызданған кредиттер жиыны (жалпы сомасы)	330,080,579	9,167,137	14,163,523	11,068,673	364,479,912
Құнсыздану үшін резерв шегеріле отырып	(171,050,753)	(2,038,764)	(3,378,164)	(8,794,419)	(185,262,100)
Клиенттерге берілген кредиттер жиыны	1,526,713,039	468,133,572	42,233,491	3,313,461	2,040,393,563

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы
Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер – 2017 жылғы 31 желтоқсан

9 Клиенттерге берілген кредиттер (жалғасы)

Төменде 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша кредиттердің сапасына жүргізілген талдау келтіріледі:

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	Корпора- тивтік кредиттер	Тікелей ипотекалық кредиттер	Коммерциялық банктерден сатып берілген ипотекалық кредиттер	ШОБ берілген қарыздар	Жиыны
<i>Мерзімі өтпеген және құнсызданбаған</i>					
- Бұрын құрылымдалмаған	1,134,594,216	321,927,568	33,476,508	29,433	1,490,027,725
- Құрылымдалған	238,725,146	535,420	425,777	-	239,686,343
Жиыны мерзімі өтпеген және құнсызданбаған	1,373,319,362	322,462,988	33,902,285	29,433	1,729,714,068
<i>Мерзімі өткен, бірақ құнсызданбаған</i>					
- төлемді 30 күннен аз мерзімге кешіктіре отырып	-	4,156,902	231,765	-	4,388,667
- төлемді 30 – 90 күн мерзімге кешіктіре отырып	-	805,434	57,775	-	863,209
- төлемді 91 – 180 күн мерзімге кешіктіре отырып	-	1,757	7,461	-	9,218
Жиыны мерзімі өткен, бірақ құнсызданбаған	-	4,964,093	297,001	-	5,261,094
<i>Құнсызданған (жалпы сомасы)</i>					
- төлемді кешіктірмей	53,139,031	7,314,608	13,500,927	-	73,954,566
- төлемді 30 күннен аз мерзімге кешіктіре отырып	20,284,339	403,772	1,173,393	-	21,861,504
- төлемді 30 – 90 күн мерзімге кешіктіре отырып	-	296,956	218,275	-	515,231
- төлемді 91 – 180 күн мерзімге кешіктіре отырып	-	593,662	63,076	-	656,738
- төлемді 181 – 360 күн мерзімге кешіктіре отырып	-	266,774	119,662	-	386,436
- төлемді 360 күннен астам мерзімге кешіктіре отырып	121,434,498	1,125,391	1,411,340	2,397,921	126,369,150
Құнсызданған кредиттер жиыны (жалпы сомасы)	194,857,868	10,001,163	16,486,673	2,397,921	223,743,625
Құнсыздану үшін резерв шегеріле отырып	(139,710,457)	(1,300,677)	(3,382,402)	(2,368,252)	(146,761,788)
Клиенттерге берілген кредиттер жиыны	1,428,466,773	336,127,567	47,303,557	59,102	1,811,956,999

9 Клиенттерге берілген кредиттер (жалғасы)

Несиелік қоржынның кредиттік сапасы. Холдинг «Қаржы құралдары: тану және бағалау» атты 39 ҚЕХС-те (IAS) көзделген қоржын бойынша резерв құру әдіснамасын пайдаланды және келтірілген, бірақ есепті кезеңнің аяғында соларға қатысты олардың нақты кредитпен байланысы сәйкестендірілмеген құнсызданудан болатын залалдарды жабуға резервті құрды. Холдингтің саясаты осы кредит құнсыздануының нақты объективті белгілері анықталған кезге дейін әрбір кредитті «мерзімі өтпеген және құнсызданбаған» ретінде сыныптауды көздейді. Осы саясат пен қоржынның құнсыздауын есептеу әдіснамасын қолдану нәтижесінде құнсыздану үшін резервтер жеке құнсызданған кредиттердің жалпы қорытынды сомасынан асып түсуі мүмкін.

Холдинг кредиттің құнсыздануы туралы мәселені қараған кезде назарға алатын негізгі факторлар оның мерзімі өткен мәртебесі мен кепілзаттық қамтамасыз етуді, ол болған жағдайда, өткізу мүмкіндігі болып табылады. Осының негізінде жоғарыда жеке тәртіппен құнсызданған ретінде айқындалған кредиттердің берешек мерзімдері бойынша талдау ұсынылған.

Мерзімі өткен, бірақ құнсызданбаған кредиттер, негізінен, қамтамасыз етілген кредиттерді қамтиды, олар бойынша қамтамасыз етудің әділ құны пайыздар мен негізгі соманың мерзімі өткен төлемдерін жабады. Мерзімі өткен, бірақ құнсызданбаған ретінде көрсетілген сомалар жеке төлемдердің мерзімі өткен сомаларын ғана емес, осындай кредиттер бойынша бүкіл қалдықты білдіреді.

Корпоративтік кредиттердің құнсыздануы үшін резерв. Холдинг корпоративтік кредиттердің құнсыздануы үшін резервтің мөлшерін құнсызданудың жеке белгілері бар кредиттер бойынша ақша қаржатының болашақ ағындарын талдау негізінде және олар бойынша құнсызданудың жеке белгілері болмаған кредиттердің қоржындары бойынша келтірілген іс жүзіндегі залалдардың өткендегі тәжірибесі негізінде бағалайды.

Корпоративтік кредиттердің құнсыздануы үшін резервтің мөлшерін айқындау кезінде басшылық мынадай долбарлар жасаған болатын:

- келтірілген іс жүзіндегі залалдардың ағымдағы шарттарды ескере отырып түзетілген жылдық тарихи деңгейі 1.15%-ға тең (2016 жылғы 31 желтоқсан: 1.42%);
- сату жағдайында, кепілдегі меншіктің бастапқы бағаланған құнының төмендеуі 20.00% – 70.00%-ды құрайды;
- қамтамасыз етуді өткізуден болатын түсімдерді алу кезіндегі іркіліс 12 – 36 айды құрайды.

Бұрын келтірілген бағалаулардың өзгерістері кредиттердің құнсыздануы үшін резервке ықпал етуі мүмкін. Мысалы, ақша қаражатының болжамданатын ағындарының ағымдағы кезге қатысты келтірілген таза құнының мөлшері плюс/минус бір пайызға өзгерген кезде 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша корпоративтік кредиттердің құнсыздануы үшін резервтің мөлшері 15,267,130 мың теңгеге (2016 жылғы 31 желтоқсан: 14,284,668 мың теңгеге) төмен/жоғары болар еді.

Ипотекалық кредиттердің құнсыздануы үшін резерв. Холдинг ипотекалық кредиттердің құнсыздануы үшін резервтің мөлшерін тәуекелдің көші-қоны негізінде қоржындық негізде кредиттердің құнсыздануын бағалауды пайдалана отырып бағалайды. Басшылық мұндай көзқарасты ипотекалық кредиттер үшін ең дәлме-дәл деп есептейді, себебі, залалдарды сәйкестендіру мерзімі қысқа болып табылады. Басшылық ипотекалық кредиттердің құнсыздануынан болатын залалдарды айқындау кезінде пайдаланатын елеулі долбарлар мыналарды қамтиды:

- 60 күннен астам мерзімі өткен, кері өтеп алу міндеттемесі бар ипотекалық кредиттерді Холдинг кез-келген уақытта олардың жалпы құны бойынша сата алады. Басшылық сатушыдан кері өтеп алуды талап ету құқығы бар контрагенттер жақсы беделі мен орнықты қаржылық жағдайы бар институттарды білдіреді деп есептейді;
- өзге ипотекалық кредиттер өткен жылдары Холдингте залалдар туындау тәжірибесіне негізделі отырып, құнсыздану тұрғысынан ұжымдық түрде бағалануға тиіс;
- залалдардың көші-қон деңгейі тұрақты болып табылады және соңғы 24 айда келтірілген іс жүзіндегі залалдар көші-қонының моделі негізінде айқындалуы мүмкін;
- қамтамасыз етуді өткізуден болатын түсім шамамен екі жылды құрауы мүмкін, олардың ішінде Холдинг пайыздық кіріс алмайды және кейбір жағдайларда, егер кепілге салынған мүлік соттың шешімі бойынша немесе басқа да тәсілдермен өткізілсе, кепілге салынған мүліктің құнына қатысты жол берілетін ауытқу бастапқы бағаланған құнның 65.00%-ынан бастап 80.00%-ына дейін жетуі мүмкін (2016 жылы: 68.00%-дан бастап 96.00%-ға дейін).

Жоғарыда келтірілген бағалаулардың өзгерістері кредиттердің құнсыздануы үшін резервтің мөлшеріне ықпал етуі мүмкін. Мысалы, ақша қаражатының болжамданатын ағындарының ағымдағы кезге қатысты келтірілген таза құнының мөлшері плюс/минус үш пайызға өзгерген кезде 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ипотекалық кредиттердің құнсыздануы үшін резервтің мөлшері 15,311,012 мың теңгеге (2016 жылғы 31 желтоқсан: 11,502,934 мың теңгеге) төмен/жоғары болар еді.

9 Клиенттерге берілген кредиттер (жалғасы)

Қамтамасыз етуді талдау. Корпоративтік кредиттер жеке негізде бағалауға және құнсыздану тұрғысынан тестілеуге жатады. Корпоративтік клиенттің жалпы кредит қабілеттілігі, әдетте, оған берілген қарыздың ең маңызды сапа индикаторы болады. Дегенмен, қамтамасыз ету қосымша кепілдіктерді білдіреді және Холдинг, әдетте, корпоративтік қарыз алушылардан оны ұсыну туралы сұрайды.

Бұдан әрі кестеде 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша корпоративтік кредиттер бойынша (құнсыздану үшін резерв шегеріле отырып), қамтамасыз етудің типтері бойынша кредитті қамтамасыз ету және оның сапасын арттырудың басқа да құралдары туралы ақпарат ұсынылған.

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	Корпоративтік кредиттердің теңгерімдік құны	Қамтамасыз етудің әділ құны – есепті күнгі жағдай бойынша бағаланған қамтамасыз ету үшін	Қамтамасыз етудің әділ құны – есепті кезең басталғанға дейін бағаланған қамтамасыз ету үшін
Мерзімі өтпеген және құнсызданбаған корпоративтік кредиттер			
Ақша қаражаттары және салымдар	2,455,276	2,455,276	-
Үкіметтің кепілдіктері	9,485,057	9,485,057	-
Заңды тұлғалардан алынған банк кепілдіктері мен кепілгерліктер	530,357,282	530,357,282	-
Көлік құралдары	1,171,218	118,386	1,052,832
Жылжымайтын мүлік	329,435,193	94,874,924	305,465,605
Жабдық	123,826,269	7,064,313	116,761,956
Акциялар, қатысу үлестері	103,495,091	5,823,510	97,671,581
Болашақта түсетін активтер	179,973,822	29,342,116	150,631,706
Бағалы қағаздар	75,577,140	75,577,140	-
Қазақстан Республикасының Үкіметінен алынған қарыздар	(1,074,449)	56,724	-	-	(1,017,725)
Өзге міндеттемелер	17,961,850	39,033,335	(4,170)	1,762,992	58,754,007
Өтеу мүмкіндігін бағалауға дейін кейінге қалдырылған таза салық активі/(міндеттеме)	(9,626,410)	(938,726)	(2,255,577)	1,763,430	(11,057,283)
Танылған кейінге қалдырылған салық активі	4,960,948	(147,303)	-	-	4,813,645
Танылған кейінге қалдырылған салық міндеттемесі	(26,032,406)	364,272	(2,255,577)	1,763,430	(26,160,281)
Кейінге қалдырылған таза салық активі (міндеттеме)	(21,071,458)	216,969	(2,255,577)	1,763,430	(21,346,636)

Холдингінің қолданыстағы құрылымын және қазақстандық салық заңнамасының ерекшеліктерін ескере отырып, Холдингінің бір кәсіпорындарының салықтық шығыстары мен ағымдағы салық активтері Холдингінің басқа кәсіпорындарының ағымдағы салық міндеттемелері мен салық салынатын кірісіне жатқызылмайды, және, демек, салықтар тіпті жиынтық салық шығысы болса да, есептелуі мүмкін. Сол себепті кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелері, тек егер олар салық салынуға жататын бір кәсіпорынға және бір ғана салықтық басқару органына жататын болса, өзара есепке жатқызылады.

Табыс салығы бойынша салық салынатын базаның мөлшерін азайтатын уақыт айырмашылықтарын пайдалану мерзімі Қазақстан Республикасының қолданыстағы салық заңнамасымен шектелмеген. Болашақ кезеңдерге ауыстырылған салық залалын пайдалану мерзімі 2019-2027 жылдары аяқталады.

35 Қаржылық тәуекелдерді басқару

Холдингінің тәуекелдерін басқару қаржылық, операциялық және заңдық тәуекелдерге қатысты жүзеге асырылады. Қаржылық тәуекел нарықтық тәуекелді (валюталық тәуекелден, проценттік ставка тәуекелінен және өзге баға тәуекелінен тұрады), несиелік тәуекелді және өтімділік тәуекелін қамтиды. Қаржылық тәуекелдерді басқарудың басты міндеті тәуекел лимиттерін анықтау және белгіленген лимиттердің сақталуын ері қарай қамтамасыз ету болып табылады. Операциялық және заңдық тәуекелдерді басқару операциялық және заңдық тәуекелдерді азайту мақсатында ішкі регламенттер мен рәсімдердің тиісінше сақталуын қамтамасыз етуге тиіс.

Холдингінің тәуекелдерді басқару жөніндегі ережелері мен рәсімдері. Холдингінің тәуекелдерді басқару жөніндегі саясаты Холдинг ұшырайтын тәуекелдерді анықтауға, талдауға және басқаруға, тәуекелдер лимиттерін және тиісті бақылауды белгілеуге, сондай-ақ тәуекелдер деңгейін және олардың орнатылған лимиттерге сәйкестігін үнемі бағалауға бағытталған. Еншілес кәсіпорындардың тәуекелдерін басқару жөніндегі саясат және рәсімдер нарық жағдайының өзгерістерін, ұсынылатын өнімдер мен қызметтердің және пайда болатын ең үздік тәжірибені көрсету мақсатында тұрақты негізде қайта қаралады. Холдингінің тәуекелдерді басқару саясаты 2013 жылдың қазан айында бекітілді.

Тәуекелдерді басқару бойынша саясаттың мақсаттары келесіден тұрады:

- Холдингі басқару элементі ретінде тәуекелдерді басқарудың интеграцияланған үдерісі мен тиімді кешендік жүйені құру және тәуекелдерді басқарудың әдістері мен рәсімдеріне қолданылатын бірегей стандартталған тәсіл негізінде Холдингінің қызметін тұрақты жетілдіру;
- ұстап тұрушы қабілетті анықтау және қабылданған тәуекелдерді тиімді басқаруды қамтамасыз ету ;
- тәуекелдерді уақытылы анықтау ;
- залалды барынша азайту және әлеуетті залалдың орнын толтыруға жұмсалған ағымдағы шығынды төмендету .

Тәуекелдерді басқару құрылымы. Холдингінің тәуекелдерін басқару құрылымы Холдингінің келесі органдары мен құрылымдық бөлімшелерінің қатысуымен бірнеше деңгейде тәуекелдерді басқарумен берілген: Директорлар кеңесі, Басқарма, Активтер мен пассивтерді басқару комитеті, Тәуекелдерді басқару департаменті, Ішкі аудит қызметі, алқалы органдар мен басқа құрылымдық бірліктер.

Директорлар кеңесі. Тәуекелдерді басқарудың бірінші деңгейі Холдингінің Директорлар кеңесімен берілген. Директорлар кеңесі тәуекелдерді басқару бойынша бақылау жүйесінің тиісті қызмет етуі үшін, басты тәуекелдерді және тәуекелдерді корпоративтік басқару жүйесін басқару үшін толық жауапты болады. Директорлар кеңесі Холдингінің қызметінің міндеттерін анықтайды және тәуекелдерді басқаруға қатысты құжаттарды бекітеді.

Басқарма. Тәуекелдерді басқарудың екінші деңгейі Холдингінің Басқармасымен берілген. Холдингінің Басқармасы корпоративтік саясаттың талаптарына сәйкес қамтамасыз ету мақсатында тәуекелдерді басқарудың тиімді жүйесін және тәуекелді бақылау құрылымын құрғаны үшін жауапты болады. Басқарма тәуекелдерді басқаруды және Холдингінің тәуекелдерін басқару философиясын көрсететін «тәуекелдерді саналы түсіну» мәдениетін құрғаны үшін жауапты болады. Басқарма сондай-ақ барлық қызметкердің тәуекелдерді басқаруға айқын нақты жауаптылығы болатын және өз міндеттерін тиісті түрде атқарғаны үшін жауапты болатын тәуекелдерді басқарудың тиімді жүйесін енгізгені үшін жауапты болады. Басқарма тиісті комитеттерді құру арқылы тәуекелдерді басқару саласында өз функцияларының бөлігін жүзеге асыруға уәкілетті.

Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитеті. Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитеті Холдинг Директорлар кеңесінің тұрақты әрекет ететін алқалы консультациялық органы болып табылады және Директорлар кеңесіне Холдингінің қаржы-шаруашылық қызметін бақылаудың тиімді жүйесін орнату (оның ішінде шоғырландырылған қаржы есебінің толықтығы мен дұрыстығын бақылау), ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйесінің сенімділігі мен тиімділігін қадағалау, сондай-ақ корпоративтік басқару саласындағы құжаттарды іске асыру, ішкі және сыртқы аудиттің тәуелсіздігін бақылау бойынша ұсынымдарды Директорлар кеңесіне дайындау арқылы Директорлар кеңесі жұмысының тиімділігі мен сапасы арттыру мақсатында құрылады.

Активтер мен пассивтерді басқару комитеті («АПБК»). АПБК Холдингінің Басқармаға есеп беретін және қызметін Басқарма белгілеген өкілеттіктер шегінде жүзеге асыратын, тұрақты қызмет ететін алқалы органы болып табылады. АПБК негізгі мақсаттары мынадай: Холдингінің активтері мен пассивтерін басқару саласында уақытылы және тиісті шешімдердің қабылдануын қамтамасыз ету, Холдингпен ынтымақтастық үшін еріптестерді тарту, қаржылық тұрақтылықтың жеткілікті деңгейін сақтап отыру; инвестициялық шешімдерді қабылдау кезінде Холдингінің кірісін арттыру және тәуекелдерін азайту.

35 Қаржылық тәуекелдерді басқару (жалғасы)

Тәуекелдерді басқару департаменті. Тәуекелдерді басқару процесінің үшінші деңгейін Тәуекелдерді басқару департаменті ұсынады. Тәуекелдерді басқару департаментінің мақсаттары тәуекелдерді жалпы басқаруды және қолданыстағы заңнаманың талаптарына сәйкестікті бақылауды, сондай-ақ қаржылық және қаржылық емес тәуекелдер бойынша есептілікті анықтау, бағалау, басқару және ұсынудың ортақ қағидалары мен әдістерінің іске асырылуын бақылауды қамтиды.

Ішкі аудит қызметі. Холдингінің Ішкі аудит қызметі тәуекелдерді басқару барысында тәуекелдерді басқару рәсімдеріне және тәуекелдерді бағалау әдістеріне аудитті жүргізеді және тәуекелдерді басқару рәсімдерінің тиімділігін арттыруға бағытталған ұсыныстарды әзірлейді. Ішкі аудит қызметі тәуекелдерді басқару жүйесі бойынша есептерді Холдингінің Директорлар кеңесіне ұсынады және бекітілген нормативтік құжаттарға сәйкес өзге функцияларды орындайды.

Құрылымдық бірліктер. Тәуекелдерді басқару құрылымында ең маңызды бөліктердің бірі әрбір қызметкер ұсынатын Холдингінің құрылымдық бірліктері болып табылады. Құрылымдық бірліктер (тәуекелдер иелері) тәуекелдерді басқару процесінде басты рөл атқарады. Холдинг қызметшілері күн сайын тәуекелдермен жұмыс жасайды, тәуекелдерді басқарады және тәуекелдердің өз қызмет саласына әлеуетті ықпалын бақылайды. Құрылымдық бірліктер тәуекелдерді басқару бойынша іс-әрекеттер жоспарын жүзеге асыру, өз қызмет саласындағы ірі тәуекелдерді уақытында анықтау мен хабардар ету және жұмыс жоспарына енгізілуі тиіс тәуекелдерді басқару жөнінде ұсыныстарды әзірлеу үшін жауап береді.

Несиелік тәуекел. Холдинг қаржы құралдарымен операцияларға қатысушы тараптың біреуі шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны салдарынан басқа тараптың қаржы шығыстарын тану себебі болуы мүмкін тәуекелі болып табылатын несиелік тәуекелге ұшырайды. Несиелік тәуекел Холдингінің және еншілес кәсіпорындарының контрагенттермен несиелік және өзге операциялар нәтижесінде туындайды, солардың салдарынан қаржылық активтер пайда болады.

Холдингінің несиелік тәуекелінің ең үлкен деңгейі қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте қаржы активтерінің баланстық құнында көрсетіледі. Несиені ұсыну бойынша кепілдіктер мен міндеттемелер үшін несиелік тәуекелдің ең үлкен деңгейі міндеттеме сомасына тең. Несиелік тәуекелді төмендету кепілдікті қамтамасыз ету және несиенің сапасын жақсартудың өзге шаралары есебінен іске асырылады.

Холдингінің еншілес кәсіпорындары еншілес кәсіпорынның өзінің және «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ қаржы активтері мен міндеттемелерін басқару регламентіне, сондай-ақ Холдингінің еншілес кәсіпорындарында несиелік тәуекелді реттейтін өзге ішкі нормативтік құжаттарға сүйене отырып, бір қарыз алушыға немесе байланысты қарыз алушылардың тобына лимитті қоса алғанда, контрагенттермен операцияларға лимитті белгілеп, несиелік тәуекелді бақылайды. Еншілес кәсіпорындардың басшылығы өнімдер және экономиканың салалары бойынша несиелік тәуекелдің лимиттерін үнемі бекітеді. Осындай тәуекелдердің мониторингі тұрақты түрде жүзеге асырылады, бұл ретте лимиттер жылына кемінде бір рет қайта қаралады.

Клиенттермен жұмыс істеу жөніндегі менеджерлерден түскен несиелік өтінімдер несиелік лимитті бекіту үшін еншілес кәсіпорынның тиісті Несиелік комитетіне беріледі. Сондай-ақ несиелік тәуекелді басқару кәсіпорындар мен жеке тұлғалардың кепілі мен кепілдігін алу арқылы іске асырылады. Несиелік тәуекелдің мониторингі мақсатында қызметшілер клиенттің қаржы көрсеткіштері мен бизнесін құрылымдық талдау негізінде тұрақты есептерді жасайды. Несие қабілеттілігі нашарлап бара жатқан клиенттерге қатысты елеулі тәуекелдер туралы бүкіл ақпарат оның хабарына дейін жеткізіледі және онымен талқыланады.

Холдингінің еншілес кәсіпорындары несиелерді өтеу мерзімдері бойынша талдауды және мерзімі өтіп кеткен қалдықтардың кейінгі бақылауын жүзеге асырады. Әрі қарай еншілес кәсіпорынның басшылығы берешек мерзімдері туралы деректерді және несиелік тәуекел туралы өзге ақпаратты тиісті еншілес кәсіпорынның директорлар кеңесіне және Холдинг басшылығына ұсынады.

Теңгерімнен тыс қаржы құралдары бойынша несиелік тәуекел осы қаржы құралымен операцияға басқа қатысушының шарт ережелерін орындай алмау қабілетіне байланысты шығыстар ықтималдығы сияқты анықталған. Холдингінің еншілес кәсіпорындары мәмілелерді бекіту, тәуекелді шектейтін лимиттерді пайдалану рәсімдеріне және мониторинг рәсімдеріне негізделген баланстық қаржы құралдарына қатысты сияқты шартты міндеттемелерге қатысты дәл сол несиелік саясаттарды қолданады.

Нарықтық тәуекел. Холдинг нарықта жалпы және ерекше өзгерістердің тәуекеліне ұшырайтын (а) валюталық, (б) проценттік және (в) үлестік құралдар бойынша ашық позициялармен байланысты нарықтық тәуекелге ұшырауы мүмкін. Холдинг басшылығы қабылданатын тәуекелдің деңгейіне қатысты лимиттерді белгілейді және ай сайынғы негізде олардың сақталуын бақылайды. Холдингінің еншілес кәсіпорындары Холдингінің белгілеген жалпы лимиттері негізінде жекелеген лимиттерді белгілейді және күнделікті негізде олардың сақталуына мониторингі жүргізеді. Алайда осы әдістің қолданылуы нарықта анағұрлым елеулі өзгерістер орын алған жағдайда белгіленген лимиттерден асып кететін шығыстардың құрылуына қарсы шыға алмайды.

Валюталық тәуекел. Холдинг басшылығы валюталар бөлінісінде және жалпы, әрбір күннің соңына қарай және бір күн шегінде қабылданатын тәуекелдің деңгейіне қатысты лимиттерлі белгілейді. Холдинг белгілеген лимиттер негізінде еншілес кәсіпорындар өздеріне қатысты лимиттерді белгілейді және күнделікті негізде олардың сақталуын бақылайды.

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы
Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер – 2017 жылғы 31 желтоқсан

35 Қаржылық тәуекелдерді басқару (жалғасы)

Валюталық тәуекел (жалғасы)

Төменде кестеде 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Холдингің валюталық тәуекелінің жалпы талдауы ұсынылған:

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	Қазақстан- дық теңге	АҚШ доллары	Еуро	Басқасы	Жиыны
АКТИВТЕР					
Ақшалай қаражат және олардың баламалары	481,587,468	186,289,149	3,911,010	310,639	672,098,266
Өзгерістері белгілі бір кезең үшін пайда не залал құрамында көрсетілетін, әділ құн бойынша бағаланатын қаржы құралдары	7,627,073	-	-	-	7,627,073
Банктердегі қаражат	407,757,944	71,235,706	-	1,164,741	480,158,391
Клиенттерге берілген несиелер	1,190,606,728	831,389,724	15,956,434	2,440,677	2,040,393,563
Сатуға арналған қолда бар инвестициялық бағалы қағаздар	396,640,117	164,549,974	-	247,610	561,437,701
Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек	230,652,747	-	-	-	230,652,747
Өзге қаржы активтері	22,306,404	6,402,855	2,535	-	28,711,793
Басқа қаржы активтері жиынтығы	2,737,178,481	1,259,867,408	19,869,979	4,163,667	4,021,079,534
МІНДЕТТЕМЕЛЕР					
Клиенттердің қаражаты	530,009,669	9,299,821	245	-	539,309,735
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	660,273,999	465,705,807	-	-	1,125,979,806
Субординарлық борыш	5,381,557	-	-	-	5,381,557
Банктерден және өзге қаржы институттарынан алынған қарыздар	89,489,958	890,152,084	15,235,505	15,311,092	1,010,188,639
ҚР Үкіметінен алынған қарыздар	179,651,932	377,467	-	-	180,029,399
Сақтандыру шарттары бойынша міндеттемелер	2,753,547	-	-	-	2,753,547
Өзге қаржы міндеттемелері	20,320,671	15,356,582	4,566,040	2,218	40,245,511
Монетарлық қаржы міндеттемелері жиынтығы	1,487,881,333	1,380,891,761	19,801,790	15,313,310	2,903,888,194
Туынды қаржы құралдарына дейінгі таза ұстаным	1,249,297,148	(121,024,353)	68,189	(11,149,643)	1,117,160,114
Туынды қаржы құралдары бойынша талаптар	-	180,254,422	-	-	180,254,422
Туынды қаржы құралдары бойынша міндеттемелер	(109,071,780)	-	-	-	(109,071,780)
Таза ұстаным жиынтығы	1,140,225,368	59,230,069	68,189	(11,149,643)	1,188,373,982

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы
Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер – 2017 жылғы 31 желтоқсан

35 Қаржылық тәуекелдерді басқару (жалғасы)

Валюталық тәуекел (жалғасы)

Төменде кестеде 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Холдингінің валюталық тәуекелінің жалпы талдауы ұсынылған

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	Қазақстан- дық теңге	АҚШ доллары	Еуро	Басқасы	Жиыны
АКТИВТЕР					
Ақшалай қаражат және олардың баламалары	375,586,674	68,456,597	5,289,790	2,179,038	451,512,099
Өзгерістері белгілі бір кезең үшін пайда не залал құрамында көрсетілетін, әділ құн бойынша бағаланатын қаржы құралдары	20,596,456	550,483	-	600,763	21,747,702
Банктердегі қаражат	595,769,990	146,808,657	468,954	-	743,047,601
Клиенттерге берілген несиелер	913,563,079	878,216,350	16,669,835	3,507,735	1,811,956,999
Сатуға арналған қолда бар инвестициялық бағалы қағаздар	303,699,888	228,320,627	-	220,427	532,240,942
Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек	119,034,423	-	-	-	119,034,423
Өзге қаржы активтері	15,825,501	5,688,346	2,230	-	21,516,077
Монетарлық қаржы активтері жиынтығы	2,344,076,011	1,328,041,060	22,430,809	6,507,963	3,701,055,843
МІНДЕТТЕМЕЛЕР					
Клиенттердің қаражаты	434,253,996	9,050,160	1,688,800	-	444,992,956
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	541,172,979	469,242,241	-	15,905,605	1,026,320,825
Субординарлық борыш	15,165,538	-	-	-	15,165,538
Банктерден және өзге қаржы институттарынан алынған қарыздар	86,553,631	995,228,185	16,027,014	3,647,727	1,101,456,557
ҚР Үкіметінен алынған қарыздар	103,245,775	378,557	-	-	103,624,332
Сақтандыру шарттары бойынша резервтер	1,536,207	-	-	-	1,536,207
Өзге қаржы міндеттемелері	41,622,028	19,382,822	4,001,019	62,910	65,068,779
Монетарлық қаржы міндеттемелері жиынтығы	1,223,550,154	1,493,281,965	21,716,833	19,616,242	2,758,165,194
Туынды қаржы құралдарына дейінгі таза ұстаным	1,120,525,857	(165,240,905)	713,976	(13,108,279)	942,890,649
Туынды қаржы құралдары бойынша талаптар	1,492,200	239,478,157	-	17,836,800	258,807,157
Туынды қаржы құралдары бойынша міндеттемелер	(157,590,892)	(25,361,319)	-	(2,257,098)	(185,209,309)
Жиынтығы: таза ұстаным	964,427,165	48,875,933	713,976	2,471,423	1,016,488,497

Жоғарыда ұсынылған туынды қаржы құралдары ақшалай қаржы активтері немесе ақшалай қаржы міндеттемелері болып табылады және есептік кезеңнің соңына қарай тиісті валютаның әділ құнын бейнелейді.

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы
Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер – 2017 жылғы 31 желтоқсан

35 Қаржылық тәуекелдерді басқару (жалғасы)

Валюталық тәуекел (жалғасы)

Төменде кестеде Холдингінің функционалдық валютасы үшін есептік кезеңнің соңында қолданылатын айырбастау бағамдарының ықтимал өзгерістері нәтижесінде кіріске ықпал ұсынылған, бұл ретте, барлық қалған ауыспалы сипаттамалар өзгермеген:

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	31 желтоқсан 2017 ж.	31 желтоқсан 2016 ж.
АҚШ долларының 20% нығаюы (2016: 20% нығаю)	9,476,811	7,820,149
АҚШ долларының 20% әлсіреуі (2016: 20% әлсіреу)	(9,476,811)	(7,820,149)
Еуроның 20% нығаюы (2016: 20% нығаю)	10,910	114,236
Еуроның 20% әлсіреуі (2016: 20% әлсіреу)	(10,910)	(114,236)
Өзге валюталардың 20% нығаюы (2016: 20% нығаю)	(1,783,943)	395,428
Өзге валюталардың 20% әлсіреуі (2016: 20% әлсіреу)	1,783,943	(395,428)

Жоғарыда келтірілген талдау тек ақшалай активтер мен міндеттемелерді ғана қамтиды. Холдинг үлестік құралдарға және ақшалай емес активтерге инвестициялар елеулі валюталық тәуекелдің пайда болуына әкеп соқпайды деп санайды. Тәуекел тек Холдингінің функционалдық валютасынан айрықша валюталардағы ақшалай қалдықтар үшін ғана есептелген.

Пайыздық мөлшерлемелердің өзгеру тәуекелі. Холдинг өзіне нарықтық проценттік ставкалар ауытқуларының өзінің қаржылық жағдайына және ақшалай қаражаттың ағымдарына ықпалымен байланысты тәуекелді қабылдайды. Осындай ауытқулар проценттік маржаның деңгейін арттыруы мүмкін, алайда проценттік ставкалар кенеттен өзгерген жағдайда проценттік маржа төмендеуі не шығыстардың пайда болуына әкелуі мүмкін. Еншілес кәсіпорындардың проценттік тәуекелін басқару жұмсалған қаражатты толық жабу қағидаларына негізделеді – түскен проценттік табыс қаражатты тарту және орналастыру бойынша шығындарды өтеп, таза кіріс пен бәсекеге қабілеттіліктің алынуын қамтамасыз етуге тиіс. Проценттік тәуекел бойынша есеп сыйақының проценттік ставкаларының өзгеруіне сезімтал, өтелу күніне (тіркелген ставкалар жағдайында) немесе кезекті қайта бағалауға дейін қалған уақытқа (құбылмалы ставкалар жағдайында) байланысты уақыт аралықтары бойынша экономикалық біртекті және маңызды баптарға топтастырылған активтердің, міндеттемелердің, баланстан тыс талаптар мен міндеттемелердің таратылуын білдіреді. Холдинг Басқармасы ескерілетін активтердің, міндеттемелердің, баланстан тыс талаптар мен міндеттемелердің баптарын және уақыт аралықтарын өзгерте алады.

Төменде кестеде Холдингінің проценттік тәуекелінің жалпы талдауы келтірілген. Сондай-ақ онда көрсетілген күннің қайсысы ертерек түсетініне байланысты шарттарға не өтелу мерзімдеріне сәйкес проценттік ставкаларды қайта қарау күндері бойынша бөлініп, баланстық құнымен Холдингінің қаржы активтері мен міндеттемелерінің жалпы сомалары берілген.

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	Талап еткенге дейін				Ақшалай емес	Пайызсыз	Барлығы
	және 1 айдан кем	1 айдан 6 айға дейін	6 айдан 12 айға дейін	1 жылдан артық			
31 желтоқсан 2017 жыл							
Қаржы активтері жиынтығы	923,925,283	450,178,310	224,050,579	2,316,814,314	67,912,027	177,977,057	4,160,857,570
Қаржы міндеттемелері жиынтығы	(368,317,146)	(186,355,784)	(75,247,744)	(2,233,677,373)	(5,306,749)	(34,983,398)	(2,903,888,194)
2017 жылғы 31 желтоқсанға проценттік ставкалар бойынша таза ауытқу	555,608,137	263,822,526	148,802,835	83,136,941	62,605,278	142,993,659	1,256,969,376
31 желтоқсан 2016 жыл							
Қаржы активтері жиынтығы	760,585,549	445,324,011	342,683,191	2,081,150,855	61,088,302	153,573,979	3,844,405,887
Қаржы міндеттемелері жиынтығы	(320,511,087)	(301,863,425)	(50,874,467)	(2,017,375,189)	-	(72,956,120)	(2,763,580,288)
2016 жылғы 31 желтоқсанға проценттік ставкалар бойынша таза ауытқу	440,074,462	143,460,586	291,808,724	63,775,666	61,088,302	80,617,859	1,080,825,599

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы
Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер – 2017 жылғы 31 желтоқсан

35 Қаржылық тәуекелдерді басқару (жалғасы)

Холдингінің барлық борыштық құралдары бойынша пайыздық мөлшерлемелерді қайта қарау тіркелген пайыздық мөлшерлемесі бар қаржы құралдарын қоспағанда, орташа есеппен 1 жылға дейінгі мерзімде жүргізіледі.

2017 жылғы 31 желтоқсандағы және 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша әрекет ететін міндеттемелер және пайыздық активтер бойынша қайта қаралған позицияларды және пайыздық мөлшерлемелерді көбейту не азайту жағына қарай 100 базистік тармаққа табыстылық ауытқымасының параллельді жылжуының жеңілдетілген сценарийі негізінде жасалған, кіріс не шығыстың және капиталдың (салықтарды шегере отырып) проценттік ставкалардың өзгеруіне (сыйақы ставкаларын қайта қарау тәуекелі) сезімталдығын талдау мынадай әдіспен ұсынылуы мүмкін:

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	2017 ж.	2016 ж.
100 базистік тармаққа параллельді көбейту (2016: 100 базистік тармақ)	6,052,262	4,770,465
100 базистік тармаққа параллельді азайту (2016: 100 базистік тармақ)	(6,052,262)	(4,770,465)

Холдинг қаржы құралдары бойынша проценттік ставкалардың мониторингін жүзеге асырады. Төменде кестеде Холдингінің басты жетекшілері талқылаған есептер негізінде тиісті есепті күнге қарай проценттік ставкалар ұсынылған. Бағалы қағаздарға қатысты, проценттік ставкалар есепті күні нарықта белгіленген бағаларға негізделген өтелуге табыстылықты білдіреді:

	2017 ж.			2016 ж.		
	Қазақстан- дық теңге	АҚШ доллары	Өзге	Қазақстан- дық теңге	АҚШ доллары	Өзге
Активы						
Активтер	8.54%	0.21%	4.01%	9.89%	0.18%	2.00%
Ақшалай қаражат және олардың баламалары	4.93%	-	-	4.16%	-	-
Өзгерістері белгілі бір кезең үшін пайда не залал құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздар	6.54%	5.58%	-	7.62%	4.89%	0.06%
Банктердегі қаражат	8.02%	6.08%	6.13%	7.53%	6.10%	6.21%
Клиенттерге берілген несиелер	5.81%	3.53%	5.38%	8.11%	4.11%	3.60%
Сатуға арналған қолда бар борыштық инвестициялық бағалы қағаздар	6.03%	-	-	4.51%	-	-
Міндеттемелер						
Клиенттердің қаражаты	1.99%	-	-	1.91%	-	-
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	9.49%	4.50%	-	10.10%	5.17%	5.78%
Субординарлық борыш	7.67%	-	-	9.08%	-	-
Банктерден және өзге қаржы институттарынан алынған қарыздар	4.63%	3.65%	1.74%	3.89%	4.67%	4.40%
Қазақстан Республикасының Үкіметінен алынған қарыздар	5.29%	-	-	0.72%	-	-

Холдинг қарыз алушыға несиені мерзімінен бұрын өтеу құқығын беретін ипотекалық несиелерді қоса алғанда, тіркелген не құбылмалы пайыздық мөлшерлемесі бар несиелерді ұсыну есебінен мерзімінен бұрын өтеу тәуекеліне ұшырайды. Ағымдағы есептік кезеңнің соңында Холдингінің қаржы нәтижесі мен капиталы мерзімінен бұрын өтеу кезіндегі мөлшерлемелердегі өзгерістерге айтарлықтай тәуелді болмайтын еді, себебі осындай несиелер амортизациялық баға бойынша көрсетіледі, ал мерзімінен бұрын өтеу сомасы клиенттерге несиелер мен аванстардың амортизациялық бағасына сәйкес келеді не дерлік сай келеді (2016 жылы: елеулі әсер болған жоқ).

35 Қаржылық тәуекелдерді басқару (жалғасы)

Өтімділік тәуекелі. Өтімділік тәуекелі – бұл Холдинг және оның жекелеген еншілес кәсіпорындары өздерінің міндеттемелерін орындау мақсатында ақшалай қаражатты тартуда қиындықтарға тап болу мүмкіндігінің тәуекелі. Өтімділік тәуекелі активтер мен міндеттемелерді өтеу мерзімдері бойынша сәйкессіздіктер болған жағдайда туындайды, бұл Холдингтің және оның еншілес кәсіпорындарының өзінің баланстық және баланстан тыс міндеттемелері бойынша уақытында жауап беру үшін қолайлы бағамен жеткілікті өтімді қаражаттармен жеке қамтамасыз етілуіне ықпал етеді. Активтер мен міндеттемелер бойынша өтеу мерзімдері мен проценттік ставкалардың үйлесуі және/немесе бақыланатын үйлеспейтін Холдингті қоса алғанда, қаржы институттарын басқаруда негіз қалаушы сәт болып табылады. Жүргізілетін операциялардың сан алуандығы және олармен байланысты тұрлаусыздық салдарынан активтер мен міндеттемелерді өтеу мерзімдері бойынша толық сәйкестік қаржы институттары үшін қарапайым тәжірибе болып табылмайды, бұл операциялардың табыстылығын көбейтуге мүмкіндік береді, алайда шығыстардың пайда болу тәуекелін арттырады.

Холдинг еншілес кәсіпорындарымен бірге өтеу мерзімдері түскен сайын барлық міндеттемелерді орындау үшін қажетті, ақшалай қаражаттың үнемі болуын қамтамасыз ету мақсатында өтімділікті басқаруды жүзеге асырады.

Холдинг өтімділік тәуекелін Директорлар кеңесі мен Басқарма бекіткен Холдингтің тәуекелдерді басқару саясаты, Холдингтің уақытша-бос ақшалай қаражатымен тәуекелдерді басқару қағидалары, Қаржы активтері мен міндеттемелерін басқару регламенті аясында басқарады. Құжаттар өтімділік шығындарының тәуекелін басқарудың негізгі процестері мен тәртібін айқындайды, сондай-ақ барлық міндеттемелерді жабуға Холдинг қаражатының жеткіліктігін қамтамасыз ету және өтімділік шығындарының тәуекелін тиімді басқару мақсатында осы процеске Холдингтің тартылған құрылымдық бөлімшелерінің функциялары мен өкілеттіктерін белгілейді.

Көрсетілген құжаттар аясында өтімділікті жоғалту тәуекелі мынадай құралдардың/аналитикалық есептердің көмегімен өлшенеді және бақыланады: өтімділіктің тұрақты және шарттық нормативтері; өтімді құралдардың ағымдағы қалдықтарын, өтімді құралдарының жоспарланатын ағымдарын/шығыуларын талдау; өтімділіктің ішкі коэффициенттері; өтімділік ауытқулары (гэп-анализ). Өтімді қаражаттың артық не аз болуын болдырмау үшін Холдингтің еншілес кәсіпорындарының активтері мен пассивтерін басқару комитеттері өтімді қаражатты тарту және пайдалану бойынша қызметті бақылайды.

Холдингтің еншілес кәсіпорындарының активтері мен пассивтерін басқару комитеттері еншілес кәсіпорындардың және Холдингтің өтімділік шығындарының тәуекелін азайту бойынша шараларды қабылдау үшін өтімділік тәуекелінің деңгейлеріне талдауды жүргізу арқылы өтімділік тәуекелін бақылайды. Ағымдағы өтімділікті басқаруды еншілес кәсіпорындардың қазынашылықтарының ағымдағы өтімділікті сақтау және ақшалай ағымдарды оңтайландыру үшін қаржы нарықтарында операцияларды жүргізетін департаменттері жүзеге асырады.

Холдингтің өтімділікті басқару жөніндегі рәсімдері мыналардан тұрады:

- негізгі валюталар бөлінісінде ақшалай ағымдарды болжау және осы ақшалай ағымдарға байланысты өтімді активтердің қажетті деңгейін есептеу;
- қаржыландыру көздерінің әртараптандырылған құрылымын қолдау;
- қарыз қаражатының шоғырлануын және құрылымын басқару;
- қаржыландыру бойынша жоспарларды әзірлеу;
- кассалық өтімділіктің ауытқуы жағдайында қорғау шарасы ретінде еркін жүзеге асыруға болатын жоғары өтімді активтердің портфеліне қызмет көрсету;
- өтімділікті және қаржыландырудың тапсырылған деңгейін сақтау бойынша резервтік жоспарларды әзірлеу;
- Холдинг өтімділігінің баланстық көрсеткіштерінің заңнамалық белгіленген нормативтерге сәйкестігіне бақылауды жүзеге асыру.

Еншілес кәсіпорындардың қазынашылықтары қаржы нарықтарында өтімділік бойынша позициялар мониторингін жүзеге асырады. Қалыпты нарықтық жағдайда Холдингтің жекелеген еншілес кәсіпорындарының өтімділік жағдайы туралы есептер Холдингтің жоғарғы басшылығына тұрақты негізде ұсынылады. Холдингтің өтімділігін басқару саясатына шешімдерді Холдинг Басқармасы және Активтер мен пассивтерді басқару комитеті қабылдайды.

Төменде келтірілген кесте өтелуге дейін қалған шарт мерзімдері бойынша 2017 және 2016 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша міндеттемелердің таратылуын көрсетеді. Кестедегі міндеттемелердің сомалары қаржылық жалдау бойынша міндеттемелердің ортақ сомасын (болашақ қаржы төлемдерін шегере отырып), алынған займдар бойынша міндеттемелердің ортақ сомасын, сондай-ақ қаржы кепілдіктерін қоса алғанда, келісімшарттық дисконтталмаған ақшалай ағымдарды білдіреді. Осы дисконтталмаған ақшалай ағымдар қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте көрсетілген сомалардан ерекшеленеді, себебі қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есептегі сомалар дисконтталған ақшалай ағымдарға негізделген. Қаржылық туынды құралдар, Холдинг өтелу мерзімге дейін туынды құралдар бойынша позицияның жабуын болжайтын жағдайларды қоспағанда, төленуге немесе алынуға келісімшарттық баға бойынша кестеге енгізілген. Осы жағдайда туынды құралдар күтілетін ақшалай ағымдар негізінде енгізілген. Өтелу мерзімдері бойынша талдау мақсаттары үшін енгізілген туынды қаржы құралдары гибридік (құрамдастырылған) қаржы құралдарынан бөлінбейді. Төленуге сома тіркелмеген болған жағдайда, кестедегі сома есептік кезеңнің соңында қолданылатын шарттарға негізделе отырып, анықталады. Валюталық төлемдер есептік кезеңнің соңында спот айырбастау бағамын пайдалана отырып, қайта есептеледі.

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы
Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер – 2017 жылғы 31 желтоқсан

35 Қаржылық тәуекелдерді басқару (жалғасы)

Төменде кестеде 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша өтелу мерзімдері бойынша қаржы міндеттемелерінің талдауы ұсынылған:

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	Талап еткенге дейін және 1 айдан кем	1 айдан 6 айға дейін	6 айдан 12 айға дейін	12 айдан 5 жылға дейін	5 жылдан артық	Барлығы
Міндеттемелер						
Клиенттердің қаражаты	102,298,937	30,390,552	33,109,193	246,742,214	155,004,302	567,545,198
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	1,723,209	28,653,121	37,723,330	847,875,284	1,152,465,908	2,068,440,852
Субординарлық борыш	-	-	5,743	-	115,301,542	115,307,285
Банктерден, өзге қаржы институттарынан және Қазақстан Республикасының Үкіметінен алынған қарыздар	38,128,691	21,307,369	77,978,042	833,266,459	547,949,483	1,518,630,044
Өзге қаржы міндеттемелері	15,804,368	10,783,405	8,775,357	7,615,074	20,854	42,999,058
Өзге туынды қаржы құралдары						
- туынды қаржы құралдары бойынша талаптар	-	(107,318,622)	-	(72,935,800)	-	(180,254,422)
- туынды қаржы құралдары бойынша міндеттемелер	-	60,000,000	-	49,071,780	-	109,071,780
Қаржы міндеттемелері бойынша әлеуетті болашақ төлемдер жиынтығы	157,955,205	43,815,825	157,591,665	1,911,635,011	1,970,742,089	4,241,739,795
Несиелерді ұсыну жөнінде кері қайтарылмайтын міндеттемелер	380,301,137	-	16,487,533	24,417,152	-	421,205,822
Кепілдіктер, аккредитивтер бойынша міндеттемелер және есеп айырысу операцияларымен байланысты өзге міндеттемелер	88,433,477	-	-	-	-	88,433,477
Инвестициялық сипаттағы шартты міндеттемелер	64,099,328	-	-	-	-	64,099,328
Инновациялық гранттарды үлестіру бойынша шартты міндеттемелер	12,262,174	-	-	-	-	12,262,174

Төменде кестеде 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша өтелу мерзімдері бойынша қаржы міндеттемелерінің талдауы ұсынылған:

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	Талап еткенге дейін және 1 айдан кем	1 айдан 6 айға дейін	6 айдан 12 айға дейін	12 айдан 5 жылға дейін	5 жылдан артық	Барлығы
Міндеттемелер						
Клиенттердің қаражаты	118,667,044	27,305,962	59,801,792	193,357,803	58,051,162	457,183,763
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	6,997,920	107,899,000	49,708,855	263,293,010	1,509,626,341	1,937,525,126
Субординарлық борыш	-	10,405,743	5,743	45,944	115,295,799	125,753,229
Банктерден, өзге қаржы институттарынан және Қазақстан Республикасының Үкіметінен алынған қарыздар	40,784,100	18,166,169	57,701,601	939,327,483	412,176,649	1,468,156,002
Өзге қаржы міндеттемелері	37,447,191	7,738,810	11,925,583	5,462,745	847,120	63,421,449
Өзге туынды қаржы құралдары						
- туынды қаржы құралдары бойынша талаптар	-	-	(17,836,800)	(240,970,357)	-	(258,807,157)
- туынды қаржы құралдары бойынша міндеттемелер	-	-	25,361,319	159,847,990	-	185,209,309
Қаржы міндеттемелері бойынша әлеуетті болашақ төлемдер жиынтығы	203,896,255	171,515,684	186,668,093	1,320,364,618	2,095,997,071	3,978,441,721
Несиелерді ұсыну жөнінде кері қайтарылмайтын міндеттемелер	126,696,989	31,881,638	29,441,620	-	-	187,770,247
Кепілдіктер, аккредитивтер бойынша міндеттемелер және есеп айырысу операцияларымен байланысты өзге міндеттемелер	90,499,184	-	-	-	-	90,499,184
Инвестициялық сипаттағы шартты міндеттемелер	49,771,751	-	-	-	-	49,771,751
Инновациялық гранттарды үлестіру бойынша шартты міндеттемелер	9,847,812	-	-	-	-	9,847,812

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы
Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер – 2017 жылғы 31 желтоқсан

35 Қаржылық тәуекелдерді басқару (жалғасы)

Жоғарыда келтірілген кестеге енгізілген несиелерді ұсыну бойынша келісімшарттық міндеттемелердің жалпы сомасы болашақта төленуі талап етілетін ақшалай қаражаттың сомасын міндетті түрде білдірмейді, себебі осы міндеттемелердің көбісі олардың қолданыс мерзімдері аяқталғанда талап етілмеген немесе тоқтатылған болып қалуы мүмкін.

Клиенттердің қаражаты өтелуге дейін қалған мерзімдер бойынша көрсетілген талдауда берілген. Алайда Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес салымшылардың кез-келген уақытта банктерден өздерінің шұғыл депозиттерін алу құқығы бар, бұл ретте көптеген жағдайларда олар есептелген проценттік табысты алу құқығынан айырылады. Осы депозиттер шарттарда көрсетілген оларды өтеу мерзімдеріне сүйене отырып, ұсынылған.

Бұл депозиттер шарттарда белгіленген оларды өтеу мерзімдеріне байланысты ұсынылған.

Холдинг басшылығының пайымдауына, активтер мен міндеттемелер бойынша орналастыру және өтеу мерзімдерінің және проценттік ставкалардың үйлесуі және/немесе бақыланатын үйлеспеуі Холдингті табысты басқару үшін негіз қалаушы фактор болып табылады.

Төмендегі кестеде 2017 және 2016 жылдардағы 31 желтоқсан бойынша қаржы жағдайы туралы шоғырландырылған есебінде көрсетілген сомалар талдауы ұсынылған (болжалды өтеу мерзімі тұрғысында).

	Талап өтуге дейін және 1 айдан кем	1 айдан 6 айға дейін	6 айдан 12 айға дейін	1 жылдан 5 жылға дейін	5 жылдан артық	Мерзімсіз өтеу	Барлығы
2017 жылғы 31 желтоқсан							
Активтер жиыны	732,234,127	220,093,814	414,688,980	954,206,341	1,984,384,077	126,948,006	4,432,555,345
Міндеттемелер жиыны	(140,922,939)	(50,644,461)	(133,312,744)	(1,270,117,685)	(1,785,707,012)	-	(3,380,704,841)
2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша таза позиция	591,311,188	169,449,353	281,376,236	(315,911,344)	198,677,065	126,948,006	1,051,850,504
2016 жылғы 31 желтоқсан							
Активтер жиыны	674,741,553	102,854,781	567,424,056	865,966,353	1,791,875,998	100,334,331	4,103,197,072
Міндеттемелер жиыны	(143,626,197)	(41,378,484)	(203,011,627)	(854,906,053)	(1,916,878,081)	-	(3,159,800,442)
2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша таза позиция	531,115,356	61,476,297	364,412,429	11,060,300	(125,002,083)	100,334,331	943,396,630

Капиталды басқару. Холдинг капиталын басқару - Холдинг үздіксіз қызмет ететін мекеме ретінде жұмыс істеу қабілеттілігін қамтамасыз ету мақсатында капиталдың жеткіліктілігінің талаптарын сақтау арқылы, шоғырландырылған қаржы есебі мониторингі негізінде, соның ішіне еншілес кәсіпорындардың есеп мониторингі және бақыланбалы компаниялардың Директорлар Кеңесі, Қаржылық бақылау комитеті, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі тарапынан оларға капиталдың жеткіліктілік нормативтері бойынша белгіленген бақылау талаптары негізінде іске асырылады.

Басқарма Төрағасы тексеріп, бұрыштама қоятын және Директорлар Кеңесі қарастыратын тиісті есептеулерден тұратын еншілес кәсіпорындарға қолданылатын капиталдың жеткіліктілік нормативтерін бақылау ай сайынғы есептер көмегімен іске асырылады.

Холдинг иелеріне тиесілі 1,051,158,691 мың теңгеге тең (2016 жылғы 31 желтоқсан: 942,573,947 мың теңге) таза активтерді Холдинг капитал ретінде қарастырады. Холдингтің капиталға регуляторлы талаптары жоқ.

2017 және 2016 жылдар ішінде Холдингтің еншілес кәсіпорындары бекітілген нормаларды арттыра отырып, капиталдың жеткіліктілігі бойынша барлық көрсеткіштерін ұстанды.

2017 және 2016 жылдар ішінде Холдингтің еншілес кәсіпорындары бекітілген нормаларды арттыра отырып, капиталдың жеткіліктілігі бойынша барлық көрсеткіштерін ұстанды.

36 Шартты міндеттемелер

Соттың істі қарауы. Ағымдағы қызмет барысында сот органдарына Холдинг және еншілес кәсіпорындарының атына арыздар түсуде. Холдинг басшылығы өзінің бағалауына және ішкі кәсіби консультанттардың ұсынымдарына негізделе соттың істі қарауы Холдинг тарапынан айтарлықтай шығындарды қажет етпейді деп санайды, сәйкесінше соттың істі қарауы бойынша шоғырландырылған қаржы есебінде аталған шығындарды жабу үшін резервті қалыптастырмады.

Салықтық шартты міндеттемелер. Қазақстан Республикасының жаңа салық жүйесі әдетте анық емес мазмұндалатын және қарама-қайшы заңнамалық нормалардың, ресми мәлімдемелердің, сот шешімдерінің жиі өзгерістерімен сипаталады, ҚЕХС сәйкес табыстар мен шығыстарды есепке алу тәртібі және шоғырландырылған қаржы есебінің басқа да бөлімдері жөніндегі пікірлерін қоса алғанда бұл өз кезегінде салық органдарының әртүрлі түсіндіруіне себеп болады. Салықтарды есептеу дұрыстығы, өкілеттіктеріне елеулі айыппұлдарды, тұрақсыздық айыптарын және пайыздарды салу кіретін органдардың тарапынан қарастыру және егжей-тегжейлі тексерістер мәні болып табылады. Салықтарды есептеу дұрыстығы бойынша бақылау және тексерумен қолмақты айыппұл салуға және пайыздарды төлетуге құқылы әр түрлі деңгейдегі реттеуші органдар айналысады. Дегенмен, белгілі бір жағдайлар кезінде салықтық жыл ұзағырақ уақыт кезеңі ішінде ашық болып қалуы мүмкін.

Аталған жағдайлар басқа елдердегі осындай тәуекелдерден айтарлықтай асып түсетін Қазақстан Республикасындағы ысалықтық тәуекелдерді құрайды. Холдинг басшылығы қолданылатын қазақстандық салық заңнамасын, нормативтік талаптарды және сот шешімдерін өзінің түсінуіне байланысты салық міндеттемелерін толықтай орындайды деп есептейді. Дегенмен бұл ережелердің тиісті органдармен түсіндірілуі басқа болуы мүмкін және егер өз позициясының заңдылығын дәлелдейтін болса, қазіргі шоғырландырылған қаржы есебіне айтарлықтай ықпал етуі мүмкін.

Операциялық жалдама бойынша міндеттемелер. Холдинг операциялық жалдамада бірнеше ғимараттарға және автокөліктерге ие. Негізінде жалдама бастапқы бір жыл мерзіміне және аталған мерзім аяқталғаннан кейін жалдаманы ұзарту мүмкіндігімен рәсімделеді. Әдетте нарықтағы жалдама жағдайларын қамтып көрсету үшін жалдама төлемдері жыл сайын көбейеді. Жалдама шартты жалдаманы қамтымайды.

Инвестициялық сипаттағы шартты міндеттемелер. Холдинг тура инвестициялар бойынша міндеттемелерді өз портфеліне иеленуде. Холдинг инвестицияларды менеджерлерге тиісті өнеркәсіп, елдер, кезеңдеріне секторларына бөлу арқылы инвестиция портфелін әртараптандырады. 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша инвестициялық сипаттағы келісімді шартты міндеттемелерді жалпы сомасы 64,099,328 мың теңгені құрайды (2016 жылғы 31 желтоқсан: 49,771,751 мың теңге). Тікелей инвестиция қорларының құрылтай шарттарына сәйкес менеджер төлем талабын ұсынғаннан кейін инвестициялық сипаттағы міндеттемелер сомасын төлемеген жағдайда Холдингке санкциялар, сыйақыны төлеу мерзімін ұзарту, кірісті үлестіруді тоқтату, қорлардың корпоративті басқаруға қатысуына уақытша бас тарту, Холдинг үлесін тең инвесторларға және үшінші тұлғаларға мәжбүрлі сатуы қолданылуы мүмкін. 2017 және 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Холдингтің мерзімі өткен инвестициялық сипаттағы шартты міндеттемелері жоқ.

Ерекше жағдайларды ұстану. Холдингтің еншілес кәсіпорындары негізінде қарыз қаражатымен байланысты белгілі ерекше жағдайларды ұстануы қажет. Аталған ерекше жағдайларды ұстанбау Холдингке кері әсерін тигізеді. 2017 жылғы 31 желтоқсандағы және 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Холдинг барлық жағдайларды ұстанды.

Келісімді міндеттемелер. 2017 және 2016 жылғы 31 желтоқсан бойынша «БД» АҚ-ның мүлікті «Тау Самал» тұрғын үйінің бірінші және екінші кезегі құрылысының үлескер қатысушыларына табыстау бойынша міндеттемелері бар. 2017 жылғы 31 желтоқсанда құрылыс аяқалғаннан кейін табыстауға тиісті мүлік 2 пәтерден тұрады (2016 жылғы 31 желтоқсанда: 2 пәтер және 5 көлікті қоятын орындар).

Сақтандыру. Қазақстан Республикасының сақтандыру қызметтер нарығы даму кезеңінде, сол себепті басқа елдерде қолданылатын сақтандыру арқылы қорғаудың көптеген түрлері әзірге Қазақстан Республикасында жоқ. Холдинг ғимараттар мен жабдықтарды, жұмысын уақытша тоқтату немесе жауапты үшінші тараптардың Холдингтің мүлігін қолдану немесе Холдинг қызметіне байланысты басқа жағдайлар нәтижесінде келтірілген мүліктік немесе экологиялық зиянға қатысты сақтандыруды толық көлемде орындамады. Холдингтің адекватты сақтандыру өтелімі болмағанша, белгілі активтердің жоғалуы немесе бүлінуі Холдингтің қызметіне және шоғырландырылған қаржы жағдайына айтарлықтай кері әсер тигізу қаупі бар.

36 Шартты міндеттемелер (жалғасы)

Кредиттік сипаттағы міндеттемелер. Осы құралдардың басты міндеті клиенттерге қаражатты қажет болған жағдайда ұсынуды қамтамасыз ету болып табылады. Клиент үшінші тараптар алдында міндеттемелерін орындамаған жағдайда төлемдерді іске асыру бойынша Холдингінің қайтарып алынбайын міндеттемелері болып табылатын кепілдіктер және кепілдеме аккредитивтеріне кредит тәуекелі тиесілі. Ескерілген сома шегінде клиенттер атынан төлемдерді жүзеге асыру бойынша Холдингінің жазбаша міндеттемелері болып табылатын құжаттамалық және тауар аккредитивтері белгілі бір жағдайларды орындаған жағдайда тиісті тауар жеткізілімімен немесе ақшалай депозиттермен қамтамасыз етіледі, және сәйкесінше тікелей кредиттеуге қарағанда төмен қауіп деңгейіне ие.

Кредиттерді ұсыну бойынша міндеттемелер ссуда, кепіл немесе аккредитивтер ретінде кредиттерді ұсыну үшін басшылықпен бекітілген соманың қолданылмаған бөлігінен тұрады. Холдинг кредиттерді ұсыну бойынша міндеттемелерге қатысы қолданылмаған міндеттемелердің жалпы сомасына тең сомасында залал келтіру қауіпіне ұшырауға әлеуетті. Дегенімен ықтимал залалдар сомасы қолданылмаған міндеттемелердің жалпы сомасынан кем, себебі кредиттерді ұсыну міндеттемелерінің үлкен бөлігі клиенттердің кредитті төлеу қабілеттілігі бойынша белгілі талаптарды сақтауына байланысты.

Холдинг Кредиттік сипаттағы міндеттемелерді өтеу мерзімін қадағалайды, себебі әдетте қысқа мерзімді міндеттемелерге қарағанда ұзақ мерзімді міндеттемелердің кредиттік қауіпі жоғары. Кредиттік сипаттағы міндеттемелер төмендегілерден құралады:

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	2017 жылғы 31 желтоқсан	2016 жылғы 31 желтоқсан
Кредиттерді ұсыну бойынша қайтарып алынбайтын немесе айтарлықтай теріс өзгерістерге жауап ретінде ғана қайтарылуы мүмкін міндеттемелер	27,820,946	27,866,698
Қолданылмаған қайтарып алынбайтын кредиттік желілер немесе айтарлықтай теріс өзгерістерге жауап ретінде ғана қайтарылуы мүмкін кредиттік желілер	393,384,876	159,903,549
Аккредитивтер	-	4,025,616
Берілген қаржы кепілдіктері	89,563,962	88,012,997
Инновациялық гранттарды үлестіру бойынша шартты міндеттемелер	12,262,174	9,847,812
Резервті есептемегендегі кредиттік сипаттағы міндеттемелер жиыны	523,031,958	289,656,672

Қолданылмаған кредиттік желілер, аккредитивтер және кепілдіктер бойынша қарыздардың жалпы сомасын шарттарға сәйкес алдағы қаржылай талаптарды ұсыну міндетті емес, себебі қолдану мерзімінің өтуі мүмкін немесе аталған міндеттемелер қарыз алушыға қаражат ұсынбай жойылуы мүмкін. 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша кредиттік сипаттағы міндеттемелердің әділ құны 14,897,674 мың теңге (2016 жылғы 31 желтоқсанда: 15,726,923 мың теңге). Кредиттік сипаттағы міндеттемелер теңгеде көрсетілген.

37 Қаржы активтері мен қаржы міндеттемелерін өзара есепке жазу

Холдинг Айырбас және туынды қаржы құралдары бойынша Халықаралық дилер ассоциациясының (ISDA) бас келісімі және қаржылық жағдайы туралы шоғырландырылған есепті өзара есепке алу үшін өлшеміне сай келмейтін өзара есепке алу бойынша ұқсас бас келісімдерге ие. Себебі олар тек дефолт, Холдингінің немесе оның контрагенттерінің төлем қабілетсіздігі немесе банкрот жағдайында ғана заңды түрде жарамды болып саналатын танылған сомаларды өзара есепке алу құқығын құрайды. Сонымен қатар Холдинг және оның контрагенттері өзара есепке алу немесе активтерді іске асыру және міндеттемелерді бір уақытта орындау арқылы реттеуді көздемейді.

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы
Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер – 2017 жылғы 31 желтоқсан

37 Қаржы активтері мен қаржы міндеттемелерін өзара есепке жазу (жалғасы)

Төмендегі кестеде өзара есепке алуы туралы заңды бас келісімдердің және 2017 жылғы 31 желтоқсан бойынша ұқсас келісімдердің құралы болып табылатын қаржы активтері мен қаржы міндеттемелері көрсетілген:

	Қаржылық жағдайы туралы шоғырландырылған есепте көрсетілген өзара есепке алуды орындауға дейінгі жалпы сома	Қаржылық жағдайы туралы шоғырландырылған есепте көрсетілген өзара есепке алудың жалпы сомасы	Қаржылық жағдайы туралы шоғырландырылған есепте көрсетілген өзара есепке алуды орындағаннан кейінгі таза сомасы	Өзара есепке алу туралы Бас келісімнің немесе Қаржылық жағдайы туралы шоғырландырылған есепте көрсетілген ұқсас келісімдердің қолданысына түсетін сомалары		
				Қаржы құралдары	Алынған ақшаның қамтамасыз етілуі	Тәуекелдің таза сомасы
(мың қазақстандық теңгемен)	(a)	(b)	(c) = (a) - (b)	(d)	(f)	(c) - (d) + (f)
АКТИВТЕР						
Ақшалай қаражаттар және олардың эквиваленттері						
